


26.89.27  
И 83



А. И. ИСАЕВА

# ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУ


И 83

ГОЖ 408 (023.8)  
КЕЖ 28 89 в 73  
И 83

А. И. Исаева

# ТАРИХИ ӨЛЖЕТАНУ

*Оқу құралы*



ӘОЖ 908 (075.8)

КБЖ 26. 89 я 73

И 83

*Баспаға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті әлеуметтік-гуманитарлық факультетінің Ғылыми кеңесі және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Редакциялық-баспа кеңесі (№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл); әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің атындағы ҚР БЖҒМ-нің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары мамандықтары Секция мәжілісі шешімімен ұсынылған (№1 хаттама 7 қазан 2015 жыл)*

**Пікір жазғандар:**

тарих ғылымдарының докторы, профессор **С.Ә. Смагулова**  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **Д. Қатран**

**Жауапты редактор**

тарих ғылымдарының докторы, профессор **А.Б. Қалыш**

**Исаева А.И.**

И 83 Тарихи өлкетану: оқу құралы / А.И. Исаева; жауапты ред. А.Б. Қалыш. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 246 б.

ISBN 978-601-04-1556-0

Оқу құралында тарихи өлкетанудың пән ретіндегі мазмұны, қалыптасуы мен дамуы, бүгінгі жағдайы, қазақтың ұлттық тарихын зерттеудегі орны баяндалған. Сондай-ақ тарихи өлкетану пәнінен оқуға қажетті әдебиеттер тізімі, негізгі термин сөздерінің түсініктері, реферат тақырыптары, студенттердің біліктілігін тексеруге арналған тест тапсырмалары берілген.

Оқу құралы жоғары оқу орнында тарих факультетінің «Тарих», «Археология және этнология», «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандықтарында оқитын студенттерге арналған.

Қызылорда Мемлекеттік  
университеті  
КІТАПХАНА

ӘОЖ 908 (075.8)

КБЖ 26. 89 я 73

© Исаева А.И., 2016

© «Қазақ университеті» баспа үйі, 2016

ISBN 978-601-04-1556-0

675677

Тіркеу

## КІРІСПЕ

XXI ғасыр жаңарған, дамыған реформалар ғасыры болып тарих сахнасына енуде. Сондықтан оқу-ағарту, ғылым саласында жана реформалар жасалуда. Әр елдің ұлттық салт-дәстүрі терең зерттеліп, соны игеруге мол мүмкіндік туды. Қазақстан Республикасы әлем таныған ел болды. Қазіргі жастарға зор міндеттер жүктелді, білімді ұрпақ қажеттілігі туындады. Қазақ халқының көне тарихын, мол мұрасын оқып үйрену жана буын оқулықтарында көрсетілген. Дегенмен қазіргі тарих оқулықтарында жергілікті өлкеміздің тарихы аз жазылған, толық зерттелмеген мәліметтер көп. Сондықтан студенттерге болашақта мектепте сабақтан тыс уақытта өлке тарихын оқуға мән берулері қажет.

Қазақстан жоғары мектебінің алдына қойылған міндеттерді орындаудың маңызды жолдарының бірі тарихи өлкетану болып табылады. Өлкетану деп белгілі бір аймақты жан-жақты зерттеп тану ісін айтамыз. Әдетте ондай зерттеуге өлкенің әлеуметтік-экономикалық, саяси, тарихи және мәдени дамуы, сондай-ақ оның табиғи сипаты нысан болады. Өлкетану – мазмұны мен жекелеген зерттеу әдістері бойынша бір-бірінен ерекшеленетін, бірақ бір тақырыптық жиынтықты құрай отырып, өлкені ғылыми тұрғыдан жан-жақты тануға мүмкіндік беретін ғылыми пәндер кешені.

Тарих мамандығында оқитын бакалавриат студенттеріне туған өлке тарихы бойынша нақты білім беру қажет. Оқу-тәрбиелік міндеттермен қатар тарихи өлкетану қоғам мүддесіндегі міндеттерді де шешеді әрі студенттердің бойында қоғамдық пайдалы

істерге деген дағдыларды қалыптастырып, тарихи жәдігерлерді қорғауға ынталандырады.

Болашақ тарихшы маман белгілі бір ғылыми принциптерге негізделген тарихи өлкетану бойынша негізгі тақырыптық мәселелерді білуі, сондай-ақ жоғары оқу орнында оқытылатын тарих курсы мен туған өлкені зерттеп тану барысында алған білімдері мен дағдылары арасындағы байланыстарды бақылап, айқындай алуы, өлкенің тарих және мәдени ескерткіштерін өз бетімен ғылыми зерттеу тұрғысынан тану жұмыстары дағдыларын меңгеруі қажет. Географиялық ортадағы орындарын белгілей білу, ауданның белгілі бір бөлігінің қоныстану тарихы, сол ауданның топонимикасы туралы түсініктерді меңгеру, жекелеген аудан немесе облысқа сипат дарытатын ерекшеліктерді ажыратып, айқындай білу әдістемесін меңгеріп практикалық жұмыс барысында қолданылуы студенттің өлкетану бойынша білімін құрайды.

Өлкетану жұмыстары студенттердің өлке тарихы, табиғаты, олардың өзара байланыс заңдылықтары туралы түсініктерін қалыптастыруға көмектесіп, өмірге деген қызығушылықтарын арттырады. Өлкетану материалдары жергілікті материалдар негізінде жалпы ұлттық тарих құбылыстары мен оқиғаларын қайта қалпына келтіріп, оқып білуге мүмкіндік береді. Ол туған өлке тарихын, оның маңызын, даму заңдылықтарын, жергілікті жердің халқы мен шаруашылық түрлерін және олардың байланыстарын ұғынуға көмектеседі. Оқу-тәрбие үдерісінде этнология, археология, музейтану жетістіктерін өлкетану жұмысында пайдалану арқылы студенттер тек нақты білім мен ұғымды меңгеріп қана қоймай, дүниенің біртұтастығы мен әртүрлілігін, дамудың үздіксіздігін, дүниенің нақты заттар мен құбылыстардан тұратындығын таниды, соның негізінде олардың тарихи дүниетанымдық көзқарастары кеңейеді.

Болашақ тарихшы мамандардың өлкетану бойынша білім жүйесін қалыптастыра отырып, жаңа заманның көкірегі ояу, ұлттық сана-сезімі жоғары саналы азаматын тәрбиелеу ұзақ әрі күрделі үдеріс болып табылады. Сондықтан бұл мәселе бүгінгі таңда өткір қойылып, өз шешімін табуы қажет етіп отыр.

## I ТАРАУ

### ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУ ПӘНІ, МІНДЕТТЕРІ, НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

**Дәріс мақсаты:** тарихи өлкетану жөнінде түсінік қалыптастыру, оның мақсаты және міндеттерімен танысу, оқу үдерісіндегі рөлін анықтау.

**Негізгі түсініктер:** тарих, өлкетану, әдістер, деректер, дифференция, микротарих.

**Негізгі мәселелер:**

1. Тарихи өлкетану нысаны, пәні, міндеттері, мақсаттары мен негізгі ұстанымдары.
2. Зерттеудің негізгі формасы мен әдістері.
3. Тарихи өлкетану деректері.
4. Ұйымдастыру формасы бойынша өлкетану дифференциясы.
5. Микротарихи талдау әдісі – өлкетанудағы жанаша ғылыми зерттеу әдісі.

#### 1.1. Тарихи өлкетану нысаны, пәні, міндеттері, мақсаттары мен негізгі ұстанымдары

Тарихи өлкетану жалпы өлкетанудың бір саласы ретінде өзіндік тарихи пән болып табылады. Ол сондықтан тарихи оқиғаларды жекешелей қарайды және өзіндік жеке сала болып табылады.

Жергілікті материалдар негізінде тарихи өлкетанудың тәрбиелік маңызы бар. Басты тәрбиелік дерек және оның механизмі ретінде жергілікті дәстүр саналады. Яғни ол әртүрлі себеппен зерттеушінің қызығушылығын туғызады. Өлкенің тарихы өте күрделі өлкетанушылық жұмысты талап етеді. Өлкетануды зерттеудің негізі – жергілікті жердің тарихы. Зерттеу нысандары: ауылдың, қаланың, ауданның, облыстың, республиканың әлеуметтік эконо-

микалық, саяси, тарихи, мәдени, сонымен қатар олардың табиғи ерекшеліктерінің дамуы болып табылады.

Өлкетанудың негізгі анықтамасы әр елдің өзіндік жеке тарихы саналады. А.С. Барковтың берген ғылыми анықтамасы бойынша, «Өлкетану – бұл бірнеше ғылымның кешенді жиынтығы. Ол әртүрлі әдістері мен мазмұнына қарамастан өлкенің тарихын жан-жақты қарастыруға бағытталады».

Қазақстан Республикасы тарихи сана қалыптасуын тұжырымдамасында: «Тарихи ағарту және тәрбиелеу жастарды өз халқының рухани әлеміне баулуға, оның мәдениетінің, тарихының тамырларын үйретуге, халық поэзиясын, музыкасын, бейнелеу өнерін түсінуге ықпал етеді. Осы мақсаттарға орай, өлкетану жұмысын жаңғырту, тарих, мәдениет және табиғат ескерткіштерін қорғауды күшейту керек», – делінген.

Қазіргі уақыт үлгісінің бірі – ұлттық және жалпы адамзаттық терең туыстық сезім арқылы өтіп жатқан, өзін-өзі анықтау мен ұлттық жаңғыру үдерістері. Ұлттық тарихты бізге білу қажет, себебі онда жаңа қоғам құрылысшыларының қасиетті күш-қуаты, патриотизм, бабалар ісіне деген мақтаныш сезімі жинақталған.

Өлкетанудың көрнекті өкілдері ойларының шығармашылық мұрасын зерттеу, отандық мектептің өзгешелігін анықтау, тарих ғылымы бос сөздерден біртіндеп айырылып келе жатқан кезде тарихи шындықты орнату, ұмыт қалған есімдерді қайтару қажет.

Өлкетану әлеуметтік-мәдени тәжірибенің көптеген саласында маңызды орын алады. Тарихи-мәдени мұраны сақтау мен зерттеу, мемлекеттік мұрағат, музей қорларын жинақтау, халықтың тарихи сезімін қалыптастыру көп жағдайда соған байланысты.

Бүгінге дейін қазақстандық өлкетану әдебиеттерінде көрініс таппаған, отандық музейтану және өлкетану ойларын зерттеу тарихи мәселелер болып табылады. Оның үстіне көрнекті ғалымдардың Қазақстанды зерттеуге қосқан үлесін талдау қажеттілігі баяғыдан бері жетілдірілген.

Мұндай шараларсыз кейбір маңызды мәселелерді анықтау, ғылыми зерттеулердің болашақ бағыттарын белгілеу және қазіргі өлкетану саласында өңдеу жұмысын жүргізу мүмкін емес.

## 1.2. Зерттеудің негізгі формалары мен әдістері

Әдіс – зерттеуді мазмұндау тәсілі, жолы және тарихи өлкетанудың түрлі салаларының меңгеру амалдарының жиыны ретінде өте маңызды. Ол әр саланы меңгеруге қойылған міндеттерге байланысты әртүрлі болып келеді. Ал міндеттер меңгеру пәніне байланысты анықталады. Әдіс табиғат, қоғам және ойлаудың құбылыстары мен заңдылықтарын меңгеруге бағытталған ережелер мен тәсілдер жүйесі ретінде де көрініс табады. Белгілі бір нәрсені орындау әдістерінің жиынтығы әдіснаманы құрайды.

Классификациалау (сыныптау) кешенді өңдеу әдісін қайта өңдеу, деректерді зерттеу мен қолдану, табу тәсілдерін анықтау бүгінде өте өзекті мәселенің бірі болып отыр. Тарихты зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, арнайы маманданған археология және этнология кафедралары бар республикалық алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Е. Бөкетов атындағы ҚазМУ, Х.А. Яссауи атындағы ХҚТУ, С. Торайғыров атындағы ПМУ, т.б.) ұйымдастыруымен жүргізілген тарихи-археологиялық, этнографиялық, тарихи-тұрмыстық, экспедициялары нәтижесінде жиналған мол материал өлкетануда маңызды рөл атқарады. Экспедициядан жиналған заттай материалдар, ереже бойынша, облыстық өлкелік музейлердің қорлары мен экспозицияларына жіберіледі.

Өлкетану тарихпен, археологиямен, этнографиямен, демографиямен, қосалқы тарихи пәндермен байланысты. Сондықтан өлкетанумен айналысу ғылыми зерттеу жұмысына жағдай жасайды. Зерттеуші өлкетанушылардың қоғамдық өмір және жаратылыстану тарапынан да қоршаған ортаға, құбылыстарға, дәлелдерге қызығушылық танытуы осы мәселе бойынша болмыстардың пайда болуына алып келді. Оларға біз мерзімдік басылымдарды жатқызамыз.

Тарихи өлкетану жалпы өлкетанудың бір саласы ретінде өзіндік тарихи пән болып табылады. Ол сондықтан екі ерекшелікке ие:

- 1) тарихи оқиғаларды жекешелей қарайды;
- 2) өзіндік жеке сала болып табылады.

Сондықтан тарихи өлкетану саласындағы танушылық, қайта қараушылық, бағалы бағыттылық, коммуникативтік сияқты әртүрлі бағыт бойынша бөлінеді.

Тарихи өлкетану қоғамдық ой-пікірді ерекше қанағаттандыра және қалыптастыра алатын сала болып табылады. Жергілікті материалдар негізінде тарихи өлкетанудың тәрбиелік маңызы бар. Басты тәрбиелік және оның механизмі жергілікті дәстүр болып табылады. Яғни ол әртүрлі себептер мен зерттеулердің қызығушылығын туғызады. Өлкенің тарихы бұл күрделі өлкетанушылық жұмысты талап етеді. Өлкетанудың зерттеу негізіне жергілікті жердің тарихы жатады.

Өлкетану – мазмұны мен жекелеген зерттеу әдістері бойынша бір-бірінен ерекшеленетін, бірақ бір тақырыптық жиынтықты құрай отырып, өлкені ғылыми тұрғыдан жан-жақты тануға мүмкіндік беретін (жол ашатын) бірнеше ғылыми пән кешені.

Салалық өлкетану (тарихи, этнографиялық, топонимиялық және т.б.), табиғи және әлеуметтік құбылыстардың өзара байланысын зерттейтін кешендік географиялық өлкетану болып бөлінеді. Өлкетанудың негізгі әдісіне аумақ туралы ақпаратты, табиғи үлгілерді (геологиялық, топырақ, биологиялық, зоологиялық), материалдық мәдениет заттарын және т.б. деректерді жинау және жүйелеу кіреді.

### 1.3. Тарихи өлкетану деректері

Тарихи дерек ұғымы адамдардың іс-әрекетімен байланысы бар және адамзат қоғамының тарихын көрсететін өткен заманның барлық қалдықтары мағынасында түсіндіріледі. Ескерткіштер мен адам әрекетінің іздері бүгінгі таңға дейін: заттай-археологиялық (еңбек құралдары, қару, тұрмыстық заттар және архитектуралық құрылыс-

тардың қалдықтары), лингвистикалық (тіл), этнографиялық (дәстүрлер, әдет-ғұрыптар), ауызша (фольклор), т.б. деректер түрінде жетті.

Жазудың пайда болуы және дамуымен байланысты жазба деректер дүниеге келді. Өткен заманның жазба ескерткіштерін жинау, сипаттау және басып шығару өте маңызды саналады. Қолжазбаларда: қолжазба атауы (авторлық шығармаларда автордың аты), нақтылық мүмкіндігіне сай қолжазба мерзімі (жыл, жылдар, ғасыр, жарты ғасыр) және бағалы қағаздарға салынатын ерекше белгілер (филигрань), сақталу орны (кітапхана, мұрағат, музей, т.б.), шифр, өлшемі, бет саны, олардың сақталу сапасы, хат материалы (пергамент, қағаз), хат типі (устав, жартылай устав, шапшаң жазба) сияқты мәліметтер келтірілген.

Кейде бұлардың қырналып немесе жуылып кеткен мәтіні ерекше болып келеді. Түптеу кезінде оның шамамен қашан жасалғаны (ежелгі, кейінгі), материалы мен дайындалуы көрсетіледі. Оның миниатюраларының (саны), кітап басындағы өрнектерінің, стильдік ерекшелігіне сай инициалдарының болуы ескеріледі. Республикамыздың өлкетануына қатысты таяу және алыс шетелдердің территорияларындағы ежелгі және орта ғасырдағы жазбаларды іздестіру тарихи ғылым үшін өзекті мәселе болып тұр. Негізгі дерек ретінде «өлкенің библиографиясы», «баспа деректері», «статистикалық мәліметтер», «тарихи ескерткіштер» және т.б. табылады.

Деректер әртүрлі материалдық, жазба, ауызша болып келгендіктен, өлкетанушының алдына не іздеу керек, қалай іздеу керек, қалай қағазға түсіру керек сияқты міндеттер қойылады.

Өлкетану жұмыс ұйымдастыру мәселесі бойынша мемлекеттік, қоғамдық және мектептік болып бөлінеді. Өлкетанудың негізі қажеттілік және білуге құштарлық болып табылады. Өлкетану негізі тарихи зерттеумен байланысты. Өлкетанудың бастаулары халықтық өлкетануға қатысты қалыптасқан. Оған өлкенің білгірлері жатады. Мысалы, өлкенің алғашқы деректері ауызша тарихи деректермен тікелей байланысты келеді.

Археология сияқты белгілі бір ғылыми принциптерге негізделген тарихи өлкетану бойынша негізгі тақырыптық мәселелерді білуі, сондай-ақ жоғары оқу орнында оқытылатын тарих курсы мен туған

өлкені зерттеп тану барысында алған білімдері мен дағдылары арасындағы байланыстарды бақылап, айқындай алуы қажет. Сол сияқты өлкенің тарихи және мәдени ескерткіштерін өз бетімен ғылыми зерттеу тұрғысынан тану жұмыстары дағдыларын, географиялық ортадағы орындарын белгілей білу, ауданның белгілі бір бөлігін, қоныстану тарихын, сол ауданның топонимикасы туралы түсініктерді ұғыну, жекелеген аудан немесе облысқа сипат дарытатын ерекшеліктерді ажыратып, айқындау әдістемесін меңгеріп, практикалық жұмыс барысында қолдана білу өлкетану бойынша білімді құрайды.

Тарихи өлкетанудағы этнографиялық деректер мен материалдар, Қазақстандағы өлкетанулық жұмыстар, музейлер, мұрағаттар мен ескерткіштерді қорғау қоғамының атқаратын рөлдері, қазіргі кездегі тарихи өлкетану өзгешелігін қарастырады. Қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасы болып табылатын тарихи ескерткіштер, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып тарихы оқытылады.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы таңғажайып құбылыс – қазақстандық өлкетанудың дүниеге келуі. Ең маңыздысы, ол ең басында ұжымдық шығармашылық ретінде қалыптасты. Өлкетануды XIX ғасырдың ортасында Сібір және солтүстік-шығыс Қазақстанда тек ғылыми саяхатшылар мен ғылыми экспедициялық қатысушылар ғана оқыды. Бірақ бұл жергілікті тұрғындардың өздерінің өлкетану тарихы туралы ізденбегені деп түсінбеу керек. Жеке тұлғалар өлкетануда ғылыми ізденісте жүрмей-ақ, өз өмірлерін бұл жұмысқа арнаған. Осының жақсы үлгісі ретінде И.Г. Андреевтің тынымсыз еңбегін айтуға болады. Ал қазақтың тарихи өлкетануының қалыптасу басында ұлы ағартушылар – Шокан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Әлихан Бөкейханов тұрды.

#### 1.4. Ұйымдастыру формасы бойынша өлкетану дифференциясы

Ұйымдастыру формасына сай өлкетану дифференциясы мемлекеттік, мектептік, қоғамдық болып бөлінеді. Мемлекеттік өл-

кетанумен өлкетанулық музейлер, жергілікті атқару органдары және ғылыми зерттеу мекемелері мен институттары айналысады.

Мектептегі өлкетанулық жұмыстар туған өлкені жан-жақты зерттеу және өлкетанулық материалдарды жинақтау, сондай-ақ жинақталған материалды мектепте сабақ беру барысында қолдану сияқты мақсаттарды көздейді. Бұл жерде туған өлкені зерттеудегі негізгі рөл оқытушының басқаруымен оқушыларға жүктеледі. Оқу үдерісінде жергілікті материалдарды қолдану зерттеп жатқан құбылыстардың ортақ заңдылығын ашуға, оқушылардың білімге деген құштарлығын туғызуға, өзіндік шығармашылыққа деген ұмтылысқа, келешек мамандығын таңдауға көмектеседі. Өлкетанулық материалдық элементтермен оқыту оқушылардың тарихи ұғымдарды меңгеруін жеңілдетеді. Туған өлкені зерттеу жұмысы тарихи түсініктердің қалыптасуына алып келеді.

Туған өлке жайлы көптеген материалды тарих сабағында, әсіресе сабақтан тыс жұмыстарда қолдануға болады. Оқытудағы өлкетанулық ұстанымы мектеп бағдарламасындағы тарих пәнін туған өлкені зерттеу барысында жинақталған дағды мен білімдерді байланыстырудан тұрады. Мектеп өлкетануы оқушыларды тарихи ескерткіштерді қорғау жұмыстарына қатыстыруда маңызды рөл атқарады.

Одан басқа, өлкетану пәнаралық байланыстарды жүзеге асыратын маңызды құрал болып табылады. Өлкетану түрлі пәнді бір-бірімен байланыстырады. Бұл бір уақытта жалпы білімдік және тәрбиелік міндеттерді меңгеруде үлкен тәжірбиелі мәнге ие. Тарих, география, әдебиеттану сияқты пәндер өзара тығыз байланысты. Өлкетанулық ұстанымды қолдану теориялық білімді тәжірбиеде қолдануды бірге байланыстырады, өлкетанулық материалды жақсы меңгеруге көмектеседі.

Өздері әрекет ететін халықпен туған өлкені зерттеу қажет. Қоғамның өлкетануға деген қызығушылығын арттырған жөн болады. Өлкетану қоғамдық жұмыстар дағдысының дамуына алып келетіні сөзсіз. Өлкетануда көп жұмыс ұжыммен атқарылады, өз ісінің пайдасы екендігін сезінуі және істелінген жұмыстың нақты нәтижесінің арқасында нығаятын ортақ қызығушылықтар туындайды.

Тарихи өлкетану мектеп бағдарламасында кеңінен қолданылуы және жалпы білім беретін мектепте ақпарат беретін негізгі сала болуы тиіс. Өйткені өлкетану оқушылардың көзқарастарын кеңейтеді, отаншылдық тәрбие қалыптастырады. Оқушылардың іздену жұмыстарын дамытады.

Туған өлкені зерттеу ерекше қанағаттандыратын сезім тудыратын, қоғамдық ой-пікірді қалыптастыратын сала болып табылады. Жергілікті материалдар негізінде тарихи өлкетанудың тәрбиелік маңызы бар. Басты тәрбиелік дерек ретінде жергілікті дәстүр саналады. Яғни ол студенттердің әртүрлі зерттеушілік қызығушылығын туғызады. Өлкенің тарихы уақыт кезеңінде де өте күрделі болып келеді.

Тарих мұғалімі оқушылардың өткенге қатысты білімін қалыптастыруы керек. Басты бағыт – өлкеге қатысты жан-жақты ақпарат беру.

Қазіргі күні өлке тарихына, жерлес жазушыларымыздың шығармашылығына қызығушылық күн санап артып келеді. Өлкеміздегі тарихшыларымыздың басты мақсаты – өлкеміздің тарихына жанаша ой жүгірту, өлке тарихының ақтаңдақ беттерін ашу, жоғымызды тауып, өшкенімізді түгендеп, қалпына келтіру. Осы орайда, айта кетсек, біздің өлкетану ақпараттарының орталығы да осындай игі істермен айналысуда. Жалпы, өлке тарихына және жергілікті акын-жазушылардың шығармашылығына қызығушы оқырмандардың, тарихи зерттеумен айналысушы студенттердің және оқу үдерісінде аймақтық компонентті пайдаланатын ұстаздар мен оқушылардың жүгін жеңілдету мақсатында төмендегі өлкетану құралдарын ұсынып отырмыз.

Өлкетану жұмыстары оқушылардың қоршаған табиғи құбылыстары мен заттары, олардың өзара байланыс заңдылықтары туралы түсініктерін қалыптастыруға көмектесіп, өмірге деген қызығушылықтарын арттырады. Өлкетану материалдары қоршаған ортаға тікелей бақылау жасауға мүмкіндік береді. Ол туған өлке табиғатын, оның байлықтарын, даму заңдылықтарын, жергілікті жердің халқы мен шаруашылық түрлерін және олардың байланыстарын ұғынуға көмектеседі. Оқу-тәрбие үдерісінде халық педагогикасының құралдарын өлкетану жұмысында пайдалану

арқылы оқушылар тек нақты білім мен ұғымды меңгеріп қана қоймай, дүниенің біртұтастығы мен әртүрлілігін, дамудың үздіксіздігін, өзара байланыс пен әрекеттестіктерден, дүниенің нақты заттар мен құбылыстардан тұратындығын таниды, соның негізінде олардың дүниетанымдық көзқарастары кеңиді.

### 1.5. Микротарихи талдау әдісі – өлкетанудағы жанаша ғылыми зерттеу әдісі

Қазіргі күні тарихи таным мүмкіндіктері терең дағдарыс күйін кешуде. Сол себептен тарих ғылымының әрі қарай дамуы, келешегі даулы мәселеге айналып тұр. Көптеген отандық және шетелдік тарихшы ғалымдардың тарихи ғылымының жаңа бағытына – микротарихи зерттеулерге көңіл аударуы заңды болып көрінеді. Ресейлік ғалым, тарихшы Л.П. Репина: «Микротәсілдер үлкен қолданысқа ие бола бастады және оған деген сұраныстың арту себебі макротарихи нәтижелердің толыққанды болмауымен және ондағы мәліметтердің шынайы еместігі анықталды, олардағы орта есеппен алынған көрсеткіштердің сенімсіздігі, басым парадигмалардың ауқымды өткен тарихи панораманы тар диапазонды «заманауи тенденцияларға» сидыруға деген бағыттың басымдығымен және тарихи дамуды жалған үлгілер мен типтерге сүйендірумен түсіндірілді», – дейді.

Микротарихи әдістер тарихи танымның көкжиегін едәуір кеңейтеді. Тарихи шындықты бұрынғыша қабылдау енді өз-өзін ақтамайды. Өйткені тарихи үдеріс – анағұрлым мол және алуан түрлі. Қазіргі уақытта көптеген тарихшылар, зерттеушілер тарих тек орталықтарда, үлкен қалаларда жасалмаған, бұл кішігірім аймақтарда, аудандарда, тіпті, ауыл-селоларда орын алған үдерістер деп түсінуде. Аймақтық, өлкелік зерттеулер бізді жаһандық тарихи үдерістерді кішігірім және жеке арқылы тануға мүмкіндік береді.

Микротарихи зерттеулер ғылыми айналымға тың жаңа тарихи деректерді әкеледі, бірінші кезекте жергілікті мерзімді басылымдар, мұрағат құжаттары, тұрғындардың естеліктері жатады.

Бұл зерттеулер интеллектуалдық әлеуеттің жекелеп алған бір ғана учаскесін немесе бөлшегін (мәселен, этномәдени үрдісті немесе кәсіби білімі бар адамдар қауымдастығын) егжей-тегжейлі зерделеумен жүзеге асады. Сондықтан да оны микротарих деп айтады. Әрине, микротарих нәтижелері ауқымды, жинақтама ойтүйіндер, философиялық-теориялық тұжырымдар жасауға мүмкіндік бермейді. Дегенмен бұл әдіс ауыл-селодағы интеллектуалдық әлеует пен этномәдени даму тәжірибесін, сабақтарын және қорытындыларын кезінде Кеңестер Одағындағы ұлт республикаларымен салыстыруға, ұқсастығы мен ерекшеліктерін ажыратуға қол жеткізді.

Макротарихтың бір кемшілігі жеке ауыл, село, аудан, тіпті, жеке адам өмірі назардан тыс қалып қояды. Тарихшы қоғам, партия, ұлт, мемлекет өмірінде қандай өзгерістер болды деп соған жауап іздейді де, ал жеке адамның өмірінде өзгерістер, яғни олар жеке ауыл, село немесе аудандағы үлкен құбылыстарды, өзгерістерді қалай қарсы алды және тарих арнасында қандай жағдайларды бастан кешірді сияқты мәселелер ұмыт қала береді.

Осы сауалдардың жауабын табу үшін қазіргі уақытта микротарихқа ерекше назар аударылуда. Яғни ол қоғамдық өзгерістерге жеке адамның өмірі арқылы үңіледі. Мұны жалпы тарихты, қоғамды танудың бір әдісі, тиімді жолы ретінде қабылдауға болады. Макротарихта қоғамдық байлықты жасаушы халықтың үні тарихтан, мысалы, ол жұмысшы бола ма, шаруа бола ма, мейлі, көп естіле бермейді. Ол үнсіз тобыр ретінде қалып қояды. Біз көп жағдайда қолбасшылардың, ірі тұлғалардың көзқарасы, ұстанымы арқылы тұжырым, талдау жасаймыз. Ал сол тарихи уақиғаға, тарихи үдерістерге қарапайым адамның, жеке ауыл, село, аудан тұрғындарының көзқарасы қандай, оған жауап бере алмаймыз. Сондықтан тарих ғылымындағы жаңа үрдіс, жаңа бағыт – микротарих әдісі етек жаюда. Қоғамды кішігірім ауыл, село, аудан тұрғындары, кішкентай адамның өмірі тұрғысынан бағамдау керек.

Зерттеуші тарихи үдерісте барлық факторды, сол сияқты жеке адамның, ауылдың, аудан тұрғындарының да, мемлекеттік тұлғаның да рөлі мен ұстанымын есепке алуы тиіс. Сол арқылы та-

рихи шындыққа жақындай түсеміз. Микротарих бізге тарихтағы балансты тепе-теңдікті орнына келтіру үшін керек. Біз бұл әдісті тарихи шындыққа жетудің бір құралы есебінде пайдаланамыз.

Қарапайым адамның ауылдағы аудандағы күнделікті өміріне көп көңіл аударған жөн. Өйткені тарихи уақиғалар, қоғамы өзгерістер, әр алуан құбылыстар жеке, қарапайым адамның өмірінде өте маңызды рөл атқарады. Мысалы, XX ғасырдағы Қазан төңкерісі дейміз. Сол төңкерістің нәтижесінде орнаған кеңестік биліктің қарапайым адамның, жеке ауыл, аудан тұрғындарының өміріне қандай әсері болды? Тарихи ғылымда бұған көңіл аударма бермейді. Қарапайым шаруаның ғалым болғаны, білім алғаны жайлы кезінде идеологиялық тұрғыдан жазылды. Тарихи шынайылық тұрғысынан келгенде ол заман қарапайым адамның, ауыл, аудан тұрғындарының өмірін қалай өзгертті? Бұл – әлі зерттелмеген дүние.

Тағы бір тәжірибе, қазақтың шалғайдағы бір ауылын алайықшы. Бәріміз де ауылдың баласымыз. Сол ауылдың шынайы тарихы микротарих тұрғысынан жазылса жақсы болар еді. Ол ауыл қашан пайда болды? Қанша буын сол ауылда өсіп-өнді? Ауылдың шаруашылығы, оның экономикалық, тарихи ортасы қандай өзгерістерге ұшырады? Егер осындай зерттеулер болса, біз өз тарихымызды, өткен өмірімізді теренірек білген болар едік. Осындай зерттеулермен қазақтың белгілі тарихшысы М.Қ. Қойгелді айналысты.

Сонымен, қазіргі тарихи ғылымда ұлттың, халықтың тарихына көңіл аудару басым, ал жеке тұлғаның, жеке ауыл, ауданның өмір тарихы назардан тыс қалып қойды. Соған байланысты микротарихқа ауысу белең алды. Қазір әлемдік тарихнамадағы дамыған жол, кең етек алып келе жатқан бағыт, бұл – күнделікті өмір тарихы. Әсіресе әлеуметтік топтардың өміріне қандай ықпалы болды, қандай өзгерістерге ұшырады, міне, осыларға жауап беру керек. Сонымен қатар әлеуметтік тарих – осы микротарихтың бір саласы. Бұл сала бүгінгі таңда Еуропада, батыста қатты белең алды. Ал Қазақстан тарихы осы бағытты іздеуде сәл кешеуілдеп жатыр. Демек, екі-үш жылда микротарих бойынша ондаған зерттеулер пайда болады деп ойлаймыз. Сондықтан осы тарихи зерттеу-

әдісіне бет бұрып, осы жұмысымызды әзірледік. Өйткені әлемдік тарихтың даму үдерісі осындай. Бұл – ұлттың, мемлекеттің тарихы назардан тыс қалады деген сөз емес. Мүмкіндігінше тарих әр бағытта дамып, қоғамның түрлі қырларын қамтуы тиіс.

Тарихи өлкетануды зерделеуде іргелі топты аграрлық саясат пен теорияны, тарих пен практиканы қарастырған еңбектер құрайтыны белгілі. Бұларда ауылдағы өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың дамуы, ұжымшар-кеңшар өндірісінің динамикасы мен тағдыры, оның мамандармен, механизаторлармен қамтамасыз етілуі, мәдени өмірі мен инфрақұрылымы зерделенген. Тың игеру республика ауыл-селосының материалдық базасын, механизаторлармен, мамандармен қамтамасыз етуде ілгерілеуге әкелгенін мол құжат негізінде дәйектейді. Астық өндіруді күрт ұлғайту мал шаруашылығына кері әсер етпегені алға тартылады. Тұтастай алғанда, соғыстан кейінгі кенестік Қазақстанның аграрлық тарихы фактологиялық тұрғыдан тәп-тәуір ашылды. Ендігі міндет – анықталған деректерді жаңаларымен толықтыра отырып, саясаттан, идеологиядан ада зерттеу жұмыстарын жалғастыру.

Тұтастай алғанда, микротарих – жас ғылым саласы. Ол қайта құру жылдары қолға алынып, тәуелсіздік тұсында қалыптасуға бет түзеді.

Жеке қала, аудан, село микротарихы мәдени құрылыс мәселелеріне қатысты. Бұл орайда зерттеуді екі топқа жіктеуге болады. Бірі – Қазақстандағы мәдениет құрылысы тарихын тұтастай алып зерттегендер, екіншілері – ауыл мәдениетінің тарихына арнайы тоқталғандар. Тағы бір құптарлық жайт, монографияларда ауыл мәдениетін көтеруге белсене қайрат қылған көптеген адам аттары аталған, олардың нақты іс-әрекеті суреттелген.

Мәселенің мейлінше күрделі екенін әлі күнге дейін ұғымдар мен түсініктер мәнін анықтау төңірегінде жүріп жатқан пікірталастардан байқауға болады. Ұлт, ұлттық идея, этнос, халық, диаспора дегеніміз не деген сұрақ бойынша ғалымдар ортақ пікірге келе алмады.

Шынымен де, XX ғасырда тарих ғылымының өзінде назар басым түрде атакты адамдарға, жекелеген индивидтерден әлеумет-

тік көпшілік жаққа қарай ауды. Тарих бұл жерде экономика мен социологияға жақындасты және не олардың тәсілдерін пайдалану немесе олардың жарамдылығын тексеру қажет болды.

Өлкенің тарихын микротарихи тәсілдер арқылы зерттеу кейбір жағдайларда мәселені шешуде анағұрлым нақты ақпарат бере алды. Ал бұрын олар туралы тек макротарихи бағыттағы, мысалы, XXI ғасырдың басында елімізде орын алған әлеуметтік-экономикалық реформалардың іске асырылу барысы мен беретін нәтижелері жергілікті жерде қалайша көрініс тапқаны туралы мәліметтерді тексеру сияқты талдаулар жүргізілетін. Микротарихи тәсілдің сапалық белгілері туралы талқылаулар модификация мен нақтылауға ұшырады. Бұл тек жалпы тенденцияларды ғана емес, сонымен бірге вариациялар мен қосымшаларды анықтауға мүмкіндік жасады.

Микротарихи тәсілдер негізінде ауданда орын алған көптеген ірі қоғамдық үдеріс мәселесін шешуге, мысалы, XX ғасырдың 50-60 жылдары қандай факторлардың әсерінен халық санының өсуі мен бұл үдерістің сандық көрсеткіші қандай екенін анықтауға мүмкіндік туды. Зерттеушілер атаулы мәселерді шешуде тар арнаулы статистикалық тәсілдерге сүйене бастады. Бірақ жалпы тарихшылар осы тәсілдердің пайдасы туралы өзіндік түсініктерін қалыптастырды.

Микротарихи зерттеу әдістері аса қажет және анағұрлым нәтиже берген тарихи демография мен онымен байланысты демография саласының мәселелерін шешу көлемдік мәліметтерсіз мүлдем мүмкін емес. Кейбір кезендер үшін қарапайым халықтың санын анықтау аса қиындық тудырады, сонымен қатар қоғамдық өмірді түсіну үшін халықтың жас ерекшелігі, жынысы, шаруашылық көлемі, жұмысшылар туралы мәліметтер, сондай-ақ туу көлемі, өлім, неке саны туралы зерттеулердің де маңызы зор. Өмірдің негізгі тіршілік көзі өмірлік әрекет болған индустрия алды кезеңінде демографиялық үрдістер әлеуметтік және экономикалық өмірдің басты факторлары саналды. Осылайша, халық санының өзін есептеуге басты факторлардың анықталуының маңызын білгенде өзін есептеуге басты факторлардың анықталуы белгілі болғанда номи-

Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда Мемлекеттік  
университеті  
КІТАПХАНА  
Тіркеу 675677

налды анализ – отбасы өмірі динамикасының реконструкциясын жасау мүмкіндігі бар.

Микротарихи әдіс-тәсілдері, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік құрылымын зерттеуге жәрдемдесті. Мұның да дереккөздері тарихи демографиямен бірдей, себебі бүкіл халықтың саны оны әлеуметтік тұрғыдан топтарға бөлудің потенциалды мүмкіндігіне ие.

Микротарихи зерттеу тәсілдері, сонымен бірге саяси элитаны зерттеуде қолданылады, өйткені бірнеше биография шеңберінде ғана жасалған ол туралы бейне сонда да толық болмайды. Аталған мәселені шешудің жолы ұжымдық биография бере алатын сол просопографикалық әдіс бола алды. Осылайша, заң шығарушы органдар депутаттарының шығу тегін, саяси тұрысын зерттеуге болады. Аталған әдіс, әсіресе жергілікті аймақтың экономикалық тарихын зерттеуде аса кең қолданылады.

Жалпы, микротарихи зерттеу әдістерін кез келген ауыл, аудан, қала тарихын танып-білуге пайдалануға әбден болады. Көп жағдайда микротарихи зерттеу әдістері оң нәтиже береді, жергілікті тарих, өлке тарихын жаңа тұрғыдан ашуға мүмкіндік жасайды. Бұл жаңаша тарихи зерттеу әдісін, біздің пікірімізше, тарихи өлкетанудың теориялық-әдіснамалық мәселелерін зерттеуде кеңінен пайдаланатын уақыт жеткен сияқты. Осыны енді қолға алу керек.

#### Сұрақтар:

1. Тарихи өлкетану зерттеулерінде қандай әдіс кеңінен таралған?
2. Тарихи өлкетанудың дереккөздерін атаңыздар.
3. Жазбаша деректерге не жатады?
4. Өлкетану салалар бойынша қалай бөлінеді?
5. Өлкетану ұйымдастыру бойынша қалай бөлінеді?
6. Тарихи ғылымдар қатарында өлкетанудың алатын орны қандай?
7. Болашақ тарих мамандарына өлкетануды оқудың маңызы неде?
8. Микротарихи зерттеу әдісінің жаңашылдығы неде?
9. Микротарихи әдісін қолдануға мысалдар келтіріңіздер.

#### Қосымша материалдар және олар бойынша тапсырмалар

*Төмендегі материалды оқи отырып, мынадай сұрақтарға жауап беріңіздер:*

1. Льюис Морган кім болған?
2. Көне заманда ру мен тайпаның пайда болуы неге байланысты болған?
3. Өлкенізде ежелгі адамдардың тұрақтары табылған ба? Әңгімеленіз.

#### Ру мен тайпалар кеңесі

*Л.Г. Морган (1818-1881) – америкалық тарихшы және этнограф. Оның ілімі «Ежелгі қоғам» (1877) атты еңбегінде баяндалған. Ғалымның тұжырымдары Жер шарының барлық түпкірлеріндегі археология мен тарих, этнографиядан алған мәліметтерге негізделген. Төменде келтірілген «Ру мен тайпалар кеңесі» деген үзінді Солтүстік Америка үндістерінің басқаруды ұйымдастыруы туралы баяндайды.*

Жабайылық кезеңде рудың пайда болуынан бастап, өркениетке дейінгі ежелгі азиялық, еуропалық және америкалық қоғамның аса көрнекті сипаты болды. Ол ру мен тайпадағы жоғарғы билік ретінде басқару құралына айналды... Қарапайым істерді көсемдер шешті, ал ортақ мәселелер жоғары тайпа кеңесінің қарауына қалдырылды...

Кеңестің өте қарапайым және төменгі формасы ру кеңесі саналды. Бұл демократиялық кеңес еді, өйткені кез келген ер азамат пен әйелдер көтерілген барлық мәселе бойынша дауыс берген. Жиналыс *сахемдер мен көсемдерді*, «наным-сенім мен дәстүрді сақтаушыларды» сайлады. Біреуді өлтіргені үшін айыптыға кешірім жасады немесе жазалады. Жиналыс тайпаның қалыптасуына жеткізді; мұндай жоғары кеңестердің әрқайсысы ру көсемдерінен ғана құралды.

#### Төмендегі материал бойынша тапсырмалар:

1. Билер қазақ қоғамында қандай қызмет атқарған?
2. Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің қазақ хандығын нығайтудағы рөліне сипаттама беріңіздер.
3. Сіздердің өлкелеріңізде атақты билер болған ба? Әңгімеленіз.

**Төле би Әлібекұлы** (1663-1756) – Қазақ хандығының аса көрнекті мемлекет қайраткері, шешен Ұлы жүздің бас биі, Өз Тәукенің «Жеті Жарғысын» ұйымдастырушылардың бірі.

Әз-Тәуке дүниеден өткеннен кейін Қазақ хандығы жекелеген аймақтарға ыдырай бастады. Бұл кезде талай жылғы соғыстардан кейін Түркістан қалаларындағы өнеркәсіп пен сауда мүлдем құлдырап кетті. Ал солтүстік шығыста Ресей империясының бай нарығы пайда болды. Төле би қазақ халқының билеуші топтарының ресейлік саясатты ұстанатындарын жақтады. Алайда ол орыс патшасының бодандығына өтуге асықпады, ол Қазыбек және Әйтеке билермен бірге қазақ халқының одан әрі өмір сүруіне төтенше жағымды деген сыртқы саясаттық қағидаларын жасайды. Төле би 93 жасында қайтыс болып, Ташкентте жерленеді.

**Қаз дауысты Қазыбек би Келдібекұлы** (1665-1765) Қазақ хандығының аса көрнекті мемлекет қайраткері, мәмілегер, Орта жүздің бас биі, Төле және Әйтеке билермен бірге «Жеті Жарғының» жұмысына қатысқан.

Өзінің мәмілегерлік қызметін Қазыбек Келдібекұлы 18 жасында Қазақ хандығының Жоңғар хандығына, Қалданға жіберген елшілігінің құрамында болған кезінде бастаған. Осы миссияның кезінде бірінші рет оның мәмілегер ретіндегі таланты байқалды. Дәл соның арқасында жоңғарлармен болған келіссөздер өте сәтті өтті және бітіммен аяқталды.

Қазыбек би – Қазақ хандығының сыртқы саясатының негізгі қағидалары болып табылатын қанатты сөздердің авторы. Елші ретінде Қаз дауысты Қазыбек бірнеше рет Жоңғар хандығына барған болатын. 1742 жыл Малайсарымен және басқа да өкілдермен бірге 90 биді бастап Жоңғар хандығына барып Абылай ханды босатып өкеледі. Қазыбек би Қазақ және Жоңғар мемлекеттерінің арасындағы бейбіт келісімді ұзақ уақытқа бекітуге қол жеткізді. Қазыбек би XVIII ғасырдың 40-60 жылдары Қазақ хандығының сыртқы саяси қатынастарына басшылық жасады. Қытай өкіметімен де, Ресей өкіметімен де келіссөздер Абылайдың және оның белсенді бейтарап саясатын ұстанған Қазыбек бидің қатысуымен жүргізілді.

**Әйтеке би Байбекұлы** (1689-1766) – Қазақ хандығының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Жасынан ауыл молдасынан сауатын ашқан. Оның шешендік қасиеті ерте жастан белгілі бола бастаған. Жеті жасынан бастап аталары Ақша хан мен Жалаңтөс батыр Әйтекені өздерінің тәрбиесіне алады. Әйтеке өзінің атасы Ақшадан ел басқару, елшілік байланыстар жасау жолдарын үйренген. Ал батыр Жалаңтөстен әскери өнерді меңгерген. 21 жасынан бүкіл Бұхара, Самарқан төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақ құрама жұртының бас биі болған. «Жеті жарғы» әдет-ғұрып заңдар жинағын құруға қатысқан. Ұзақ жылдар бойы Кіші жүзді билеген. Әйтеке би белсенді түрде қазақ хандығының бірігуі үшін, біртұтас әрі күшті мемлекет үшін, әділетті қоғам үшін күрескен.

Әз-Тәуке кезінде қазақ елі билігінің шыңында тұрған бұл көсемдер қиын уақытта мемлекетті сақтауда орасан зор қызмет жасады.

## II ТАРАУ

### ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУ ДЕРЕККӨЗДЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ

**Дәріс мақсаты:** тарихи өлкетану дереккөздері туралы түсінік қалыптастыру, олардың түрлерімен танысу.

**Негізгі түсініктер:** тарихи өлкетану, дереккөздер, деректер, археология, этнография, демография, топонимика, ономастика.

**Негізгі мәселелер:**

1. Жазбаша дереккөздің, ауызекі халық шығармашылығының және басқа да дереккөздердің тарихи өлкетанудағы рөлі.
2. Орта ғасыр және кейінгі ғасырлардағы Қазақстанның тарихи өлкетану деректері.
3. Тарихи өлкетанудағы археологиялық деректер.
4. Этнографиялық дереккөздер және оларды туған өлкенің тарихын зерттеу үдерісінде қолдану.
5. Тарихи өлкетанудағы демографиялық деректер.
6. Топонимика – тарихи өлкетанудың дереккөзі.

#### 2.1. Жазбаша дереккөздердің, ауызекі халық шығармашылығының және басқа да дереккөздердің тарихи өлкетанудағы рөлі

*Орта Азия мен Қазақстанның көшпенді және отырықшы аймақтарындағы көне авторлар (б.з.д. V ғ.-б.з. III ғ.).* Қазақстанды мекендеген халықтардың ежелгі мәдениетіне қарамастан, оның тарихы және табиғи жағдайлары жайлы әдебиет деректері өте тапшы. Ежелгі кезде қазақ жері жайлы ең құнды өлкетанулық мәліметтерді көрші араб және азиялық халықтар алған. Еуро-

палықтар Орта Азия мен Қазақстанды зерттеушілер ретінде тек XIII ғасырдан бастап пайда болады. Бұл кезең Қазақстан халқы, өлкенің табиғаты жайлы алғашқы мәліметтерінің жиналуына, үлкен әсер етті.

Қазақстан халқының мәдени өмірінде ежелгі және ортағасырлық қолжазба кітаптарының үлкен әсері болған, солар арқылы ортағасырлық мектептер мен медреселерде оқушылардың сауатын ашқан.

Мұсылман мектептерінде әл-Фарабидің, Ұлықбектің, Баласағұнның, Иассауидың қолжазба шығармалары, трактаттары таралған. Ортаазиялық қолжазбалардың ерекшелігі көп алфавитті және көп тілді болған, сондықтан оларды зерттеу қиынға түскен. Уақыты бойынша кейініректері араб әліпбиімен жазылған.

Ежелгі парсы, элам, аккад тілдерінде Дарий мен Ксеркс патшаларының жазбалары, сонымен қатар ежелгі ирандықтардың Авеста зороавстриялық дінінің кітаптар жинақтары жазылған. Сақ және басқа да тайпалардың аумақтары және «Ахеменид» жазбаларындағы Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның тарихи географиясы (б.з.д. 522-486). I Дарий патшаның Бехистун жазбасындағы сына жазуы бар бесінші бағанның, Накши-Рүстемдегі «а» жазбасының, I Дарий патша кезіндегі Персеполь мен Суз жазбасындағы «е» мәтінінің, сондай-ақ Ксеркстің «дэв туралы жазбаларының» (б.з.д. 486-465) ерекше мәні бар. Бұл жазбаларда Ахеменид империясы кезіндегі Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның кейбір тайпаларының тарихи фактілері мен атаулары кездеседі (парадрайа сақтары – теңіз артындағы сақтар, хаома сусының дайындайтын хаумаварга сақтары, үшкір бас киім киетін тиграхауда сақтары).

Авестада зерттеліп отырған мәселе бойынша шығу тегі, мазмұны мен мерзімі жағынан әртүрлі мәлімет жинақталған. Авеста мәтіндерінің мазмұны бойынша неғұрлым көнесі Яшты, сонымен қатар б.з.д. VIII-VII ғасырларда Орта Азияның мал бағатын және жер шаруашылығымен айналысатын тайпалары мен халықтарына бағышталған 17 өлең-уағызынан тұратын Гаты болып табылады. Қазақстан аумағындағы өте ерте кездегі мал шаруашылы-

ғымен айналысатын тайпалар туралы Авестаның Ежелгі Кангхасының 13 Яштысында кездеседі (ариялар, турлар, сайримдер, дахтар және т.б.).

Геродоттың «Тарихы» (б.з.д. V ғ.). Оның I Дарийдің скифтерге қарсы жорығы баяндалған Еуразия тайпалары туралы неғұрлым толық мәліметтері бар төртінші кітаптың Қазақстан үшін үлкен маңызы бар. «Парсы тарихы» деп аталатын оның таңдамалы жинағындағы Ктесия куәлігінің бірқатар құнды мәліметтері жинақталған. Бұл еңбекті дереккөз ретінде Павсаний (б.з.д. II ғ.), Диодор Сицилийский (б.з.д. I ғ.), Үлкен Плиний (б.з. I ғ.), Клавдий Элиан (б.з. II-III ғ.) сияқты авторлар қолданды. Географиялық антик әдебиеті Қазақстанның тарихы мен тарихи өлкетануының маңызды дереккөзі болып табылады. Страбонның «Географиясында» (б.з.д. I ғ.-б.з. I ғ.) Қазақстан мен Орта Азия тайпаларының табиғи жағдайлары мен өмір сүру салты туралы мәліметтер олардың саяси тарихының түрлі эпизодтарымен бірігіп кетеді. Птоломей «Географиясындағы» Орта Азия мен Қазақстан қалаларының, өзендерінің, таулы қыраттарының, көлдерінің, түрлі аймақтары шекараларының географиялық координаттары (б.з. I-II ғ. соңы); сақ (Қазақстанның оңтүстігі, Сырдария өзені) және Скифия елдерінің (Еділден Балқаш көліне дейінгі кең аумақ) аталуы анықталды.

Жоғарыда аталған жазба дереккөздері Қазақстанның аумағына аталған кезеңдердегі бірқатар тайпалар мен тайпа топтарын: оңтүстікте сақтар-тиграхаудаларды (кейбір грек дереккөздері бойынша, бұлар массагеттер деп те аталады) және дахтарды (даиларды); батысында савроматтарды (протоаорстарды); орталық аудандарында исседондарды; ал солтүстік-шығыста аримаспыларды орналастыруға мүмкіндік береді.

**Қазақстанның халықтары мен жерлері туралы қытай дереккөздері.** Шығыс Түркістанның, Қазақстанның және Орта Азияның жағдайы туралы мәліметтер қытай деректерімен толығымен түседі. Халықтар мен тайпалар, олардың өмір сүру салты, қытай елшілерінің, саудагерлерінің, саяхатшыларының, қолбасшыларының саяси және қоғамдық құрылымдары жайлы жан-жақты мағ-

лұматтар жинағы өлке тарихы бойынша маңызды дерек болып табылады.

Қытай шекарасын мекендеген б.з.д. IV-III ғасырлардағы сюнну (хундар немесе ғұндар) және дунху тайпалары туралы алғашқы мәліметтер кездеседі. Б.з.д. I ғ.-б.з. I ғасырда Қазақстан мен Орта Азияның аумағына ғұндардың жаппай енуі жайлы ақпараттар мол. Чжан Цанның (б.з.д. II ғ.) үйсіндер мемлекеті, үйсін иелігінің орталығы – Іле аңғары, үйсіндердің тоғаны – Ыстықкөл ауданындағы Чигучэне туралы (Қызыл аңғар қаласы) хабарламалары бізге әбден мәлім. Чигучэне «Ұлы жібек» жолындағы едәуір саяси орталығы және маңызды сауда пункті болып табылғанын осыдан білеміз.

Орта Азия мен Қазақстан халықтары туралы көбірек және құнды мәліметтерден тұратын династиялық оқиғалар, Сыма Цяньның (б.з.д. 145-86) «Тарихи хаттары» (Шицзи), әсіресе «Сюнну туралы әңгімелер» және «Давани туралы әңгімелер» тараулары, Хан императорлары мен қолбасшыларының биографиялық сипаттамаларындағы Орталық Азияның иеліктері, олардың өзара және Қытаймен қарым-қатынастары туралы мәліметтер өте құнды. Б.з.д. I ғасырда Бань Гу жазып бастаған, бірақ оның ғалым әпкесі Бань Чжаоның аяқтаған «Ерте Ханның тарихы» жазбасы тағы бар. «Батыс өлке туралы әңгіме» деп аталатын арнайы тарауында қытайларға жаңадан ашылған тарихи-географиялық аймақ көрсетілген. Хроникада Хань империясынан Орта Азияға апаратын негізгі жолдар келтірілген, оның халықтары мен тайпалары, экономикалық және әскери жағдайы, қалалары мен саудасы баяндалған. Бұл Давань, үйсін, қаңлы және Чюнну иеліктері туралы, оның ішінде Тянь-Шаньның солтүстік-батысындағы Чжичжи сюнн шанью иелігі туралы мәліметтерге де қатысты.

Қытай империясының кейінгі кезеңдеріндегі жазба дереккөздерінде үйсіндер туралы үзінді мағлұматтар, мысалы, «Юаньвай династиясының тарихында» (Бэйшу), «Ляо тарихында» (Ляоши), Тайцзун императорының хроникасында (X ғ.) Тан династиясы кезеңіндегі хроникалары бар. Сюань Цанның (664-696) Орта Азия арқылы Үндістанға жасаған саяхатына бағышталған

«Ұлы Тан династиясы кезіндегі батыс өлкесі туралы хаттары» (Да Тан Сиюйцзи). Суябтың, Невакеттің, Таластың, түрлі түрік тайпаларының сипаттамалары берілген. Қытай бытыраңқылығы кезеңіндегі бірнеше автор жазған «Тан династиясының көне тарихы» (Цзю Таншу), Қытайдың көрнекті ғалымы әрі ақыны Суян Со бастаған авторлар ұжымынан құрылған Сун дәуіріндегі (1043-1060) «Танның жаңа тарихы» (Синь таншу) тағы бір маңызды дерек саналады.

Батыс түріктері, түргештер, Батыс Түрік және Түргеш қағанатының құрылуы және олардың күйреуі; қарлұқтар, олардың Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігіне таралуы; Шығыс Түркістан, Жетісу, Шу, Талас өзендері, Ыстықкөл көлі жағалауларындағы қалалар туралы мәліметтер келтіріледі.

Шыңғысхан басқарып тұрған кездегі (1220-1224) Солтүстік Қытайдан Орталық Азияға «Әділетті Чан Чунның Батысқа саяхаты туралы хаттарда» (Чан чунь чжань жэнь Си юцзи) Жетісу, Шу және Талас аңғарларлары арқылы өтетін жолдар сипатталған. Шыңғысханның Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанға жорықтарына ілесіп жүрген Елюй Чуцайдың «Батысқа саяхаттың сипаттамасы», «Мин династиясының тарихы», «Мин династиясы басқаруының шынайы хаттары», «Мин империясының біріккен шолулары» деген тарихи құжаттар ерекше мәнді болып келеді.

Дереккөздердің басқа түрлері Н.Я. Бичуриннің «Орта Азияны ежелгі уақытта мекен еткен халықтар туралы мәліметтер жинағы», Н.В. Кюнердің «Оңтүстік Сібір, Орталық Азия мен Қиыр Шығыс халықтары туралы қытай ақпараттары» деген жинақтарға тұңғыш рет жүйеленіп ғылыми талдау жасалған еді.

*Қазақстан халықтары мен аумағы туралы ежелгі түрік руна жазу ескерткіштері (VI-IX ғ.) және тарихи-эпикалық және тарихи-батырлық мазмұндағы туындылар.* Б.з. I мыңжылдығындағы ежелгі түркі және түркі тілдес тайпалардың орналасу орындарынан тұратын ежелгі түркі жазба ескерткіштері мәтіндерінің құндылығы өте жоғары. Түрік авторлары құрған бұл жазба дереккөздер – байырғылық және түпнұсқалық сияқты жетістіктерге ие Солтүстік Моңғолия аумағынан, Енисей мен

Таластан табылған неғұрлым құнды ежелгі түрік мәтіндері. XVIII ғасырдың 20-жылдарындағы Енисей өзенінің жағалауынан Н.М. Ядринцев пен И. Страленбергтің ашқан ежелгі түркі руна жазуы бар. 1889 жылы Н.М. Ядринцевтің ізденуімен Солтүстік Моңғолиядағы, Орхон өзенінің жағасындағы руна жазуымен орындалған тас қабырғалардың ашылуы, Дат ғалымы В. Томсеннің және орыс түріктанушысы В.В. Радловтың «Орхон-Енисей» немесе ежелгі түрік руна мәтінін оқып, аударуы, ғылымдағы үлкен жетістіктердің бірі болды. Д. Клеменцтің, П.М. Мелиоранскийдің, А. Гейкелдің, Ю. Неметтің, С.Е. Маловтың және т.б. ежелгі түрік руна жазба ескерткіштерін қалыптастыруға қосқан үлестері орасан зор.

Солтүстік Моңғолиядағы руна хаттарының ескерткіштері, бұл алдымен, Моңғолиядағы екінші Түрік (689-744) және Ұйғыр (745-840) қағанаттарының дәуірінде тұрғызылған Орхон, Толы, Селенгі өзендерінің жағалауларына жинақталған. Бұлар – Оңға жазбасы, Орхон ескерткіштері (Селенгі тасы, Терхин стеласы), Енисей жазбалары, Күлтегін (732) мен Білге қағанның (735) құрметіне салынған Кошо-цайдан ескерткіш-стеласы, Тонькөк (716) пен Күлшораның (722) құрметіне салынған ескерткіштер. Бұл ескерткіштер Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы халықтар мен ежелгі түрік тайпаларының тарихы мен мәдениетін зерттейтін бай материалдарға толы екенін дәлелдейді.

Сонымен, Орта Азия және Қазақстан халықтарының арасында жазба ертеден пайда болды. Бірнеше ғасырлық тарихында жазбаның алуан түрін – көнетүріктік, хорезмдік, соғдылық, ұйғыр, араб, латын тілдерін басынан кешірді. Көне жазбалардың бірі бұл көнетүріктік жазба болды, оның негізіне Орта Азия, Поволжья, Кавказ және Қазақстан халықтарының тілдері енді. Ол б.д. VI-VII ғасырларда Орта Азияда қалыптасты. Көнетүрік жазба ескерткіштері руникалық жазба ретінде Моңғолияда (33 ескерткіш), Орхон мен Енисейде (85 жазба), Шығыс Түркістанда, Таласта (12 жазба), Ферғанада, Шығыс Еуропада қалыптасқан. Есік қорғанындағы жазба толық ашылмаған (б.д. VI-IV ғ.).

Руникалық жазбаларды мазмұны жағынан алты топқа бөлуге болады: тарихи-биографиялық (Мөңке хан, Күлтегін), эпиграфиялық, с.с. қабірлердегі жазбалар, жартастағы жазбалар, құрылыстардағы, магиялық және ритуалды жазулар, заңды құжаттар, тұрмыстық заттағы белгілер. Бұл 38 әріптен тұратын XI-IX ғасырларға дейін пайдаланып келген.

Қырғызстан мен Қазақстан аумағындағы Жетісудың руна жазбалары бар. Терексай шатқалындағы (Талас өзенінің аңғары) тасқа жазылған жазулар, ірі тастағы және мола тастарындағы тоғыз жазу, Тараз қаласының жанынан табылған керамикадағы жазулар, теңгелер мен тұрмыстық заттардағы жекелеген белгілер мен ұсақ жазулар, Талас өзенінің аңғарындағы ағаш шыбықтағы жазу, Шығыс Қазақстаннан табылған екі қола айнадағы және Есік қорғанынан табылған кеседегі руна жазулары, Алматы жанындағы Талғар қалашығынан табылған құм шарбағындағы ұсақ жазу – мұның бәрі тарихи өлкетану бойынша баға жетпес құнды дерек пен мұра.

Көптеген қолжазбалар арасында қазақ халқының тарихына тікелей қатысты жазбаларда: «Оғыз наме» (Огуз-хан жайындағы эпос), Қоркыт ата жайындағы әңгімелер мен аңыздар, «Алпамыс» поэмасы, «Манас» жыры және т.б. бар.

«Оғыз наме» («Оғыз қаған» эпосы) – түркі тектес халықтардың ежелгі шежіресін аңыздар негізінде көркем баяндайтын эпостық шығарма. «Оғыз қаған» эпосына аңыз-әңгімелер мен тарихи деректер, сондай-ақ Оғыз қаған және оғыз тайпа ұлысы туралы мәліметтер негіз болған. Оғыз қаған – жазба шежіре мен аңыз шежіренің тарихи кейіпкері. «Оғыз наме» эпосының қаһармандары – Оғыз қаған, оның балалары. Бұл эпостың ұйғыр әрпімен және араб әрпімен жазылған нұсқалары бар. «Оғыз қаған» еңбегін қазақ тілі мен әдебиеті тұрғысынан Қ. Өмірәлиев тұңғыш зерттеген.

Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре и-түрк» – «Түркі шежіресі» – қазақ халқын құраған рулар мен тайпалардың көне тарихы, тұрмыс-тіршілігі, түркі елін басқарған қайраткерлердің өмірі мен қоғамдық қызметі туралы құнды деректері мол шежіре. «Түркі шежіресінің» Шыңғысханнан бұрынғы және одан кейінгі дәуірлерде Дешті Қыпшақ, Орта Азия, Таяу Шығыс елдерінде болған

түрлі оқиғалар мен әртүрлі мемлекет қайраткерлері жүргізген саясаттың жылнамасы екендігі. Шежіре 9 баптан тұрады: 1) Құдай Тағаланың Адам ғалиссаламды жаратқанының баяны; 2) Моңғол хан және оның Шыңғыс ханға дейінгі ұрпақтары жайында; 3) Шыңғыс ханның дүниеге келгенінің тарихы; 4) Үкідай қағанның және басқа да Шыңғысхан нәсілінен патша болғандарының баяны; 5) Шыңғысханның екінші ұлы Шағатай әулетінің Мауреннаһр мен Қашқарда болғанының баяны; 6) Шыңғыс ханның кіші ұлы – Толы хан нәсілінен Иран жұртында патша болғандардың тарихы; 7) Жошы хан әулетінен Дешті Қыпшақта патшалық құрғандардың тарихы; 8) Жошы ханның бесінші Шибан ханның әулетінен Тұранда, қазақта, Қырымда және Мауреннаһрда патшалық құрғандардың тарихы; 9) Жошы хан әулетінен Хорезмде патша болғандардың баяны. «Түркі шежіресінің» алғаш табылуы XVIII ғасырға жатады.

Атап өту қажет, көне және ортағасырлық жазбалардың Орта Азия және Қазақстан халықтары мәдениетіндегі ықпалы өте зор болды.

## 2.2. Орта ғасыр және кейінгі ғасырлардағы Қазақстанның тарихи өлкетану деректері

**Араб деректері.** Орталық Азиядағы көршілес және алыс халықтар мен тайпалар туралы мәліметтер араб халықтары дәуіріндегі Шығысты жаулап алу кезеңінде пайда болды.

Араб жазбасы қазір де Орта Азия мен Қазақстанда медресе, діни мектептерде қолданылады. Ол X ғасырдан 1929 жылға дейін ресми түрде қолданылып келді. Араб, одан кейін парсы тілдері орта ғасырларда халықаралық тілдер қатарына жатқызылды. Осы тілде шығыстың ұлы ғұламалары: әл-Фараби, Бируни, Фирдоуси, Омар Хайям жазды. Махмұд Қашғари, Әлішер Науаи, Әбілғазы хан және әл-Фараби, Ұлықбек, Қыдырәли, Баласағұн, Иассауи трактаттары кеңінен таралды.

Арабтардың классикалық тарихи шығармаларында Қазақстан халықтары және арабтардың Оңтүстік Қазақстан аудандарын

жаулап алулары туралы өте көне деректер IX ғасырдағы ойшылдардың ал-Балазури, ат-Табари – пайғамбарлар мен (Тарих ар – расул ва-л-мулук ) патшалардың тарихы және (Китаб футух ал-булдан) елдерді жаулап алуы кітабында кездеседі. Қазақстандағы түрік тайпалары және олардың шекаралары туралы ал-Джахиздің «Манакиб ал-атрак» («Достоинство пюрок») деген еңбегінде сипатталған. Араб Тамим ибн Бахр IX ғасырдың бірінші жартысында солтүстік-шығыс Қазақстандағы Ертіс өзені бассейнінде орналасқан кимақ елдері арқылы хакан тоғыз-оғыз астанасына саяхатқа шыққан.

Араб тілді географиялық шығармада Қазақстан территориясына қоныстанған тайпалар туралы мәліметтер кездеседі: IX ғ. Ибн Хордадбеханың «Китаб ал-масалик ва-л мамалик» («Книга путей и городов») деген әкімшілік-географиялық анықтамасы бар. Сауда тасымалдары Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін әртүрлі елді мекендер, қалалар, Ұлы Жібек жолы бойындағы елді мекендер бағыты арқылы жүргізілген.

Тарихшы Әл-Якубидің «Книга стран» атты географиялық шығармасында Қазақстан түріктері келтірілген. Арабтың географы және филологы Кудам ибн Джафардың (X ғ.) «Китаб ал-Хараджи ва Санъет ал-китабы» («Книга о харадже и искусстве секретаря») және араб географы Ибн ал-Факи ханның (IX-X ғ.) «Книга рассказов о странах» (Китаб ахбар ал-булдан) атты географиялық-әкімшілік шығармаларында қыпшақтар, оғыздар, кимақтар, сауда нүктелері, қалалары, елді мекендері және Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арасындағы қашықтық жан-жақты зерделенген. Ибн Фадлан және Абу Дулафтың «Жазбалары» («Рисала») атты еңбегінде қазіргі Қазақстанның батыс облысындағы көшпенді түркі тайпаларының тарихи-географиялық сипаттамалары берілген. Араб тарихшысы және географы ал-Масудидің Қазақстанның ерте орта ғасырдағы тарихи географиясына қатысты 30 томдық «История времени» атты тарихи географиялық энциклопедиясында түрік тайпалары туралы тарихи-географиялық деректер зерделенген.

Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан тұрғындарының тайпалық құрылымдары және қалалар мен сауда жолдары жайлы өте

маңызды деректерде ал-Макдисидің «Лучшее разделение познания климатов», Исхак ибн ал-Хусейннің «Груды жемчугов с описанием знаменитых городов в любом месте», ал-Марвазидің «Природные свойства животных», ал-Идрисидің «Развлечения истомленного в странствии по областям», Ибн Баттуттың «Подарок созерцающим о диковинках городов и чудесах путешествий», Ибн Хальдунның «Книга назиданий и поучительных примеров» атты еңбектерінен кездестіруге болады.

**Парсы деректері.** Тарихты зерттеулердің аталмыш уақыт кезеңі көршілес және шығыс мемлекеттерінің жекелеген авторларының негізінен жазбаша материалдарына жүгінеді. Нарративті шығармаларындағы маңызды материалдар, негізінен, тарихи, географиялық және мемуарлы шығармалар болып табылады. Олардың ең бастысы парсы тілінде жазылған. Бұларды араб, түрік және шағатай тілдеріндегі шығармалар толықтырады, көрсетілген деректегі алшақтаған деңгейі әртүрлі. Көршілес жатқан шығыс түркістандық авторлардың еңбектері нақты деректермен жазылған. Сонымен бірге өте көлемді және жеткілікті нақты мәліметтер Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу туралы жазылған.

Ала ад-дин Ата-Малик Джувейнінің (1260) «История миропокорителя» атты еңбегінде XIII ғасырдағы Қазақстан шекарасындағы қалалар мен ауылдар, Шағатай мен Жошы ұлыстарының қоныстануы туралы деректер берілген. Фазалаллах Рашид ад-диннің «Сборник летописей» атты XII-XIII ғ. еңбегінен тарихи-география мен тарихи-элеуметтік негізгі деректерді моңғол және түрік тайпалары мен халықтардың тарихынан көруге болады. Низам ад-дин Шамидің «Зафар-наме», Шараф ад-дин Йазди «Зафар-наме» Муин ад-дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Муини», Хафиз-и Аbru «Маджма ат-таварих» және әл-Джурджанидің «Масалик аль-мамалик» атты зерттеулерінде Дешті Қыпшақ және Оңтүстік Қазақстан, Жетісу мен Шығыс Қазақстанның тарихи географиялық деректері зерделенген.

Көрнекті тарихшы және әдебиетші мырза Мұхамед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» (XIV-XV ғ.) атты зерттеулерінде Қазақстан хандығының тарихына байланысты Моғолстан мен

Қазақстан территориясына көршілес жатқан мемлекеттерге қатысты маңызды деректерді көруге болады. Камал ад-дин Бинайдың «Шайбани наме» және «Футухат хани» еңбектерінде Дешті Қыпшақтың тайпалары, Сырдария түбегіндегі Отырар, Сығанақ, Сауран қалалары және Қазақ хандығы тайпалары туралы құнды мәліметтерді көре аламыз. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфханидің (XV-XVI ғ.) «Михман-наме-йи Бухара» атты зерттеулерінде Дешті Қыпшақ және Түркістан, Сырдария маңындағы Оңтүстік Қазақстан қалалары туралы тарихи-географиялық мәліметтер жазылған.

Масуд ибн Кухистанидің «Тарих-и Абулхайрхани» атты зерттеулерінде Дешті Қыпшақ халықтарының ру-тайпалық құрамы туралы келтірілген. Зайн ад-дин Васифи «Бадаи аль-вакай» деген еңбегінде Сырдария маңындағы қалалардың өмірі, әртүрлі елдер, жерлер туралы жазылған. Хафиз Таныш ибн Мир Мұхаммад Бухаридың «Шараф-наме-йи шахи» атты еңбегінен Сырдария маңындағы қалалардың экономикалық және этнографиялық жағдайын, Қазақстанның шекаралары туралы әртүрлі деректерді кездестіруге болады. Махмуд ибн Валидің «Бахр аль-асрар фи манакиб аль-ахйар» атты энциклопедиялық еңбегінде (XVII ғ.) Қазақстанның кейінгі ортағасырлық тарихы, тарихи-географиясы, Сырдарияның орта ағысындағы қалалары сипатталып жазылған.

**Түркі деректері.** XI ғ. басында Орта Азия мен Қазақстан шекарасында ерте ұйғыр және түрік жазбалары таралды. Турфан оазис құжаттарынан IX-X ғасырларда Түркі ордасында соғды жазуы кен етек жайды. Кейінгі кезеңдегі түркі деректері Абдаллах Балхидің «Зубд аль-асар» атты еңбегінде келтірілген. Тарихшы, ақын, басшы Ұлы Моғол империясының негізін қалаған Бабырдың (1483-1530) «Бабыр наме» деген еңбегінде қазақтардың этникалық тарихы, Жетісудағы Моғол туралы деректер, Шығыс Дешті Қыпшақтағы Әбілқайыр мемлекеті, Оңтүстік Қазақстан тарихи-географиясы жан-жақты зерделенген.

Түрік тілінде: Махмұд Қашғари, Әлішер Науаи, **Әбілғазы хан**, Ұлықбек, Баласағұн, Иассауи трактаттары кенінен таралды.

Тарихи шығарма «Чингиз-наме» деген Өтеміш Қажы еңбегінде орта ғасырдағы Қазақстан халқының саясаты, этносаясаты, әлеуметтік-мәдени өмірі көрініс тапқан. Шығыстағы Дешті Қыпшақ, Сырдария маңындағы қалалар, түркі-моңғол тайпаларының құрылуы Мұхаммад Салихтың «Шайтани наме» деген оқулығында берілген.

Қадырғали Жалайырдың «Жами ат-тауарих» (1602) атты тарихи еңбегінде Қазақ хандығының XV-XV ғасырлардағы тарихи географиясы мен тарихы жазылған. Абулғазидың «Генеалогии тюрков» («Шаджара-ий тюрк») атты еңбегінде Орталық Азияның аумағындағы көп облыстардың саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихи, этнографиялық және тарихи-географиялық деректері зерделенген.

**Орыс және батыс деректері.** Қазақстанның солтүстік бөлігінің тарихын зерттеуде Сібір жылнамалары: «Строганов жылнамалары (XVII ғ.)», С. Есиповтың «Сібір жылнамасы (1687)», «Ремезовтің жылнамасы (XVIII ғ. басы)» маңызды дерек болып табылады. Бұларда осы территориядағы және Сібірдегі тайпалардың жіктелуі жайлы мәліметтер бар. XVII ғасырдағы қазақ далалары арқылы Ресейге Бұхарадан және Хиуадан қырыққа жуық елшілік және Орта Азияға 9 орыс елшілік өткен. «Үлкен сызбаларға» арналған зерттеуде қазақ туралы мәліметтер бір тарауда қамтыған. С. Ремезовтің «Сібірдің сызба кітабында» көрсетуге мүмкін болған барлық географиялық объектілер – таулар, өзендер, көлдер, өткелдер, құдықтар, сонымен қатар елді мекендер, олардың арақашықтығы, Қазақстан территориясына қатысты тарихи-географиялық мәліметтер жақсы берілген.

XIV-XVII ғасырлардағы Азиялық елдерге және Ресейге дипломаттардың, саудагерлердің, миссионерлердің (Г. де Клавихо, С. Герберштейн, И. Барбаро, А. Контарини, А. Вид, А. Дженкинсон, Ф. Авриль, А. Омарий) саяхаттары мен іс-сапарлары қазіргі Қазақстан территориясындағы этносаяси бірлестіктер жайлы тарихи-өлкетанулық және этнографиялық мәліметтерден тұратын жаңа нарративті деректер базасының құрылуына алып келді.

Орыстың картографиялық материалы қолданылған С. Герберштейн мен А.Видтің карталарында Жайыққа дейінгі жерлер

көрсетілген. 1558 жылы Мәскеудегі ағылшынның «Мәскеу компаниясының» тапсырмасымен саудагерлік мақсатта Орта Азияға жіберілген А. Дженкинсонның (1562) картасы Қазақстан жайлы географиялық мәліметтерді толықтыра түсті. Картада ол қазақтарды Сырдария жағалауы, ал ноғайларды Жайық жағалауы маңында қоныстанғанын көрсеткен.

Жазба деректерге қысқаша шолу жасай отырып, нарративті ортағасырлық Шығыс, орыс және Батыс деректерінің көп бөлігі ғылыми айналымға енген деп қорытынды шығаруға болады. Шығыс авторларының еңбектеріндегі Қазақстанға қатысты тарихи материалдар өзара байланыссыздығымен сипатталады. Онда саяси тарих, ондағы тайпалардың, халықтар мен билеушілердің көрші елдермен қарым-қатынасы тарихы жайлы мәліметтер берілген. Ал этникалық құрамы, шаруашылық түрі, рухани және материалдық мәдениеттілігіне қатысты мәліметтер үзінді түрінде келтірілген. Шығыс деректеріндегі мәліметтер батысеуропалық, кейіннен орыс саяхаттанушылардың, елшілерінің, ғалымдарының жаңалықтарымен, сонымен қатар орыс жылнамалары мен мұрағаттарындағы мәліметтермен толықтырылады.

**Халық ауыз әдебиетіндегі өлкетанулық материалдар.** Жырау поэзиясы XVI-XVIII ғасырлардағы хандықтың негізгі ойшылдары, хан қызметкерлері мен кеңесшілері, тайпаның әскер басшылары ретінде қарастырылған. Далалық ауыз әдебиетінің көрнекті тұлғалары – Шалкиіз Тіленшіұлы (1465-1560), Доспамбет жырау (1490-1523), Жиёмбет жырау (XVII ғ.), Марғаска (XVII ғ.), Ақтамберді (1675-1768), Тәттіқара (1705-1780), Үмбетей (1697-1786), Бұхар жырау Қалқаманұлы (1698-1778).

Есім, Тәуке, Тұрсын, Абылай хандар, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Сырым билер жайлы, Бөгембай, Есет, Қабанбай, Қарасай, т.б. бағырлар және тарихи-эпикалық, тарихи-батырлық мазмұндағы шығармалар – өлке тарихы бойынша таптырмас құнды деректер. Поэзияда «Ұлы жұт» кезеңдегі Қазақстанның сол немесе өзге де аймақтарындағы оқиғалар жақсы суреттелген: («Ақтабан шұбырынды») «Қаратаудың басынан көш келеді» әнінің мазмұны осыған сәйкес келеді.

**Тарихи-топонимикалық аңыздар.** «Ыстық көл туралы аңыз», «Қорқыт туралы аңыз», «Оқжетпес», «Атасу», «Токпанның балалары», т.б. атты зерттеулерде өте көне кезеңде өмір сүрген тарихи тұлғаға қатысты белгілі бір жердің тау, көл, су, т.б. тарихы келтірілген.

Қазіргі кезеңдегі қоғамдық пікірде тарихи ес мәселесіне айрықша көңіл беріліп, жиі назар аударуда. Тарихи зерденің елеулі бір саласы ретінде танылған адамзат баласының тербеліп өскен төл бесігі – жер Ананың географиялық елді мекен атауларына дейін қоғамдық пікірде қайта ерекшеленіп, сын көзбен қаралып, жаңаша мән-мағына берілуде. Атамекен жеріміздегі топонимикалық атаулардың шығар көзі – ғасырлар бойы фольклор мен эпостық, тарихи жыр-дастандар арқылы тарих кешінде жиі алмасқан ұрпақтар сахнасында сақталып, жалғастық дәстүр негізінде тұрақтанып қорланатын тарихи естің жиынтығы іспеттес. Түркі халқының тарих сахнасына шығып, мемлекет құрған кезеңі, Түркі қағанаты дәуіріндегі елді мекен, жер-су атаулары тікелей сол халықтың ана тілінде жасалып, сап алтындай қоспасыз таза сақталған түрін тасқа мәңгілікке қашалып жазылған Орхон-Енисей жазба ескерткіштері талассыз айғақтап отыр емес пе?

### 2.3. Тарихи өлкетанудағы археологиялық деректер

**Археологияның өлкетанудағы ролі.** Археология ғылым ретінде адамзаттың тарихи өткенін (алғашқы қауым, ежелгі және орта ғасырлардағы) заттай ескерткіштер бойынша зерттейді және солар арқылы адамзат қауымының өткенін қарастырады. Заттай деректерді ежелгі дәуір мен ортағасырлық ескерткіштерден қалған жәдігерлер құрайды. Археологиялық зерттеудің негізгі нысаны бұрынғы заманнан қалған қоныстардың орны, кен өндірісі, керуен сарайлар, әскери бекіністер мен қала орындары, үй іші заттары, обалар, зираттар және тағы басқалар.

«Археология» термині б.з.д. IV ғасырда көне заманды зерттейтін ғылым ретінде қолданыла бастады. Ғылыми тұрғыдан

археологиялық зерттеулер Еуропада тек Қайта өркендеу дәуірінен бастап жүргізілді. Еуропалық ғалымдар ол кезеңде, көбінесе, грек және рим мәдениеті мен өнеріне, яғни антика дәуіріне қатысты ескерткіштерді зерттеді. Жалпы «археологиялық мәдениет» термині бір уақытқа жататын, сол табылған жеріне байланысты өзіндік ерекшелігі бар, белгілі бір аймақта ғана шоғырланған археологиялық ескерткіштерді атау үшін пайдаланылады.

1950-1990 жылдары Қазақстанда археология ғылымы ерекше дамыды. Еліміздегі басты археологиялық орталық – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. Ол отандық археологтардың археологиялық зерттеулерін үйлестіруші және бағыттаушы орталық болып табылады. Сондай-ақ Республика жоғары оқу орындары арасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археология, этнология және музееология кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің археология және этнология кафедралары жетекші болып келеді.

Көне жазбалар бойынша ескерткіш мағынасына «археологиялық дерек» және «археологиялық ескерткіш» мағынасы өте жақын. Бұл ұғымның мағынасы тарих ғылымынан бұрын археология пайда болғанға саяды. Тарихи түсініктің бірі – тарихи дерек ұғымы ертеден бастау алады. Кейінірек археология ғылымының дамуына байланысты тарихи деректерді: жазба және заттай, яғни археологиялық деп екі топқа бөлді. Егер ғылыми тұрғыдан «археологиялық ескерткіш», «археологиялық дерек» сөздерін қарастыратын болсақ, олардың мағынасы бірдей. Егер ғылыми сараптамадан өтіп, ғылыми зерттеу объектісі болған жағдайда археологиялық ескерткіш толық археологиялық дерек болып табылады.

Бірақ дәстүрлі түрде ескерткіштерді дерек ретінде, сондай-ақ заттай жеке заттар ретінде де оларды қарастыруға, табылған заттарды заттай дереккөзі ретінде танып білуге болады.

Археологиялық ескерткіштер әр кезеңге қатысты әртүрлі келеді. Қазақстан территориясында олардың негізгі түрлері ретінде:

коныстар, тұрақтар және бекініс қорғандар, жерлеу орындары, қорғандар, кесенелер, қоймалар, петроглифтер, тастағы танбалар, тау жыныстары, су каналдары және т.б. қарастырылады.

Заттай ескерткіштер өндіріс құралдарын пайдаланғанын, солардың көмегімен жеке және қоғамдық сәулет құрылыстары салынуы, материалдық заттар – сәндік бұйымдар, киім, көркем өнер туындылары, теңгелер, қару-жарақ және т.б. жасалынуы, яғни адамдардың көпғасырлық еңбектерінің нәтижесі болып табылады. Заттай ескерткіштермен айналысатын археолог-мамандар қазба жұмыстарын жүргізеді, тапқан заттарды қалпына келтіріп, одан кейін уақытын белгілеп, топтастырады және зерттей отырып, жасаған жұмыстарының қорытынды есебін жариялайды. Ережеге сай археологтар тарихшылар секілді өздерінің барлық қорытындыларын заттай және жазбаша мәліметтерді пайдалана отырып пайымдайды. Тарихты ғылым ретінде археология уақыты және аумағы жағынан айтарлықтай кеңейтті. Жалпы археологтар деректерді ұсынып, оның маңызды деңгейін жазбаша деректермен толықтырады.

Археологиялық ескерткіштерге қоныстар және жертөлелер, бекініссіз (тұрақтар, қыстақтар) және бекіністі (қалалар) елді мекендер, қабір үстіне салынған құрылыстар (обалар, молалар) және жер астынадағы жерлеу орындары, жерлеу мүлкі көмілген жер жатады.

*Қазақстан аумағындағы ежелгі қоныстар мен қалаларды зерттеудегі археологияның маңыздылығына* қоныстардың қалыптасуы мен дамуы, негізгі шаруашылық-мәдени түрдің (көшпенді, жартылай көшпенді және отырықшы мал шаруашылық, егіншілік) әсері, қола дәуірі, ерте темір ғасыры, ерте және кейінгі орта ғасырлар, Қазақ хандығы кезеңіндегі қоныстардың ерекшеліктері кіреді. Қазақстан жеріндегі алғашқы қалалар туралы ақпарат VI ғасырға жатады. Алғашқы қалалар Сырдария мен Жетісу өзендері алқабында болды. Бүгінгі таңда археологтар еліміздің оңтүстігі мен Жетісудың оңтүстік-батысынан VI-IX ғасырларға жататын қалалардың қалдықтарын тапты. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында 30-дан астам қалалар – Түркістан,

Отырар, Сайрам, Сауран, Созақ, Манкент, Шымкент және т.б.; Жамбыл облысында 20-дан астам қалалар (Тараз, Құлан, Меркі, Саудакент, Ақыртас және т.б.); Алматы облысында Қарамерген, Ақтам, Алматы, Талхир, Лабан, Екіоғыз, Қаялық және басқалар; Қызылорда облысында 30-дан астам қалалар мен бекіністер бар. Мұндағы Жетіасар мәдениетінің қалалары мен бекіністері (Алтынасар және т.б.), Жент, Шірікрат (Сақ мемлекетінің астанасы), Жанкент (Оғыз мемлекетінің астанасы), Сығанақ (Ақ Орда, Қазақ хандығы астанасы) айтарлықтай белгілі. Қарастырылып отырған хронологиялық кезең бойынша аз таралған Қазақстанның басқа да аймақтарындағы қалалар – Атырау облысындағы Сарайшық, Ақмола облысындағы Бозоқ бар.

Археологтар тұрақты қоныстарды жартылай көшпенділердің қыстауы, отырықшы қыстақ пен қала сияқты үш түрге бөледі. Көшпенділер мен жартылай көшпенділер қоныстарының құрылысы мен көлемі біркелкі емес екендігін ерекше атап өтуге болады. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда орта ғасырлар көшпенділердің отырықшылануы, колөнердің дамуы мен сауданың өсуі, мүлік теңсіздігі, қала өмірінің пайда болуы үдерісінің болуымен басталады. Жалпы, қалалардың гүлденуі VI-XII ғасырлардан байқалады, яғни оған тек сауда, экономика мен колөнердің дамуы ғана емес, Ұлы Жібек жолының рөлі де себепші болды. Сырдария, Шу мен Талас, Жетісудың қалалық мәдениеті үшін татар-моңғол шапқыншылығының және оның салдары туралы да айтпай кетуге болмайды. Қоныстар мен қалалардың қайта көтерілуі XV-XVI ғасырлар, яғни Қазақ хандығының қалыптасуымен байланысты болды. Қазақстанның қазіргі елді мекендері ішіндегі өзінің ежелден қала мәртебесінде келе жатқандары – Түркістан, Тараз және Шымкент қалалары.

Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы қалалардың әртүрлі бөліктерінің жоспары біркелкі емес. Оған үлкен және кіші қалаларда цитадель, шахристан және рабадтың міндетті түрде болуы жатады. Цитадель және оның біршама бекіністі бөлігі – қаланың маңызды элементі және ортағасырлық феодалдық билеушінің резиденциясы, Шахристан сарайдағы ауқатты тұлғалардың

шоғырланған орталығы. Рабат колөнер-сауда орталығы болған. Қалалық орам (квартал) қалыптасқан. Орам – орам аралық көшелер немесе бас көше бөлігін біріктірген бірнеше үй иелігінен тұратын қалалық құрылыс ғимараттары, қорғаныс құрылысы.

Қалалардың жоспарлануы мен құрылысындағы айтарлықтай өзгерістер Қазақстанның Ресей империясы құрамына кіргеннен кейін басталған-ды. Олар үшін стратегиялық жоспарда ең маңызды XVIII-XIX ғасырларда Орал, Тобыл мен Ертіс өзендері бойына қала-бекіністер салу құрылысы болды. Оларға көше-орамдар, көшелер мен тұйық көшелерді тік бұрышта қиып өтетін шахматтық жүйе тән еді. Қала жоспарындағы радиал-айналма жүйенің басымдығы оларға аса маңызды болмады. Типтік сәулет жарасымдылығы және т.б. тән қалалық және губерниялық әкімшіліктер кіретін мекемелердің күрделі жаңа ғимараттар құрылысы басталды. Ресейдің солтүстіктен оңтүстікке қарай біртіндеп отарлауында орыс казактары қалалар тұрғызды, оның басым бөлігі бүгінде де өмір сүріп жатыр (қараңыз, сонымен қатар қала мәртебесін жоғалтқан Қазақстанның елді мекендері). Қазіргі қалалардың басым көпшілігі XX ғасырда, негізінен, қазба байлықтар кенін ашумен байланысты пайда болды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда қала мәртебесінде 86 елді мекен бар, оның 27-сі немесе әрбір үшіншісі (32 %) – моноқалалар. Қалаларда республика халқының 56 %-ы тұрады. Әкімшілік бөліну бойынша 3 қала бірінші, 38 қала екінші, 46 қала үшінші деңгейде. Қазақстанда 50 мыңнан астам тұрғын тұратын 28 қала бар. 14 қала: *Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Петропавл, Талдықорған, Тараз, Орал, Өскемен, Шымкент* – облыс орталығы. Екі қаланың Алматы мен Астана (Елорда) республикалық маңыздағы мәртебесі бар. Қалған үлкен қалалардың көпшілігі облысқа бағынышты қалалар: Шығыс Қазақстан облысындағы Семей; Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан, Кентау; Павлодар облысындағы Екібастұз; Қостанай облысындағы Рудный мен Арқалық, Маңғыстау облысындағы Жаңаөзен; Қарағанды облысындағы Теміртау, Жезқазған, Балқаш, Сәтпаев, Шахтинск. Сондай-ақ Алматы облы-

сындағы Қаскелең мен Атырау облысындағы Құлсары қалалары ауданға бағынышты қалалар болып табылады.

**Археологиялық деректердің ерекшеліктері.** Ежелгі дәуір, ерте және кейінгі орта ғасыр кезеңдерінің археологиялық материалдары тарихты қайта қарауға негізгі дерек болып табылады. Археологиялық деректерді пайдалана отырып, өлкетанушы өлкенің көне кезеңінен бастап, кейінгі кезеңіне дейін бір бағытта зерттеп шығуына болады.

Археологиялық материалдарға сараптау жүргізуге классикалық әдіспен ескерткіштердің жасын анықтау: салыстырмалы-типологиялық талдау, картаграфиялау және де басқа жаңа әдістер: археомагниттік, дендрохронологиялық, радиосутектік, термолюминесцендік, спектральді, химиялық, астрофизикалық (интенсивті күн радиациясы), ленталық балшықпен биологиялық мерзімдеу, спорамен, елді мекендердің мәдени қабатындағы тозанды зерттеу жатады.

**Археологиялық материалдарды сараптаудың бірінші сатысы** (классификация және типология). Археологиялық табылған заттың категориясы, тобы, класы, типі және түрі бойынша дифференциациясын жүргізу керек. Археологиялық табылған заттың бес категориясы: тастан жасалған бұйым, керамика, сүйек, металл, ағаш және басқа да материалдар болып табылады. Категориялардың топ бойынша бөлінуі: керамика: илеу, тек қолдан жасалған және саздан жасалған. Өзгеше екендігін және заттардың ұқсас кешендерінің таралуын картада көрсету қажет. Осы карталар арқылы тайпаның, рулар мен халықтардың қоныстануы, сауда жолдарын анықтау, елді мекендер, қалалар мен қалашықтар аумағының шекарасын анықтау ғылыми тұрғыдан маңызды болып келеді.

**Археологиялық жұмысқа дайындық барысы.** Археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу немесе арнайы барлау жүргізу сенім берілген мемлекеттік органдарға «Ашық қағаз» беру арқылы орындалады. Ашық қағаздың категориялары: а) №1 – ерекше археологиялық жұмысқа құқығы; ә) №2 – ескерткіш алаңындағы кішігірім аумақты барлау жұмысын ашу; б) №3 – өндірісі жоқ

жерге археологиялық барлау жасау; в) №4 – табиғи апаттардан қауіп төну нәтижесінде немесе жерді өңдеу жұмысы барысында археологиялық ескерткіштерді зерттеу. Осындай «Ашық қағаздар» археологиялық орталықтан мекеменің сұранысы бойынша бір ғана адамға бір маусымға беріледі. Сол «Ашық қағаз» берген мекемеге ғылыми қорытынды көрсету қажет.

Археологтың жұмысы дала жұмыстары кезінде өте жауапты, өйткені табылған артефактарды сақтау қажеттілігі туады. Экспедиция кезінде табылған материалдар мұқият тазаланып, жуылды, арнайы нөмірлер түсіріліп, коллекциялық жазбаға жазылады.

Археологияда ең маңыздысы – табылған ескерткіштің жасын анықтау. Қазіргі кезде классикалық зерттеуден басқа археомагниттік, дендрохронологиялық және радиокоміртекті (С-14) зерттеулер бар.

Археомагнитті әдіс күйдірілген қыш, кірпіш, керамика бұйымдардың жасын анықтауда пайдаланылады. Өйткені балшықтың магниттелетін қасиеті бар, бірақ оны, алдымен, қатты қыздыру керек, сонда керамиканың бойында термостатикалық магниттілік пайда болады. Осылай керамиканың немесе кірпіштің қай уақытта күйдірілгені дәл анықталады.

Геологтар мен физиктердің зерттеулері тау қыртыстары мен топырақ қыртыстары жер бетінде пайда болған кездегі магниттілігін сақтайтынын дәлелдеді.

Дендрохронологиялық әдіс ағаш құрылыстар мен бұйымдардың жасын дәл анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, дендрохронологиялық әдіс арқылы Шілікті қорғанындағы ағаш бөренелерден құралған саркофагтың жасы дәл анықталды.

Радиокарбондық әдіс тірі жануарлар мен жәндіктер және атмосферадағы бірдей радиоактивті көміртек көлемін зерттеу кезінде қалыптасқан. Көміртектің ағзаға тұрақты келіп отыруы ағзаның өзінің қызметін тоқтатуымен доғарылады. Радиоактивті көміртек тіршілігін тоқтатқан өсімдік пен жануардың ағзасы біртіндеп ыдырайды. Жартылай ыдырау кезеңі 5730 жылға тең келеді. Табылған ескерткіш көне болған сайын онда көміртек азая береді. Қазіргі кезде бұл әдіс ең дәл көрсететін әдістерге жатады.

Осы әдіс арқылы 2000-нан астам ескерткіштің пайда болу кезі осылай белгіленді.

Соңғы кездері термолюминесценция әдісі қолданысқа ене бастады. Әдіс бойынша ежелгі керамиканы 400-500 градусқа дейін қыздырғанда жарқырай бастайды. Жарық неғұрлым қатты жарқыраған сайын керамика соғұрлым ежелгі.

Археологтар үнемі көптеген заттармен жұмыс істейді, оларға құралдар, ыдыстар, адамдардың қалдықтары, қорғандар мен қалалардың орындары жатады.

Көптеген сынақ заңды қағидаларға өзгерістер әкелді. Генетика археологтарға мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу тегін анықтауға мүмкіндік береді. Ұзақ уақыт бойы иттің арғы тегі қорқау қасқыр деп есептелді. Бірақ генетиканың дамуымен қорқау қасқыр мен иттің хромосомалары екі түрлі болғаны соншалық, иттің арғы тегі қорқау қасқыр емес екендігі дәлелденді.

Археологиялық материалды мектеп оқушыларына таныстыру оларды ғылыми ізденушілік жұмыстарына баулауға, ежелгі мәдениет ескерткіштерін қорғауға, қастерлеуге үйретеді. Мұның бәрі оқушыларға танымдық әсер етеді.

Жергілікті археологиялық материалды тарих сабақтарында және сыныптан тыс шараларда қолдануға болады.

Археологиялық материалдың ерекшелігі оны тек кітаппен ғана зерттеу мүмкін емес. Мұғалім оқушыларды тек кітап жүзінде ғана емес, археологиялық коллекциялар көрсетіп, жергілікті музейлерге апаруы тиіс. Жас ерекшеліктеріне байланысты 5-7 сынып оқушыларын сабақ бойынша экскурсиялар мен жергілікті өлкетану музейіне апарған жөн. Экскурсия кезінде оқушыларды тек аралатумен ғана шектемей, экспонаттарды түсіндіру керек.

**Экскурсия сабағы.** Оқу экскурсиясы кезінде, әдетте, оқушылармен әңгімелесу және осы уақыт кезінде музей ішінде оларға өздік жұмыс, сонан соң өздерімен бірге қарындаш, дәптер әкелу тапсырылады. Тәжірибе көрсеткендей, мынадай әңгімелесу экскурсия сабақтың тиімділігін арттырады. Оқушылардың өздік жұмыстарынан: 1) олардың көзқарасы бойынша тас дәуірі кезіндегі адамдардың ең маңызды деген 3-4 құралын салып келу, 2) па-

леолит, мезолит, неолит кезеңіндегі тұрақтардың тізбегін салып әкелуді тапсыру; 3) неолит, қола, ерте темір дәуірі ыдыстарының сыртындағы өрнектерді салдырту; 4) музейден алғашқы адамдар ойлап тапқан бірнеше құрылғының қазіргі күнге дейінгі түрлерін көрсету сияқты тапсырмалар беруге болады.

Археологиялық үйірмелердің көбі өзіндік зерттеулер, кейбіреулері тек археология жайлы сырттай түсінік ғана жасайды. Мұны түзету уақыты жеткен сияқты.

#### 2.4. Этнографиялық дереккөздер және оларды туған өлкенің тарихын зерттеу үдерісінде қолдану

**Өлкетанудың этнографиядағы ролі.** Этнография тарих ғылымы сияқты халықтардың мәдени және тұрмыстық ерекшеліктерін, олардың шаруашылық-мәдени түрлерін, өмір сүру жүйелерін, этногенезі мен этникалық тарихының мәселелерін, халықтардың мәдени-тарихи өзара қарым-қатынастары мен орналасуын зерттейді.

Этнография термині грек сөзінен «этнос» – ел, халық және «графо» – жазамын немесе «логос» – зерттеймін, яғни халықты сипаттау, халықтану болып табылады. Этнографиялық зерттеудің негізгі әдістемесі – әлем халықтарының тұрмысы мен өмірін тікелей бақылау, олардың қоныстануы мен тарихи-мәдени қарым-қатынасын зерттеу. Соңғы онжылдықта этнография термині ғылым саласы ретінде этнология терминімен алмасты. Шетелдерде этнография (этнология) жалпы адамзатты танып-білетін – антропология саласының бірі ретінде қарастырылады.

Этнография ғылым саласы ретінде XIX ғасырдың ортасында Еуропа мен Америка елдерінде қалыптасты, осыған дейін тарихи зерттеулердің бір саласы ретінде қолданыста болды. Оның негізгі себептерінің бірі Ұлыбритания империясының құрамына енген жүздеген елдерді басқару қажеттілігі еді. Аталмыш ғылымның негізін салған А. Бастиан, И. Баховен, Эд. Тэйлор, Л.Г. Морган,

Дж. Леббок сияқты ғалымдар ағылшын империясы құрамындағы өркениеттік даму дәрежесі төмен тайпалардың әдет-ғұрыптары, материалдық мәдениеті мен руханиятын, басқа да ерекшеліктерін зерттеумен айналысты. Этнографияның бұл саласын ғылымда этнология деп атайды. XIX ғасырдың 30-40 жылдарында Еуропа және Америкада алғашқы этнологиялық қоғам қалыптасты. 1839 жылы «Париж этнологиялық қоғамы», 1842 жылы «Америка этнологиялық қоғамы» құрылды.

XVII-XVIII ғасырларда «белгісіз халықтардың» өмірін зерттеу мақсатында бірнеше экспедиция жаракталды. Олар өз зерттеулерінде Ресейдің көршілес елдерін зерттеумен шұғылданды. Ғылым академиясының экспедициясы Сібір, Орал, Орта Азия және басқа да аудандарды зерттеумен айналысты. Кейде этнографиялық алғашқы ғылыми еңбектер де жарыққа шығып жатты. Солардың бір бөлігі Қазақстанға арналды. Міне, нақты осы кезеңде қазақ халқының дәстүрлері, салттары жайында алғашқы жазбалар пайда болды. Олар өлкенің тарихи, табиғи ерекшелігін сипаттады.

Этнографиялық өлкетанудың объектісі ретінде мәдени өміріндегі тұрмыстық ерекшеліктер, олардың шығу тектері, өзгерістер ескеріледі. Ертедегі адамдардың мекенжайлары, тұрақтары, қорым, зираттары, қоныстардың орындары, олардың сыртқы құрылымдары тұрғын үйдің ішкі ерекшеліктері, әртүрлі қоныстар зерттелінеді. Ғылымның бұл бағытын «этноархеология» деп атайды.

Этнографиялық бақылаулардың негізгі міндеті – өткен кезеңнің оқиғаларын өзгертпей баяндау, сонымен қатар қандай жаңа өзгерістер болғанын айту. Халықтың тұрмыс-тіршілігі этнографиялық зерттеудің басты объектісі болып табылады. Этнография басқа тарихи пәндермен, әсіресе археологиямен, антропологиямен, мәдениеттанумен, географиямен, архитектурамен және этнолингвистикамен байланысады. Бұдан басқа ол жазбаша және графикалық құжаттарды, заттық және тұрмыстық материалдарды пайдаланады. Ал осының өзі этнографияны басқа тарихи ғылымдардан ерекшелейді.

Этнография түрлі әлем халықтарының, нақты елдің, аймақ пен облыстардың ортасында тұрмыстық және мәдени үдерістерді зерттеумен айналысады. Тұрмыс деп жеке және қоғамдық өмірдің үйреншікті, қалыптасқан, дәстүрлі формаларын атайды. Бұл тұрмыс формалары барлық этностарда ортақ, сондай-ақ айырмашылықтары да болады. Этнос мәдениеті деп бір этносқа қатысты барлық мәдени жетістіктер жиынтығын атайды.

Мәдениеттің өндірістік, өмірді қамтамасыз ететін, әлеуметтік нормативті және танымдық сияқты төрт жүйесін атауға болады. Мәдениеттің өндірістік жүйесі деп қолданудың өндірісі шектелген көлемде материалдық керек-жарақтар, еңбек құралдардың өндірілуін атайды. Өмірді қамтамасыз ететін жүйеге тікелей өмірі мен қызметін қолдауға бағытталған механизмдер мен құралдар жиынтығы жатады. Сондықтан да онымен байланысты кешендерді, мысалы, баспанасы мен елді мекендерін, тағамдары мен ыдыстарын, киімдері мен әшекей бұйымдарын жүйенің құрамды бөліктері ретінде қарастыруға болады.

Мәдениеттің әлеуметтік нормативті жүйесіне әдет-ғұрып, рәсімдер, діни институттардың едәуір бөлігі, түрлі әлеуметтік құрылымдар жатады. Мәдениеттің танымдық жүйесіне білім мен тәжірибенің ғылыми және эмпирикалық жиынтығы, сондай-ақ сезім жолымен жүзеге асатын таным саласы да қатысты.

Этнография өлке тарихы мен мәдениет генезисін оқып, түсінуге көмектеседі. Мысалы, Қазақстан аумағында мал шаруашылығы шаруашылықтың жетекші саласы ретінде қола дәуірінде орныққаны белгілі. Алдыңғы Андронов кезінде-ақ отырықшы тайпалардың кешенді шаруашылығы, үй жанында мал өсіру, кетпенді егіншілік, аң және балық аулау пайда болған. Алғашқы кезде бұл бірыңғай өндіруші шаруашылық болды, онда мал шаруашылығы мен егіншілік әлі де дербес өндіріс салалары ретінде бөлінбеген еді. Б.з.б. II мыңжылдықтың ортасына қарай бұл жағдай өзгерді: шаруашылықта, археологиялық деректердің көрсетіп отырғанындай, алыс жерлерге көшуге және қысты күні тебінгілі жайылымға бейімделген қой мен жылқы сияқты жануарлардың үлес салмағы күрт өседі. Тұрғындардың көшіп-қонуы

артып, далалық жайлымның алқаптарды игеру үдерісі жүріп жатты. Мал шаруашылығының жеделдете дамуы барысында ежелгі тұрғындар арасынан шаруашылықтың осы саласымен айналысатын бақташы тайпалар бөлініп шықты. Қазақстан аумағында б.з.б. II мыңжылдықтың орта шенінде болған тұңғыш ірі қоғамдық еңбек бөлінісі шаруашылық қызметінің жаңа түрі – көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының біржола қалыптасуы үшін қажетті алғышарттар жасады.

Б.з.б. I мыңжылдықтың бас кезінде-ақ Қазақстанның далаларында, шөлейт және таулы аудандарда жартылай көшпелі және көшпелі мал шаруашылығы негізгі, ал содан соң үстем шаруашылық түріне айналады. Мұндай өзгерістер бірқатар себептерге байланысты еді, ал олардың ішіндегі ең бастысы бір-бірімен аса тығыз байланысты табиғи-географиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлар болатын.

Б.з.б. II мыңжылдықтың аяғы мен I мыңжылдықтың басында басқа далалық аудандардағы сияқты Қазақстанда да климат өзгеріп, ол барған сайын қуандана берді. Табиғи су көздері кеміді, оның өзі үлкенді-кішілі өзендердің жайылмаларында егіншіліктің өрістеуін тежеді, ал кейбір аудандарда оны күрт қысқартты. Уақыт өткен сайын малшылық-егіншілік тайпалары ішінде үздіксіз көбейе түскен халық пен өндіргіш күштердің осы халықты күнкөріс құралдарымен қамтамасыз ете алмайтын үйлесімсіз төмен деңгейі арасында сәйкессіздік пісіп-жетіле бастады. Ежелгі тайпалар өз өндірісін тез жетілдіре алмады да, орын алған жағдайдан шығудың жолы бір ғана нәрсе – жер аумағын кеңейту деп білді. Қазақстанның суы аз жерлердегі суармалы егіншілікті дамытуға мүмкіндік бермеген далалық аудандары халқының көпшілігі үшін алғашқы экономиканың халық саны артуының өндіргіш күштеріне қысымын жоятын бірден-бір бағыты мал шаруашылығының көшпелі және жартылай көшпелі түрлеріне ауысу болды. Орасан зор жайылымдық алқаптары жағдайында мұндай шаруашылық бағыты мүмкін әрі тиімді болған еді. Тайпаларының өмірінде экономикалық ірі прогресс, алғашқы қоғамның өндіргіш күштері дамуына ілгері басқан қадам болды. Адам еңбегі неғұр-

лым өнімді бола түсті, өйткені шаруашылықтың мамандандырылуы мал, сондай-ақ ет, сүт, тері, жүн және т.б. түрінде артық өнім өндіруге кең мүмкіндіктер ашып берді.

**Этнографиялық дереккөздердің жиынтығы.** Этнографиялық дереккөздер түрлері: мәдениеттің материалдық заттары – артефактілер; аңыз-әңгімелер немесе мемораттар; классикалық жазбаша нарративті дереккөздер.

Этнографтардың негізгі зерттеу дереккөздері – далалық экспедициялық материалдар. Далалық бақылаулар түрлері біршама алуан түрлі. Дала күнделігі, әңгімелер жазбасы, қарындашпен салынған бейнелеу суреттері, фотосуреттер, таспалық жазбалар, кинотүсірілімдер және т.с.с. барлығы далалық этнография жұмыстарын жүргізуге өте қажет. Зат ескерткіштерін: дәстүрлі ұлттық киімдерді, әшекей бұйымдарды, түрлі үй ыдыстарын жинау. Тарихи-өлкетану және этнографиялық музейлерге тапсыруды талап етеді.

Этнографтың далалық жұмысында екі басты әдіс бар: жылжымайтын және экспедициялық. Жылжымайтын әдіс – бұл зерттеушінің өзінің тұрғылықты жерінде немесе ұзақ уақыт бойы бір жерде бақылау жұмысы. Екінші әдіс – зерттеу жұмыстары кезінде бір жерде немесе түрлі пунктерде аз уақыттан болып орын ауыстырып тұруы.

Этнографтардың киімді дайындау әдістері, үй құрылыстары, этностардың материалдық және рухани мәдениеті объектілерінің терминологиясы мен этимологиясы бойынша мәліметтер жинау өте маңызды болып табылады. Қазіргі заманғы этнографиялық зерттеулердің негізгі әдістері біршама жетіліп келеді. Қазіргіні бұрынғымен салыстыру, содан қорытынды жасау тарихи өлкетану үшін қажет.

Елді мекендерді зерттеу тарихи өлкетану мен этнографияның маңызды міндеті болып табылады. Республикалық немесе облыстық мұрағаттардың, республикалық немесе облыстық, аудандық музейлердің материалдары негізінде нақты объекті жоспарын қолдану өте маңызды. Ауылдардың, кенттердің құрылуы мен дамуын, жоспарын талдау керек.

Елді мекендердің үш негізгі түрі: 1) ұялы; 2) шеңберлі; 3) сызықты. Ұялы ауылдар жекелеген ұсақ ауылдар тобы тәрізді. Бастапқы шағын ұядан біраз халқы бар, аумағы үлкен ірі ауылға дейін өседі. Ұялы ауылдар түйдек ауылдардың бірі түрі іспетті. Бұлардың эволюциясы шеңберлі ауылдардың мұрағаттарында көне тас ғасырынан бастап, XX ғ. басына дейін жалғасады. Мұндай ауылдардың қандай да орталықтың айналасында пайда болуы: көлдердің, қамалдардың, сауда алаңдарының және т.с.с. Көне дәуірден бастап, неолит пен энеолиттен бастап, шеңберлі тұрақтардың болуы. Көл айналасында орналасқан ауылдардың шеңберлі жоспарының айқын көрінісі. Ежелгі шеңберлі жоспардан уақыт өте келе радикалды жоспар пайда болған. Шеңберлі жоспардың бірқатар түрлері, оның ішінде жаңа дәуірге қатысты радикалды жоспарлар бар. Әсіресе жазбаша дереккөздердің көрсеткіштерімен салыстыру ауылдағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарды сипаттау үшін өте құнды материал береді. XX ғ. – сызықты тәртіп жоспарымен орналасқан ауылдардың кеңінен орын алуы. Жоғарғы жағалауда орналасқан, сызықты жоспармен салынған ауылдар отырықшы егін шаруашылығының дамуымен байланысты. Сызықты елді мекендердің жанында бақшалары бар үй-жайлар, ал ара-тұра жайылымдар жиі кездеседі.

Туыскандықтарымен байланысқан бірнеше отбасылардың бір ауылға бірігуі, туыскандардың жақын көрші ауылдарға орналасуы кездеседі. Киіз үйлердің қатар немесе жартылай шеңберлі, тұзу сызықпен немесе доға тәрізді оңтүстікке қарай орналасуы қазақ ауылына тән.

Ауылдардың өлшемдерінің өзгеруіне Қазақстанның Ресей империясының құрамына енуінің ықпалы, өндірістік ауылдардың дамуы, жайылымдардың қолданылуы, ыңғайлы орналасу деңгейі әртүрлі. Ауылдар өлшемінің жайылым өлшемдеріне тәуелділігі тағы байқалады. Өзендер жағасындағы шөбі шүйгін жайылымдарда жағдайы орта малшыларға тән ауылдардың іріленуі; жағдайы жақсы шаруашылықтарға арналған далалы, таулы аймақтарда ауылдардың азаюы орын алып келеді. Қысқы қыстақтардағы бір қоныста шағын шаруашылықтар санының бірігуі, жазғы

жайлауларға бірнеше қысқы ауылдың көшуі, әлеуметтік құрамы бойынша ауылдардың бөлініп, жіктелуі, міне, осының бәрі тарихи өлкетану үшін өте қызықты болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген ауыл түрлері жергілікті көшпенді қазақтарды қоса, халықтардың түрлі сатыдағы өмірлері туралы мұрағат дереккөздерінің көрсеткіштерін толықтыратын көрнекі құрал саналады. Аталған этнографиялық дереккөздерінің ерекше мәні әртүрлі тарихи дәуірлерде (ежелгі, орта ғасыр және жаңа дәуір) ауылдарды әлеуметтік-экономикалық сипаттаудың негізі болып келеді. Жоспарларда тек ауылдың сыртқы түрі ғана емес, сонымен қатар халықтың өмірі мен тұрмысы да бейнеленеді. Кейде жоспарлардың чертеждері арқылы түрлі тарихи кезеңдерден өткен ауыл тарихын бақылауға болатынын ескеру қажет.

Қазақ киіз үйі түрі киіз үйлерінің түрлері: жартылай сфералық доғалы (Ш.Ш. Уәлиханов бойынша сфериодалды), Р. Карутц бойынша доға тәрізді, Н.Н. Харузин бойынша шеңбер тәрізді. Киіз үйдің ағаш қаңқасының құрамы: 1) кереге – жылжымалы тор тәрізді негізі; 2) уық – күмбезді сырғауылдар; 3) шаңырақ – шеңберлі күмбез; 4) есік (сықырлауық), кереге мен уыққа арналған сырғауылдар саны, шаңырақтың бекітілетін ағаштарының тоғындары мен орналасуы, киіз үйдің есігінің бағанасы мен екі жаққа ашылатын қақпашалары, киізден жасалатын есік, 6, 8, 10, 12 қанатты киіз үйлер; киізбен қапталатын киіз үйлер: 1) туырлық – киіз үйдің негізгі жабындысы; 2) үзек – киіз үй күмбезінің жабындысы; 3) түндік – шаңырақтың жабындысы, бекітілетін баулары, белбеулер, басқұрлары, киіз үйдің бекітілуі, киіз үйдің ішкі жинақылығы таңғалдырады.

XIX-XX ғасырлар басындағы қазақтардың ауыспалы тұрақты үйлері пайда болады. Көшпенді халықтар арасында тұрақты үйлердің пайда болу себептері отаршыл саясаттың күшеюімен байланысты. Қыстақтарда тұрақты үйлер салынуының жаппай құрылысы, экономикалық және табиғи жағдайлардан туындаған және этникалық көршілеріне байланысты тұрғылықты үйлерді салудағы ерекшеліктер (құрылыс техникаларында, жылыту жүйесінде, шарбақтың жоспарында және т.с.с.) байқалады. Конус тәрізді шатыры бар

шеңберлі немесе шаршылы жоспармен салынған үйлер – тұрақты үйлердің көне түрлерінің бірі. Жалпақ немесе екі жақты шатыры бар, тік төртбұрышты үйлер жер үй түрі болып көрсетіледі. Олардың конструктивті ерекшеліктері: тоқылған, шымды, камыстан, тасан, бөренеден жасалған. Құрылыс материалдарын таңдауда географиялық, әлеуметтік және шаруашылық факторлар әсер еткен.

## 2.5. Тарихи өлкетанудағы демографиялық деректер

**Тарихи-демографиялық деректердің ерекшеліктері.** XVII ғ. аяғы-XVIII ғ. басында ежелгі, орта ғасырлардағы және жаңа заман кезеңіндегі халық санының арақатынасына қатысты туындаған дауға байланысты демографиялық деректерге сүйену қажет. Бұл мәселе XIX ғасыр соңында, әсіресе XX ғасырда яғни демографиялық зерттеулер жүйелі сипат алған кезде жан-жақты зерттеле бастады. Оның ең алғаш негізін К.Ю. Белох, Ә. Левассер, З. Дошинская және тағы басқа ғалымдар қалаған. Бұл қалыптасу үдерісі бүгінгі күнге дейін жалғасуда. XX ғасырдың I жартысында халықтардың орналасу тарихы бойынша мәліметтер жинау үдерісі жүрді, олар ең бастысы нақты зерттеулерде талданды. Бұл мәселені жан-жақты зерттеген ғылыми еңбектер XX ғасырдың ортасында жарық көре бастады.

Т. Холлингсворт демографиялық деректердің келесі түрлерін көрсетті: 1) халық санағы басты ерекшелігі олардың есімі мен жасына қарай құрылған болса; 2) өлім туралы бюллетендер; 3) шіркеу құжаттары; 4) салық құжаттары; 5) әскери құжаттар; 6) иеліктер тізімі; 7) генеалогиялық құжаттар; 8) өсиетнама; 9) некеге тұру келісімшарттары; 10) куәгерлердің куәліктері (растаулары); 11) ұзақ уақыт аралығындағы бағалар; 12) қала саны мен көлемдері; 13) археологиялық қалдықтар; 14) ауылшаруашылығын жүргізу әдістері; 15) әкімшіліктік және шіркеулік география; 16) жаңа жерлерді отарлау; 17) бейіт мәліметтері.

Құрамында Қазақстан болған, революцияға дейінгі Ресей империясының тарихында деректердің 4 негізгі тобы ерекше мәнге ие:

1) алым-салық төлейтін халықты тексеру мәліметтері; 2) шіркеу есебінің материалдары; 3) әкімшіліктік-полицейлік есептер материалдары; 4) 1897 жылғы жалпыға ортақ санақ жүйесінің материалдары. Осы және өзге де тарихи-демографиялық деректердің теориялық-деректанулық мәнін түсіну осы ғылыми пәннің даму міндеттерінің біріне айналуға.

Тарихи өлкетанудағы демографиялық деректерге анағұрлым кең мағынада халықтар мен демографиялық үдерістерге қатысты сандық мәліметтерден тұратын баспа басылымдары жатады. Олар репрезентативтілігінің деңгейі, этникалық тиістілігі, мәліметтердің сипаты, уақыты, ақпаратты жинау тәсілдері, басылым түрі жағынан ерекшеленеді. Онымен қоса, мұндай деректер толықтық деңгейімен мәліметтерінің шынайылығы тұрғысынан алғашқы және екінші дәрежелі деректер болып бөлінеді. Басты деректерге жиналған статистикалық материалдарды өңдеу және салыстырудың тікелей қорытындылары мен соның негізінде құрылған есеп көрсеткіштері жатады. Екінші дәрежелі деректердің негізін басты деректер бойынша алынған бағалар мен барлық есептеудің нәтижелері құрайды. Сонымен қатар құрамында тікелей сандық мәліметтері жоқ құжаттық, әдеби, мерзімді, т.б. деректермен толықтырылуы мүмкін.

Аталған ақпарат түрлері ашық, жарияланған немесе құпияланған, жалпыға ортақ және бірегей болып кездесуі мүмкін, жасырын ақпараттардың негізгі бөлігі басты орынды алып отырған массалық деректердің (басты немесе құрастырмалық) құрамында болады. Демографиялық деректер әлеуметтік ақпараттарды жазып алу формасы бойынша түріне (заттық, жазба, бейнелеу, фондық), кезеңіне (ежелгі, орта ғасыр, жаңа және қазіргі заман) қарай жіктеледі. Сөйтіп, ежелгі дәуірдің демографиялық тарихы үшін деректердің негізгі ақпараттың базасын жазба, палеоантропологиялық, археологиялық, этноархеологиялық және т.б. деректер құрайды.

Демографиядағы қойылған мәселелерді шешу барысында кез келген басқа да ғылымдарда сенімді, арнайы әдістер қолданылады. Олардың көмегімен зерттеп отырған объекті жайлы керекті

ақпарат алып, оны өңдеп, талдауға болады. Оларға зерттеудің жалпы тарихи әдістері, атап айтқанда, тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық, тарихи-жүйелік әдістері жатады. Міне, сонымен қатар бірқатар ерекше әдістерді – синхронды (бір мезетті) және диахронды (түрлі-мезетті) талдаулар, тиісті демографиялық әдістер – когоротты, бойлық және көлденендік талдаулар, демографиялық коэффициенттерді стандарттау, когоротты-өспелі-мерзімдік, мультидәрежелі, демографиялық кестелік, статистикалық көп өлшемді талдаулар, математикалық, картографиялық, территориялы-коррекциялық, ретроспективті, графиктік (сызбалық, кестелік) және т.б. әдістер пайдаланылады.

Келешекте тарихи-демографиялық зерттеулерде ғана өңделетін бай қоры бар мұрағат мәліметтерін кең түрінде жинау арқылы анықталған материалдарды терең меңгеру өлкетану зерттеулерін тиімді жүргізу үшін қажет.

**Жалпы халық санағы материалдарын және басқа да қазіргі заманғы демографиялық дереккөздерді пайдалану.** Тарихи өлкетану үшін халық санағы материалдарының едәуір маңызы бар. Олардың ішінде белгілі бір сауалнамалар параметрі бойынша елдің барлық санын қамтитын халық санағының статистикалық материалдары маңызды болып табылады, олар өзінің дұрыстығымен ерекшеленеді. Мысалы, XV ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының этнодемографиялық жағдайын шамамен кездескен қиыншылықтары мен мәселелері арқылы ғана анықтай алатын болсақ, ал Қазақстан халқының санды және сапалы құрамы туралы статистикалық мәліметтерді 1897, 1926, 1937, 1959, 1970, 1979, 1989, 1999, 2009 жылдардағы жалпы халық санақтарының материалдарынан табуға болады.

Бұл материалдар арқылы тағы да XIX ғасыр соңы мен XXI ғасыр басындағы Қазақстан аумағындағы этнодемографиялық үдерістердің өсуін бақылауға болады. Мұнда, ең алдымен, біз республиканың халықтарын этникалық құрамы бойынша орналасуын қарастырамыз. Мысалы, қазақ (Батыс, Оңтүстік Қазақстан, Жетісу), орыс, украин және неміс (Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстан) этностары басым аймақтар, саны жағынан басым

болып келетін этностардың орналасу ерекшеліктері, ауылдағы және қаладағы орналасу, халықтың орналасуы мен жылжуына урбанизация мен ауыспалы нарықтық қатынастардың әсері, миграциялық үрдістердің спецификасы, келу және кету аудандары бойынша мемлекетаралық, облысаралық миграция, олардың этникалық құрамы, міне, осы демографиялық мәселелер тарихи өлкетану үшін өте маңызды болып келеді.

Халық санағы кезінде өкілетті мемлекет органдары халықтың өндірісі мен табиғи қозғалысы туралы (туылу, қайтыс болу), отбасылық-некелік қарым-қатынастар туралы, некеге отыру және ажырасуды қоса, сонымен қатар облыс, аймақ, елдер масштабында миграциялық үдерістер туралы арнайы мәліметтер жинаумен айналысады. Ағымдағы статистика мәліметтерін тексеру жұмыстары олардың жеткілікті түрде толық нақтылығын көрсетеді.

Халықты зерттеудің статистикалық материалдары да халық туралы мәліметтердің құнды дереккөзі болып табылады. Бұл жерде арнайы бағдарлама бойынша республиканың тұрғындарын, олардың құрамы әлеуметтік және этнодемографиялық үрдістерді немесе қоғамдық пікірлерді нақты зерттеу үшін мәліметтерді жинақтау жүзеге асырылады. Көбінесе мұндай мәліметтерді алу халық санағы кезінде үлкен қиыншылықтармен орындалады. Сондықтан да олар бір рет, бір мезгілде уақытымен қайталанып отырады, сонымен қатар тақырыбы жағынан әртүрлі болады. Мақсаты мен міндеттеріне байланысты олардың масштабтары да бірнеше жүзден он мыңдаған респонденттерге дейін әртүрлі болып келеді.

Халықтың демографиялық талдауы үшін монографияларда, жинақтарда, арнайы анықтамалықтарда немесе бюллетендерде кездесетін қосымша статистикалық материалдардың едәуір үлесі бар. Мысалы, олар бойынша республикадан тыс қазақтардың миграциясы туралы, таяу және алыс шетелдердегі қазақ диаспорасы жайлы, 1937-1939, 1939-1940, 1941-1945 жылдардағы күштеп қоныс аударылған халықтар және олардың Қазақстан аумағында орналасуы туралы нақты және қосымша мәліметтерді табуға болады. Бұл республиканың белгілі бір аумағындағы халық

санының өсуіне экологиялық, экономикалық және этносаяси факторларының ықпалын ашуға көмектеседі.

Оларды өңдеуде тарихи география, тарихи психология, тарихи социология, медик-биологиялық ғылымдар, этнография және т.б. аралас ғылымдардың бақылаулары мен қорытындыларын тарта білу қажет.

Осыған орай, тарихи демография демографиямен бірге халықтың дамуындағы тануды қамтамасыз етеді, өзінің өңделуі үшін арнайы білімнің, ең алдымен, тарих пен демография саласында білімнің болуын талап етеді.

## 2.6. Топонимика – тарихи өлкетанудың дереккөзі

*Топонимика туралы түсінік және оның ерекшеліктері.* Топонимика – жер-су, елді мекен атауларының шығуы мен пайда болуын (этимологиясын), мағынасын, құрылымының дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, грамматикалық, фонетикалық пішінін, жазылуы мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін ғылыми сала. Бұл гректің «топос» – орын, жер, «онома» – атау деген екі сөзінен тұрады, яғни жер-су атаулары деген сөз.

Топонимдер, яғни жер-су аттары, негізінен үш бағытта: семантикасы (мағынасы); жасалу жолдары; этимологиясы тұрғысынан зерттеледі.

Топонимика география, тарих, тіл білімі, этнология ғылымдарының деректеріне сүйеніп, өзара байланыста дамиды. Кез келген аумақтың географиялық атауларының жиынтығы сол жердің топонимиясын құрайды. Топонимдер зерттелетін географиялық нысандардың көлеміне немесе мөлшеріне қарай макротопонимдерге (тау жоталары, үлкен ойпаттар, мұхиттар, т.б.), мезотопонимдерге (жеке таулар, теңіздер, т.б.), микротопонимдерге (көл, бұлақ, құдық, қоныс, т.б.) бөлінеді. Топонимика тіл тарихын зерттеуде маңызды дереккөзі болып саналады. Өйткені кейбір топонимдер (әсіресе эндооронимдер мен эндогидронимдер) архаизмдер мен диалектизмдерді тұрақты сақтайды, көбінесе, олар сол

аумақты мекендеген халықтың субстрат тілдерінен бай мағлұмат береді. Топонимдердің халық берген дұрыс нұсқасын барлық жағдайда және басқа тілдерде дұрыс жазылуының маңызы зор. Қазақ тілінің топонимикасын Ғ. Қоңқашбаев, Н. Баяндин, А. Әбдірахманов, т.б. ғалымдар зерттеген.

Егер топонимика – географиялық объектілерді зерттейтін тіл білімінің саласы болса, топонимия мемлекет, әкімшілік аумақ, елді мекендер мен жер-сулардың сыр-сипатын білдіретін атаулардың жиынтығы. Ал кейбір кезде белгілі бір атау, негізгі ғылыми және практикалық қызметімен қоса, мемлекеттілік пен егемендіктің басты белгілерінің бірі болатыны да бар. Оған еліміз егемендік жариялап, ең алдымен, мемлекеттің жаңа атауын бұрынғы Қазақ Кеңестік Социалистік Республиканың орнына Қазақстан Республикасы деп атауы айқын дәлел бола алады. Тек содан кейін еліміздің мемлекеттік рәміздері: елтаңба, әнұран, ту қабылданды. Осындай ерекше жағдайды ескере отырып, Президент Н.Ә. Назарбаевтың топонимика ғылымына да көп көңіл бөлетіні көпшілікке мәлім.

Оған Президенттің топонимика туралы: «Жалпы, бізде топонимика әлі де болса онша дамымай келеді ғой деймін. Қазақстандағы барлық жер атауларының сөздігін шығарып, қай атау қандай жағдайда, қандай мағынамен қойылған, ол сөздің түпкі түрі қандай болған дегенді ғылыми тұрғыдан анықтап, көрсету керек. Жеріңе қойылған ат еліңнің ұрпақтарға қалдырып кеткен хаты сияқты ғой», – деген орынды пікірі дәлел бола алады (Егемен Қазақстан» газеті. – 2011. – 14 қазан).

Президент Н.Ә. Назарбаев бұдан бұрын да «Ана тілі» (11.05.2006) газетіне және қазақ тілді газеттердің бас редакторларына берген сұхбаттарында да топонимикаға үлкен мән беретінін, тарихи атауларды қалпына келтірудің, қазақ атауларының орыс тіліндегі нұсқаларындағы транслитерациялық бұрмалаушылықтар мен қателерді түзетудің керектігін ескерткен болатын.

Әрине, топонимиканың қоғам өмірінде алатын орны өте зор деп айтуға болады. Өйткені адамдардың өмірлік, өндірістік және қоғамдық іс-қимылдары өзіндік атаулары бар көптеген объекті-

лерден тұратын географиялық ортаның барлық аясында, нақты аумақтық кешендерде өтеді. Сондықтан географиялық объектілердің атаулары барлық уақытта сан алуан міндеттерді орындайды, оларсыз қоғамдық формацияның өмір сүруі қиындыққа соғар еді. Барлық бағытта әркілі ақпараттармен халықаралық тұрғыда алмасудың өскелең тасқыны географиялық атауларды біздің күнделікті өмірімізге өте қажетті және міндетті атрибуттарға айналдырды. Топонимдер ұдайы толыға және жаңара отырып, өткен қоғамның да, қазіргі қоғамның да жан-жақты сұраныстарына қызмет етті және қызмет етуде, олар тарихтың жалғастырғыш құралы бола отырып, болашақ ұрпаққа да қызмет етпек.

Ғылыми және практикалық маңызы бар топонимдерден табиғаттың әртүрлілігі, табиғи ресурстардың барлығы не жоқтығы, жер бедері құрылымының түр-сипаты, сыртқы пішіндері, ландшафтылардың ала шабырлығы, әр жердің климаттық және гидрографиялық ерекшеліктері, су көздеріндегі судың сапасы мен мөлшері, флора мен фаунаының бұрынғы және қазіргі жай-күйлері, жайылымдардың өнімділігі мен маусымдылығы туралы, белгілі бір аумақтың экологиясының жұтауы, сондай-ақ табиғи және басқа объектілердің өзіндік ерекшеліктері, саны мен сапасы, ішкі құрылымы мен мәні бір ортаға қатыстылығы, тұрған орны және басқа елеулі қасиеттері мен белгілері айнадағыдай анық көрінеді және тағы басқадай мағлұматтар алуға болады.

Лексикада бұрыннан тұрақталған жергілікті атаулар жанадан ұйымдастырылған әкімшілік-аумақтық және шаруашылық бірліктерді, елді мекендер мен олардың жеке бөліктерін, жаңадан ашылған пайдалы қазбалардың кен орындарын атаған кезде практикалық сұранымдарды жақсы қанағаттандырады. Топонимдердің танымдық және ағартушылық маңызы өте зор.

Географиялық атауларды жинау мен жүйелеу аясында Қазақстанда жүргізіліп келген жұмыстар мен олар туралы ақпараттар егемендік алғанша бұрынғы КСРО-да қалыптасқан жүйеге сүйеніп келді. Қазақ КСР-ындағы географиялық атауларды каталогтау жұмыстары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінде, кейбір министрліктерде, ведомстволарда және ғылыми мекемелерде жүргізілді.

Олар мамандандырылған (тақырыптық) тізімдер жасады және оларды оқтын-оқтын жеке анықтамалықтар түрінде басып шығарып отырды. Дәлірек айтқанда, 1989 жылға дейін оқтын-оқтын қайта басылып шыққан бұрынғы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Әкімшілік-аумақтық бөліну» атты анықтамалығында 10,8 мыңға жуық әкімшілік-аумақтық бірліктер мен елді мекендердің атаулары жинақталды. Ол ұзақ уақыт әртүрлі карталар мен атластарды жасауда және басып шығаруда негізгі нормативтік құжат қызметін атқарады. Бірақ ол транслитерация тұрғысынан алғанда ешқандай сын көтермеді. Онда көптеген атаулар бұрмаланып берілді де, бір кезде жергілікті органдардың сол дұрыс ресімделмеген қалпында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне тапсырылып, одан кейін оның Жарлығымен бекітіліп отырды. Анықтамалықтың тағы бір кемістігі – ол әрқашанда орыс тілінде басылды да, қазақ тілінде нұсқа болмады және оған жер-су атаулары кірмеді. Анықтамаға кірген қазақ атауларының басым көпшілігі орыс тілінде бұрмаланып, қате жазылып келді.

Атауларды жинау мен олардың этимологияларын анықтауда қазақ және орыс тілдерінде жазылған табиғи объектілер мен елді мекендер атауларының тізбелері бар арнаулы топонимикалық сөздіктер маңызды рөл атқарады. Ғылыми тұрғыдан алғанда ондаған және жүздеген мың жергілікті қазақтың тарихи географиялық атаулары өте құнды, бірақ олар қайтарымсыз жоғалып кетті немесе біртіндеп жоғалуда. Ашық түрде пайдалану үшін шығарылатын карталар масштабтарының іріленуіне байланысты күрт өскен қазіргі кездегі сұранымдарға Қазақстан Республикасының жиналған қолда бар топонимикалық қоры сәйкес келмейді. Ірі масштабты топокарталардан, барлық ведомстволық анықтамалықтан, тарихи және басқа дереккөздерден жиналған Қазақстан Республикасының географиялық атауларының абсолюттік ақпараттық қорын құрудың қажеттілігі пісіп жетілді.

Жергілікті тамыры мен дамуының көпғасырлық тарихы бар қазақ атауларының айтарлықтай бөлігі патша заманында және кеңес дәуірінде үлкен транслитерациялық бұрмалауға ұшырады.

Кейде арнаулы жүргізілген зерттеулерсіз атаулардың халықтық әуелгі дұрыс нысанын анықтау мүмкін емес. Бұл топонимдердің мазмұнын ашуға қажетті. Мұндай топонимдер «дәстүрлі» болған кезде және олар сол қалпында дүниежүзілік карталар мен атластардың беттерінде, ресми халықаралық құжаттарда бекітіліп қалса, топонимикаға үлкен зиян келтіреді. Орыс тілінде бұрмаланған атаулар өзінің ғылыми-ақпараттық құндылығын жоғалтады, халықтың заңды ренішін туғызады.

Сондықтан мемлекеттік тілде міндетті түрде ресми қолдану үшін белгіленген барлық айтарлықтай географиялық объектілердің өзіндік атаулары әртүрлі жағдайларда басқа тілдерде де мойындалуы және халықаралық шарттар мен келісімдерде, мемлекетаралық шекараларды белгілеу мен бекіту құжаттарында, халықаралық пошталық, телеграфтық және электронды байланыстарда, интернетте, сондай-ақ БҰҰ-ның халықаралық пайдалануға арналған барлық ресми тілдерінде карталар мен атластар жасалған кездерінде дұрыс транслитерацияланып, бірыңғай және тұрақты нұсқада жазылуы керек. Мысалы, өте үлкен мұнай-кен орны орыс тілінде «Карашыганак» деп дұрыс жазылудың орнына «Карчаганак» деп қате жазылуда.

Топонимиканың проблемаларын терең әзірлеусіз және топонимикалық лексиканы, меншікті аттардың номинациясы (атауы) мен олардың құрылымының заңдылықтарын зерделеусіз географиялық атауларды дұрыс жазуды сәйкестендіру мен стандарттау мүмкін емес. Сондықтан республикада орысша топонимдерді жазудың қазақша дұрыс нұсқасына қоса, қазақша топонимдерді жазудың орысша дұрыс нұсқасын да және олардың көптеген көрсеткіштері жөніндегі сипаттамаларын қамтитын географиялық атаулардың мемлекеттік каталогын жасаудың қажеттілігі туындады. Ұлттық каталог тек ірі масштабты топографиялық карталардағы барлық географиялық объектілердің атауларын қамтығанда және каталогтың деректерін ең жиі пайдаланатын ұйымдардың нақты сұраныстарын қанағаттандырғанда ғана оңтайлы деп саналады. Бұрыннан белгілі каталогты географиялық атауларды белгілеу және олардың ресми жазылуын тексеру үшін картографиялық

кәсіпорындар, баспалар, бұқаралық ақпарат құралдары, заң шығарушы, атқарушы органдар, статистикалық және басқа ұйымдар пайдаланады. Каталогтар нормативтік сөздіктерді, карталар мен атластар үшін атаулардың индекстерін және басқа анықтама-лық материалдарын даярлауға және басып шығаруға көмектеседі. Каталогты жасаудың қажеттілігі бір географиялық объектінің атауының және оған қосылатын географиялық терминдердің әртүрлі дереккөздерде әрқилы жазылуын болдырмауға әрі оларды түзетуге байланысты туындады.

Егемендік алғаннан кейінгі жылдары республиканың негізінен елді мекендері мен әкімшілік-аумақтар бірліктерінің көптеген бұрмаланған атауларын біртіндеп түзету басталды, көптеген елді мекендердің тарихи атаулары заң бойынша қалпына келтірілді. Ал бірақ бұрмаланған физика-географиялық атаулар ресми түрде қалпына келтірілмей жатыр.

**Топонимиялық мәліметтерді тарихи өлкетану мақсатына пайдалану.** Жер-су аттарын зерттеудің өлкетану үшін ғылыми мәні зор. Жер-су аттары дегеніміз – ертеде сол атырапта өмір сүрген халықтың сөйлеу тілінің қалдықтары. Ол халықтар мейлі жойылып кетсін немесе бөтен өңірге ауып, олардың орнына басқалар келсін, бәрібір топонимдер жойылмай ғасырдан-ғасырға өмір сүре береді. Топонимика сол жерде өткен және өзінің иесі болып табылатын халықтың тарихи сырын, аты-жөнін, оның этнографиялық шегін де ажыратады.

Ерте заманда атаулар қазіргі өркениет тұсындағыдай келісіммен, мәмілемен емес, ұзақ сонар айтыла келе, жалпының жадында берік сақталғанда ғана тілден мықтап орын тепкен. Бұрынғы қауымда «бәлен жерді түген деп атайық» дейтіндей ортақ келісім әдеті болмаған. Атау болатын сөз, ең әуелі, жұртқа аян болған. Сөйте келе бір объектіге белгі боп таңылып, топонимикалық атқа ұласқан. Қазақ халқының атам заманнан орнығып, өмір сүріп жатқан жерінің аумағы қандай көлемді әрі кең екені білеміз. Осы атамекеніміздегі өзен, көл, тау, қырат секілді жер бедеріне меншіктелген атаулардың да мыңдап саналатыны мәлім. Ертеде өткен ата-бабаларымыз солардың әрқайсысына ат қойып, айдар

тағу жағынан жай ұқыпты ғана емес, шебер де тапқыр болғандығын байқаймыз.

Жер атаулары – ұрпақ пен ұрпақты сабақтастырып отырған киелі құжат. Қазақтың ата-бабалары жер-су атауларына аса мұқият карап, жер тарихы мен ел тарихының біртұтас екендігін аса жоғары жауапкершілікпен сезіне білген. Жер атаулыға, мейлі ол адыр, бұдыр, төбе, қырат, өзен, бұлақ, көл болсын біздің қазақ халқынан артық дәл тауып ат қоятындай халық жер бетінде неғайбіл. Өйткені табиғатпен біте қайнап, бірге өскен, иен сахараның қадір-қасиетін білген қазақ халқының аспан әлемі мен жер бедерінің үйлесімін тап басып, дәл анықтап қоюы ғажап. Жер бедерлеріне байланысты табиғи қасиеттеріне орай қалыптасқан топонимдердің мысалы ретінде Айыртау, Ақшатау, Желтау, Сарытау, Найзақара, Қызыладыр, Көкшетау, Қызылтау, Шыңғыстау, Керегетас сияқты атауларды келтіруге болады. Желтау тау жоталарынан қысы-жазы үнемі жел соғып тұруы себебінен аталған болса керек. Найзақара жазық ортасында найзадай шошайып, алыстан қарайып көрінеді. Сарытау жылдың төрт мезгілінде де өзгермей, өсімдіктердің бірқалыпты сары түсті болып тұруынан. Осы сияқты мысалдарды қазақтың кең дарқан даласынан іздей берсек жетіп артылады.

Киелі Баянаула елінің топырағынан шыққан ғұлама ғалым, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғылыми ізденістері де қазақ топонимикасымен тығыз байланысты. Барлық ғұмырын кен барлау саласында өткізген ғұлама ғалымның ең алғашқы геологиялық ізденісі Жезқазған өңірімен байланысты еді. Ұлытауға барған тұңғыш сапарында-ақ ол Жезқазғанның арғы-бергі тарихына зер сала үңілген, кен шыққан төбелердегі барлау жыраларын аралап жүргенде де, Кенгір бойындағы көне қазбаларды, кен үймелерін көрген сәтте де, тіпті, ерте заман ескерткіштерін тамашалап, ел аузындағы аңыз-әңгімелерге үнемі құлақ түріп жүрді. Жас зерттеушіні, ең алдымен, таңғалдырған жұмбақ кен орнының нақтылы аты еді. Алтынқазған, Күмістөбе, Қорғасынды, Темірші, тіпті, Жезтөбе де емес, осы заманның геологиялық кеңесі ғылыми талқыға салып, он ойланып, жүз толғанып шеш-

кендей Жезқазған деген. Бұл атауды оған кен көзін ашқан барлаушы геолог емес, қазақ халқы берген. Қашан, қай заманда бергендігі де, қай атасы қазғандығы да белгісіз.

Жамантауға барғанда қасындағы серіктесі Күзеубай Жидебаевқа бұл тауға да соға жүрелік, Жамантау ма, әлде жақсы тау ма екен, білгеніміз жөн ғой деп әдейі бұрылып, бір күн қона жатып, асықпай көріп шыққан соң: «Біздің халық жер атауға шебер ғой, тегінде. Мына тау рас жаман болды, не үстінде, не астында қазына жоқ, ит байласа тұрғысыз, жел қыдырған панасыз жер екен», – деп, қазақ халқының көрегендігіне таңданысын білдірген. Осы бір ата-бабасының жер бетіне ат қойғанда жай ғана қоя салмай, сол жердің астындағы байлықты дәл нұсқап тұратын қасиеті Қанышты ойландырмай қоймады.

Барлық ғұмырын Жезқазған өңірінде кен барлау саласында өткізген Қанышты сол аймақтағы жер-су, тау-қыраттың аттары өзінің геологиялық ізденісіндегі, минералды пайдалы қазбалардың аттарымен байланысты болғандығы ерекше таңғалдырды. Мысалға алатын болсақ, Майтөбе, Кенді, Ақтау, Борлықтау, Жезқазған, Жезді, Қорғасын, Көмірлі, Мысбұлақ, Алтынбел, Сужанар... Бір ғажабы осынау жерлердің бәрінен аттарына сай кен шыққан. Осыған қарап халқымызда табиғи геологиялық талант бар ма деп қаласын.

Қаныш Имантайұлы қазақ даласын аралағанда осындай сауалдарды үнемі жергілікті халықтарға қойып жүрді. Сонымен қатар сол жергілікті жердің, жер-су атауларының шығу тарихын да сұрастырып, өзінің қызығушылығын танытатын. Егер жер-су аттары пайдалы кен көздерін көрсетіп тұрғандай болып жатса, сол жерге қалай болсын жетіп анық-қанығын білуден ешқашан жалықпайтын. Қаныштың бойындағы осындай еңбекқорлық қасиет Ұлытаудағы Жеті қыз өзені бойындағы Алтыншоқымен жіте танысуға алып келді. Неге алтын, несімен алтын? Жер-суға ат қойғыш қазақ елі тегінде мұндай жөннен көп адаспаушы еді. Қолымен көмгендей-ақ көп асылды қатесіз нұсқап жіберетіні болушы еді. Қорымтастың бұрын-соңды Арқа тауларынан өзі көрген оба, үймелерге ұқсамайтынын Қаныш бірден сезді. Құрамы да, қаланған жігі де басқарак. Аумағы 12 қанат қазақы үйге орын болғандай кен.

Қаныш Имантайұлы – қазақтың байтақ даласындағы жер-су, тау-қырат, өзен-көл аттарының шығу тарихына ғылыми көзбен қарап, тарихи этнографиялық мағлұматтарға да құлақ түре жүрген бірден-бір ғалым. Қазақ халқының табиғат бөлшектеріне ат қойғанда жайдан-жай қоя салмайтынын аңғарып, кен атауына байланысты жер телімдерінің барлығына ғылыми тұрғыдан өз зерттеулерін жүргізіп, ата-бабасының табиғи таланттылығын мойындап, айналасына жария етіп жүрді.

Сонымен, өлкетануда айтылатын топонимиялық атау сол өлкетану мәтінінің ішінде символдық мәнге ие болып, бағзы бір кезеңдерде шындық деп қабылданған құбылыс, не оқиғаның нақты деректі баяндалуына, сенімді суреттелуіне арқау бола алады. Ал егер тарихи топонимдерді жеке алып, төркінін зерттер болсақ, ол тарихи топоним төңірегінде көне мифтік болмысқа бастайтын сокпаққа түсіп, оны баян ететін мол өлкелік үлгілеріне келіп түсеміз. Міне, осы екі жақты үдеріс тарихи өлкетану мен топонимика ғылымының бір-бірімен тығыз байланысты екендігін көрсетеді. Бірақ топонимиканың басқа ғылымдармен байланысы сөз болғанымен, тарихи өлкетанумен байланыстылығы зерттелмей келеді.

**Ономастика мәселесі.** Ономастика – тіл білімінің жалқы есімдерді, олардың пайда болуы мен өзгеруінің тарихын зерттейтін бөлім.

Грек тілінен аударғанда «атаулар беретін өнер» деген ұғымды білдіреді. Осы ономастиканың өзі бірнеше бөлімдерді қамтиды: топонимика – географиялық нысандардың атауларын, олардың туындау, өзгеру, жұмыс істеу заңдылықтарын зерделейтін ономастика бөлімі; антропонимика – адамдардың (жалқы) есімдерін зерделейтін ономастика бөлімі; ойконим – топонимнің түрі, елді мекендердің (ауыл, кент, қала) атаулары; короним – топонимнің түрі, әкімшілік-аумақтық бірліктердің атаулары және тағы сол сияқты.

Ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов: «Біздің қазақ – жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да жер, су, жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешіл-

меген құпия сыр жатады», – десе халқымыздың біртуар перзенті Шоқан Уәлиханов: «Көне түркі салт-сана, әдет-ғұрпының қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты жер-су атаулары, адам аттары, тағы да басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады», – деп жер-су атаулары елдің болмысы, салт-дәстүрі, тілі, діні екенін, ешқашан жөн-жосықсыз, ойсыз-мәнсіз кездейсоқ қойыла салмағанын еске түсіреді.

Халқымыз: «Үш байлығыңды – елің мен жеріңді және тіліңді құрметте», – деп бекерге айтпаған. Міне, сондықтан да қазақ өзінің өсіп-өнген жеріне, тауы мен тасына, өзені мен көліне, сай-саласына дейін ат қойып, айдар тағып отырған, тарихын тасқа қашаған. Сөйтіп, өзінің болмыс-бітімін, ежелден келе жатқан далалық дүниетанымын, тілі мен ділін, мәдени ерекшелігін, рухани құндылықтарын шашасын шығармай, шашып-төкпей болашақ ұрпаққа аманаттай білген.

Белгілі жазушы, ғалым-этнограф Акселеу Сейдімбектің тілімен айтсақ: «... атау арқылы белгілі бір жаратылыс пен құбылыстың мазмұндық мәнін танып-түсінуге жол ашылады, бағдар айқындалады».

Сайып келгенде, мұның бәрі біздің бүгінгі таңда тек тарихи-мәдени мұра ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-саяси маңызға ие болып отырған ономастика мәселелеріне көзқарасымызды, одан туындайтын іс-қимылымыздың бағыт-бағдарын айқындауға тиіс. Елбасымыздың Қазақстанның бүгінгі мен болашағы жайында ой толғағанда, үнемі оның көне тарихына шолу жасап, одан тағылым алу қажеттігін ескертіп отыруы да кездейсоқ емес. Осы арада Нұрсұлтан Әбішұлының: «Ономастика мәселелері әркез ел басшылығының назарында болады. Бұл ретте жалтақтаудың еш қажеті жоқ. Жердің байырғы тарихи атауына үйлеспейтін, халқымыздың абыройы мен беделіне көленке түсіретін, отарлық кезеңнен қалған атаулардан арылу керек», – деген сөздерін айта кеткен артық болмас.

Мамандар қазір елімізде ономастикалық жұмыстың нормативтік-құқықтық базасы, негізінен, қалыптасты деп жүр. Меніңше, бұл орайда әлі атқарылатын істер аз емес.

Ал кейбір халықтарда гидроним, ороним, ойконим, этноним саласында атауларды қою тәжірибесінде жеке кісі атына сәйкес қою жағы басым жататын ерекшелікті де аңғартады. Жеке тұлға (антропоним) демекші, бір халықтың құрамындағы адам есімдері мен фамилиясына қарап отырып, олардың мағынасы мән беретін мәніне қарай жіктеп-жүйелегенде, ол антропонимдік атауларының сан қырлы қатпарында сол халықтың басынан өткен әртүрлі тарихи және саяси-әлеуметтік өзгерістердің себептерін танып білуге септігін тигізетін тарихи іздер табы ұшырасады. Халықтық топонимиканың бір ерекшелігі – топонимикалық атаулар сол халықтың тікелей авторлығымен қойылуы себепті фольклор мен көркем әдебиет шығармаларында өз көрінісін бермей тұра алмайды. Отаршылдық топонимдер – халықтың елді мекен, жер-су атауларының антиподы ретінде пайда болатын өмірдегі саяси-әлеуметтік, басқыншылық пен зорлық-зомбылықтың көрінісі. Ұлан-байтақ қазақ жеріндегі елді мекен, жер атауларының пайда болуы, қалыптасу және өзгерістерге ұшырау себептері тарихи шындығының бар болмысын ономастика ғылымы өз дәрежесінде ашып бере алмай келеді.

Қазақ ономастикасының негізін қалаушылардың алғашқыларының бірі, Республикадағы ономастикалық мектепті қалыптастырушы ұстаз-ғалым, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы, академик, профессор Телғожа Сейдінұлы Жанұзактың жер-су, адам есімдері мен тегі, тайпа, ұлыс, халық аттары мен аспан денелері және ғарыш кеңістіктері атауларының шығу, пайда болу және тек-төркіндеріне арналған еңбектері оқырман қауымға белгілі.

Бүгінгі таңда ономастика республикадағы ұлттық тіл саясатының жетекші бағыттарының бірі ретінде тек ғылыми-тәжірибелік, тарихи-мәдени ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-саяси маңызға да ие болып отыр.

Қоғам дамуының кез келген кезеңінде ономастикалық атаулардың тарихи маңызы зор болды. Қазақстанның көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ономастика жүйесі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап түбегейлі өзгерістерге ұшырады және патша үкіметінің отаршылдық мүдделеріне, кейіннен кеңес

жүйесінің тоталитарлық саясатына қызмет етуге мәжбүр болды. Отаршылдық пен тоталитарлық режимдердің идеологтары ономастиканы қоғамның тарихи-мәдени санасына әсер етудің саяси құралына айналдырды. Нәтижесінде, қазақ ономастикасының өзіндік болмысына, ұлттық ерекшелігіне, әсіресе оның топонимикалық және антропонимикалық жүйелеріне орасан зиян келтірілді. Қазақстан картасы едәуір бұрмалауға ұшырады.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен және халықаралық қатынастардың субъектісі ретінде қалыптасуымен ұлттық ономастика әлемдік кеңістікке белсене араласа бастады. Қазіргі кезде ономастикалық бірліктер халықаралық ресми құжаттарда белсенді түрде көрініс тауып келеді.

Еліміздегі демократиялық қайта құруларға сәйкес келген ономастика саласындағы жұмысты жүйелендіруді және үйлестіруді одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыстың тұжырымдамасын әзірлеу қажеттігі туындады.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылы 21 қаңтардағы №45 қаулысы мен Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы мақұлданды.

Тұжырымдаманың мақсаты – тарихи негіздерге сүйене отырып, өткеннің жинақталған ғылыми проблемаларын шешудің жолдарын табу, сондай-ақ ұлттық ономастика жүйесінің одан әрі даму бағыттарын анықтау.

Ономастикалық жұмыстың негізгі міндеттері:

- республикадағы ономастикалық қызметті реттеудің негізгі ғылыми негізделген бағыттарын айқындау;
- ұлттық ономастика жүйесін одан әрі дамытудың негізгі қағидаттарын айқындау;
- ономастикалық жұмыстың құқықтық негіздерін, қолданылу тетігін және іске асыру нысандарын әзірлеу болып табылады.

Осы тұжырымдаманың 3-бөлім 2-тармағы бойынша жергілікті өкілді және атқарушы органдар мына қағидаларды ескеру қажет:

- 1) қаладағы аудандарға, алаңдарға, даңғылдарға, бульварларға, көшелерге, орамдарға, саябақтарға, скверлерге, көпірлерге және

қаланың басқа да құрамдас бөліктеріне ат қою және оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы шешім қабылдау кезінде республикаға айрықша еңбегі сіңген және оның тарихына, ғылымына, мәдениетіне, әдебиеті мен өнеріне елеулі үлес қосқан адам аттарын, сондай-ақ мемлекет пен қоғам қайраткерлерінің және әлем деңгейіндегі ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің есімдерін әрбір облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана үшін екіден аспайтын және олардың қайтыс болғанына бес жыл толған жағдайда ғана беру; көзі тірі адамдардың атын бермеу; объектілерді қайта атауды ат берілген (өзгертілген) күнінен бастап кемінде он жыл өткен жағдайда ғана жүзеге асыру; 2) мемориалдық тақталарды орнату туралы шешімді қабылдау кезінде мұндай шешімдерді Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігімен келісу.

Осы бағытта мынадай міндеттерді жүзеге асыру көзделді: ежелгі халықтық және тарихи қалыптасқан атауларға халықтың құрметпен қарауын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіру және қалыптастыру, түрлі объектінің әкімшілік-аумақтық және аумақтық-өнеркәсіптік бірліктердің, елді мекендердің, сондай-ақ көшелердің, алаңдар мен мекемелердің тарихи атауларын сақтау; әкімшілік-аумақтық және аумақтық-өндірістік бірліктердің, сондай-ақ көшелердің, алаңдардың атауларын, мекемелердің атауларын шектен тыс идеологияландырудан арылу; тарихи топонимдерді қайта атау практикасынан, топонимикалық жүктемесі жоқ атауларды қолданудан бас тарту.

Жер, су атаулары біздің тарихымыздың айғағы. Өткеннің ізі сайрап жатқан жеріміз талай заманның жаңғырығын осы атаулар арқылы бізге жеткізгені анық. Бүгінде егемен ел болып, қабырғамыз қатайған кезде сол жоғымызды іздей бастадық. Дәлірек айтқанда, ел болып ата-бабамыздан қалған тарихи топонимикамызды қайта қалпына келтіру ісіне кірістік.

Ономастика мәселесі – тек филолог ғалымдардың не болмаса тілдерді дамыту басқармалары мамандарының ғана шаруасы емес. Ол – тарихшылардың, географтардың, жалпы халықтың, тұтас ұлттың проблемасы.

**Сұрақтар:**

1. «Ахеменид» жазбаларында не бейнеленген?
2. Үйсіндер мен ғұндардың орналасқан аумағы Қытайдың қандай дереккөздерінде кездеседі?
3. Енисей өзенінің аңғарындағы руна жазуын алғаш рет қай ғалым ашты?
4. Араб деректерінің қайсысында ертедегі Қазақстан территориясы көрсетілген?
5. Парсы тілінде жазылған «История миропокорителя» кітабының авторы кім?
6. Түріктердің қай дерегінде Шығыс Дешті Қыпшақ туралы жазылған?
7. «Чертежная книга Сибири» кітабын кім жазды?
8. Археология қазба жұмыстарының камералдық өңдеу жұмыстан айырмашылығы неде?
9. Этнографияның басқа ғылыми пәндермен пәнаралық байланысын көрсетіңіз.
10. Этнографиялық дереккөздерден өлкетанушыларды не қызықтырады?
11. Қай кезеңнен бастап біз демографиялық дереккөздерге ие болдық?
12. Т. Холлингсворт көрсеткен демографиялық дереккөздердің жаңалығы неде?
13. XIX-XX ғасырларда Қазақстан аумағында қанша жалпы халық санағы жүргізілді?
14. Қазақстан Республикасында қай жылы соңғы халық санағы жүргізілді?
15. Микротопонимия негізінде не жатыр?
16. Ойконим дегеніміз не?
17. Су атауларының жалпы аталуы қалай?
18. Антропонимияда қандай бағыттар бар?

**Қосымша материалдар және олар бойынша тапсырмалар****Төмендегі материалды оқи отырып, мынадай сұрақтарға жауап беріңіздер:**

1. Геродотты не үшін «Тарих атасы» деп атаған?
2. Геродот жазбасының тарихи маңызы неде?
3. Өлкемізде көне заманда өмір сүрген тайпалар туралы әңгіме құрастырыңыз.

**Геродоттың «Тарихынан» үзінді**

*Геродот – грек тарихшысы. Б.з.б. 484-425 жылдар шамасында өмір сүрген. Цицерон оны «Тарихтың атасы» деп атаған. Геродоттың тарихы б.з.б. V ғасырдың 40-жылдарының соңы мен 30-жылдарында жазылған.*

Массагеттердің киімі мен өмір сүру дағдысы скифтерге ұқсас. Олар ат үстінде және жаяу да соғыса береді. Соғыстың екі тәсілін терең меңгерген. Найза, қылышпен қаруланған, садақты жақсы атады, бәрі шетінен құралайды көзінен тигізетін мерген келеді. Олардың найзасының ұшы, жебе және қылышы мыстан жасалған; бас киімдері мен белдіктері, ер-тұрмандары алтынмен әшекейленген. Сонымен қатар олар аттардың сауытын да мыстан жасайды. Темір мен күмісті пайдаланбайды, себебі бұл металдар олардың елінде өте аз, ал алтын мен мыс керісінше өте көп.

Олар егін екпейді, үй малдарын және Аракс өзеннен аулайтын балықтарды азық етеді. Сүт ішеді. Құдайлардың арасынан күнге табынады, оған жылқыны құрбандыққа шалады. Бұл құрбандықтың мәні: «құдайлардың жүйрігі күн болса, жануарлардың жүйрігі жылқы» дегенге саяды.

**Төмендегі материалды оқи отырып, мынадай сұрақтарға жауап беріңіздер:**

1. Страбон деген кім?
2. Көне антик деректерінің өлке тарихын оқып-білудегі рөлі қандай?
3. Өлкеміздің тарихи географиясы жөніндегі басқа да дереккөздерді еске түсіріңіздер.

**Страбонның «Географиясынан» үзінді**

*Страбон – ежелгі грек тарихшысы және географы. Б.з.б. 64 жыл – б.з.-дың 24-жылдары шамасында өмір сүрген. «Географияның» авторы. Оның кітабында Кавказ бен Орта Азиядағы ежелгі халықтар мен тайпалар туралы көптеген құнды мағлұматтар келтірілген.*

Скифтерді Каспий теңізінен бастап, көбінесе, «дайлар» деп атайды. Олардың шығысында орналасқан тайпалар массагеттер мен сақтар, басқаларын ортақ атпен скифтер дейді, бірақ әрбір тайпаның өз атауы бар. Олардың барлығы – көшпелілер. Массагеттер Кирге қарсы соғыста өздерінің ержүректілігін көрсетті, оларды көпшілік мақтайды.

Құдай деп олар күнді есептейді және оған жылқыны құрбандыққа шалады. Олар ат құлағында ойнайды және тамаша жаяу жауынгерлер; садақпен, қылышпен және қола балталармен қаруланған, сауыт киеді. Шайқас кезінде алтын белдік тағады, аттың ауыздығы мен ер-тұрмандарын алтыннан жасайды. Күміс олардың елінде болмайды, темір аз, бірақ мыс пен алтын көп кездеседі.

Жазық жерде тұрғанмен, олар егіншілікпен айналыспайды. Скифтер сияқты малшылықпен және балық аулаумен күн көрді.

*Төмендегі материалды оқи отырып, мынадай сұрақтарға жауап беріңіздер:*

1. Жетісу аталуының негізін көрсетіңіз.
2. Ғылыми әдебиетте өлке тарихы туралы жазған қандай ғалымдарды білесіз?
3. Жетісудағы жер-тау аттарын атаңыз.

### Жетісу өңірі

Жетісу өңірі – халықтың географиялық танымы бойынша, солтүстік-шығыста Алакөден, оңтүстік батыста Талас өзеніне дейінгі жерді алып жатқан аса ірі ежелгі өлкелердің бірі. Бұл өлкенің Жетісу аталуына негіз болған «жеті өзен» туралы әртүрлі пайымдаулар бар. Құрбанғали Халидтің айтуынша, жеті өзенге: *Іле, Көксу, Қаратал, Ақсу, Басқан, Сарқан, Лепсі* сулары жатады, ал Аягөзді Арқаның өзені деп, Жетісуға қоспайды. А. Влангали Жетісудың жеті өзеніне *Аягөз, Лепсі, Ақсу, Бүйен, Қаратал, Көксу, Іле* суларын тіркейді. Жетісу өңірінің тарихи очеркін жазған академик В.В. Бартольд жеті өзенге *Лепсі, Басқан, Ақсу, Бүйен, Қызылағаш, Қаратал, Көксу* суларын жатқызады. Мұндай пайымдаулар, негізінен, аталмыш жеті өзеннің Балқаш көліне құюына сүйенеді. Бірақ, шынында, Балқаш көліне құятын өзен *Лепсі, Ақсу, Қаратал, Іле*, ал қалғандары тікелей Балқашқа құймайды, мысалы, *Көксу* Қараталға, *Басқан* Лепсіге, *Бүйен* Ақсуға құятын өзендер.

В.В. Бартольд кейіннен бұл санатқа Шу-Талас алабының кіргенін атап айтады. Ғылыми әдебиетте Жоңғар Алатауынан (Арқас тауынан) басталып, Қаратауға дейінгі өлке Жетісу деген ұғымды камтиды.

## III ТАРАУ

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЛКЕТАНУЫ

**Дәріс мақсаты:** Қазақстанда өлкетану салаларының қалыптасу және даму салаларымен танысу, тарихи өлкетану бойынша білімдердің жинақталуына талдау жасау.

**Негізгі түсініктер:** өлкетану тарихы, тарихи өлкетану мәліметтері, ғылыми мекемелер, Ресей географиялық қоғамы, өлкетану зерттеулері.

**Негізгі мәселелер:**

1. XVI-XVII ғасырлардағы тарихи-өлкетану мәліметтері.
2. XVIII ғ. соңы мен XIX ғ. екінші жартысындағы тарихи-өлкетану зерттеулерінің дамуы.
3. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы тарихи-өлкетану зерттеулерінің дамуы.
4. XX ғасырдың 20-жылдарындағы Қазақстандағы тарихи өлкетану.
5. 1930-1980 жылдардағы Қазақстандағы өлкетанудың дамуындағы ғылыми мекемелердің рөлі.
6. Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы тарихи өлкетану.

#### 3.1. XVI-XVII ғасырлардағы тарихи өлкетану мәліметтері

XV ғ. соңы мен XVI ғ. басындағы Қазақ хандығына келген орыстар мен еуропалық көпестердің, саяхатшылардың және ғалымдардың жазып қалдырған хаттамалары ((1535) Д. Рубин, (1516-1537) С. Герберштейн, П.Н. Новокамский), XVI жартысындағы әдеби қайнар көздер (С. Мальцев, Б. Доможиров, А. Дженкинсон, В. Степанов және т.б.). 1594 жылы Құл-Мұхаммедтің Мәскеуге елшілік сапары болып табылады. Келешекте осы аумақты игеруде едәуір рөл атқарған Қазақ даласы мен Орта Азияның алғашқы чертеждерінің бірі (1599). Қ. Жалайырдың «Жами

ат-тауарих» шығармасындағы Қазақ хандығы туралы тарихи-этнографиялық мағлұматтар (1602). Жазғы жайлаулар, қыстық қоныстар және т.б. туралы мәліметтер өте құнды.

*XVII ғасырдағы мәліметтердің кейінгі жағдайы.* Қазақ жері жайында баяндаулар, есептер, жазбалар, әңгімелер, тізімдер, чертеждер, маршруттар, карталар, сонымен қатар өзендер бойындағы көшпенді орналасқан жерлері, Қазақ даласынан өтетін керуен жолы туралы Мәскеу және Сібір мұрағаттарында сақталған аса бай ғылыми материалдар жиынтығы Қазақстанның тарихы, өлкетануы, этнографиясынан сыр шертеді. «Үлкен чертеж кітабы» (1627). Қазақстанның аумағы және көптеген географиялық пунктері Орал өзенінен Есіл мен Сарысу өзендеріне дейін, шығыс пен оңтүстік-шығыста Ұлытау, Қаратау тауларына дейін және оңтүстікте Ташкент қаласына дейін болған. С. Есімовтің «Сібір жазбаларындағы» қазақтардың көшпенділігі (1636). 1673 ж. Тобольскде жарық көрген, Сібірдің алғашқы орыс этнографиялық картасындағы «Қазақ ордасы» иелігі. Ф. Байковтың (1654-1658), Н. Перфильевтің (1959), С. Аблиннің (1668), Б. және С. Пазухиндердің (1670-1672), Н.Г. Спафарий-Милеску (1675), В.И. Кобяковтың (1692), Ф. Скибин мен М. Трошихиннің (1695) дипломатиялық елшіліктерінің материалдары. С.У. Ремезовтың картасында қазақ даласы (1697-1699) тұңғыш рет сипатталған.

Орталық Қазақстанның өте құнды археологиялық ескерткіштеріне саяхатшылар ертеден-ақ назарын аударған болатын. Олар туралы өз еңбектерінде шығыс тарихшылары (араб, иран) X-XVI ғасырларды жазып кетті. Олар Ибн Фадлан, Әл-Бируни, Мұхаммед Хайдар және т.б. болды.

Орталық Қазақстанның бай археологиялық ескерткіштері туралы Тобольскіден Түркістанға дейін Солтүстік және Орталық Қазақстан далалары арқылы барған Петр біріншінің Тәукеге жіберген елшілері Ф. Скибин мен М. Гринин айтқан. Осы даланың оба қазыналары жайлы алғаш рет қоғам қайраткері Крижинович алғашқылардың бірі болып хабарлаған.

### 3.2. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың екінші жартысындағы тарихи өлкетану зерттеулерінің дамуы

XVIII ғ. басындағы Қазақстан туралы мәліметтер толықтырылып тереңдетілді. Бірінші Петр кезеңдеріндегі Қазақ даласын табиғи-географиялық және тарихи-өлкетану жағынан зерттеу күшейе түседі. И.Д. Бухгольцтің (1714-1717), И.М. Лихаревтің (1717-1720), А. Бекович-Черкасскийдің, А.Н. Урусов пен Л.Я. Соймоновтың (1714-1726), И. Унковскийдің (1722-1723) және т.б. экспедициялары солтүстік-шығыс Қазақстанды зерттеу ісін бастайды. Солардың негізінде батыс, солтүстік және солтүстік-шығыс Қазақстан карталары жасалды.

XVIII ғ. екінші жартысы мен XIX ғ. ортасында Ресейдің Ғылым академиясының мекемесі Ресей империясының ұлттық шет аймақтарына академиялық экспедицияларды ұйымдастыра бастайды. Орынбор экспедициясының, кейіннен И.К. Кириллов пен В.Н. Татищевтің басшылығымен Орынбор комиссиясы жұмыс істейді. Геодезист А. Норовтың Кіші және Орта жүздердің жерлерін қоса, қайта құрылған Орынбор аймағын картаға түсіруі 1737 жылы іске асырылады. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап бұл жерлерге көптеген зерттеушілер келеді. Осы аймақта екінші академиялық экспедицияның мүшелері, оның ішінде И.П. Фальк, Х. Барденес, И.Г. Георги, П.С. Паллас, П.И. Рычков және басқалар болды. 1768-1774 жылдары екінші академиялық экспедиция археологиялық зерттеулер жұмысын жалғастырды.

Қазақстанның географиясын зерттеуде Н.П. Рычковтың үлесі зор. Орталық Қазақстанның археологиясы туралы деректерге байланысты оның «Топография Оренбургская» атты еңбегінде аталып өтеді. 1771 жылы Торғай және Есіл өзендері бойында жасаған саяхат күнделігінде, Ұлытау және Атбасар аудандарының ескерткіштеріне сипаттама береді. Қараторғай өзені бойындағы үлкен қорғандар оны таңғалдырады. Ол: «Ежелгі қарапайым халықтың молалары жай жермен көміліп, 15 құлашқа дейінгі биіктікке көтерілген, ал ол үлкен моланы 135 кіші қорған қоршап жатыр», — деп жазады.

П.Н. Рычковтың Батыс Қазақстан туралы еңбектері (1712-1777): «Орынбор қаласының сипатталуы», «Орынбор топографиясы». XVIII ғ. соңғы ширегіндегі орыс адамдарының Қазақ даласына сапарлары жалғасын табады. Ф.С. Ефремовтің, Н.Г. Андреевтің еңбектері жарыққа шығады. XVII ғ. соңы мен XX ғ. басындағы тарихи-этнографиялық зерттеулер. Т. Бурнашевтің, Бланкеннангелдің, Я. Гавердовскийдің, Ф.М. Назаровтың материалдары жарияланады. XIX ғасырдың 20-40 жылдарында Қазақстан бойынша тарихи-этнографиялық материалдар жинақталады (Е.К. Мейендорф, Ә.А. Эверсман, Н.Н. Потанин, Г.С. Карелин, Г.Ф. Генс, А.И. Шренк, И.Ф. Бларамберг, Н.В. Ханыков және т.б.). Г.И. Спасскийдің, Н.Я. Бичуриннің, С.Б. Броневскийдің, В.И. Дальдің еңбектеріндегі Қазақстанның түрлі аймақтарындағы өлкетану мәселелері ашып көрсетіледі. 1832 жылы 3 бөлімнен тұратын, Петербургте жарық көрген А.И. Левшиннің «Қырғыз-казак немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен даласының сипаттамасы» қазақтар туралы тұңғыш ғылыми монография болып табылады.

Орталық Қазақстанға алғашқылардың бірі болып, 1815 жылы тау-кен инженері Б. Герман келді. Оның экспедициясы Үй қорғанынан Арғанатты тауына дейінгі, Қараторғай өзенінің жоғарғы ағасымен жүріп өтті. Қараторғай өзені, Арғанаты тауы, солтүстік Ұлытау етектеріндегі тарихи ескерткіштерге арнайы мақала жазған А. Генс басқарған экспедиция болды. Ол: «Остатки зданий и целых поселений, о развалинах замков, крепостей служивших убежищем для владельцев», – деп жазып, ортағасырлық қалалардың бір бейнесін көз алдымызға әкеледі.

1845-1861 жылдары Орыс географиялық қоғамының құрылуы және оның қызметі өлкенің зерттеуіне орасан зор үлес қосады. Орта Азия мен Қазақстанның тарихы, географиясы мен этнографиясы бойынша материалдар құрастырыла бастады. Я.В. Ханыковтың «Ішкі және Кіші орда қырғыздары жерлерінің картасы» (1845), «Арал теңізі мен Хиуа хандығының (олардың алқаптарымен қоса) картасы» (1851), «Орта Азияның солтүстік-батыс бөлігінің (түсініктемелерімен бірге) картасы» (1855); М.И. Иваниннің, А.Н. Бутаковтың, А.И. Макшеевтің, П.И. Небольсиннің,

И.П. Корниловтың, Н.Н. Каразиннің, П.П. Семенов-Тянь-Шаньскийдің, П.Н. Кеппеннің, В.В. Григорьевтің, В.В. Вельяминов-Зерновтың, Н.Н. Ильминскийдің, А.М. Евреиновтың, А.Н. Терещенконың еңбектері жарық көреді.

С.Г. Рыбаковтың Торғай облысы бойынша, А.К. Гейнстің далалық облыстар бойынша, А.П. Федченконың, Н.И. Гродековтың Түркістан өлкесі бойынша зерттеулері. Орынбор Орыс географиялық қоғамы бөлімінің құрылуы және оның қызметі. Л. Мейердің, М.С. Бабаджановтың, М.Г. Тяукиннің, Ы. Алтынсариннің, Б. Дауылбаевтың, С.А. Жантөриннің, В.Н. Плотниковтың еңбектері.

Оңтүстік қазақтарын зерттеу және Түркістан ғалымдары мен өлкетанушыларының қызметі (А.Ф. Голубев, М.Н. Венюков, А.П. Проценко, В.А. Полторацкий, Л.Ф. Костенко, П.И. Пашино, Х. Костанаев, Н.А. Маев, А.П. Хорошхин, Г.С. Загряжский). В.В. Верещагиннің өлкетануға салған суреттері. «Түркістан ведомостілері» және «Түркістан жинағы».

Батыс Сібір Орыс географиялық қоғамы бөлімінің құрылуы және оның қызметі. Н.А. Абрамовтың, И.Н. Завалишиннің, М. Шормановтың, Г.Н. Потаниннің, В.В. Радловтың, Н.Я. Словцовтың, Г.Е. Катанасевтың, П.Е. Маковецкийдің және т.б. еңбектеріндегі өлкелік зерттеулері өте маңызды. В.В. Радлов Орталық Қазақстандағы археологиялық зерттеуде арнайы ғылыми тәсіл қолданды және сараптау бойынша кезеңдерге бөлуде нақты жұмыс істеді. Ортағасырлық ескерткіштер тас үйінділер және ортағасырлық құрылымдар жайлы мәліметтерді В. Никитиннің еңбектерінен кездестіреміз.

Мерзімді баспасөздегі Қазақстанның өлкетану мәселелері («Орынбор губерниялық ведомостілері», «Орынбор парақтары», «Торғай облыстық ведомостілері», «Торғай газеті», «Қырғыз далалық газеті» және т.б.). Түркістан (1868 ж.), Жетісу (1879 ж.) және Сырдария (1887 ж.) облыстық статистикалық комитеттерінің жұмыстарындағы өлкетану тақырыптарына арнайы материалдар шығарады.

### 3.3. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы тарихи өлкетану зерттеулерінің дамуы

Көрнекті қазақ ғалымы және ағартушысы Ш.Ш. Уәлихановтың Қазақстанның тарихы, тарихи өлкетануы мен географиясына қосқан үлесі ерекше болады. Ш. Уәлихановтың ғылыми мұрасы Қазақстанның және көп ұлтты Ресейдің басқа да халықтары проблемаларының өзекті тұстарын камтиды. Шоқанның қазақ халқының құрылуы, XVII-XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік және саяси тарихы, қазақтардың Ресей бодандығын қабылдауы, Орта Азия мен Шығыс Түркістан халықтарының рухани және материалдық мәдениетінің тарихы проблемаларына арналған ғылыми зерттеулері Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тұрмысын зерттеуге аса бағалы үлес болып қосылып, замандастарының орасан зор ынтасын туғызды. Ол бүкіл Орта Азия мен оған іргелес жатқан аймақтар халықтарының географиясын, этнографиясын мен фольклорын зерттеуге үлкен үлес қосты.

XIX ғасырдың аяғында Батыс Сібір география қоғамы бөлімінде саяси жер аударылғандар көп болды. 90-жылдарға қарай Батыс Сібір географиялық қоғамы бөлімінің мүшелері қатарында Қазақстан аумағында қызметте жүрген және саяси жер аударылған көптеген адамдар: Ф.А. Щербина (Омбы), Л.К. Чермак, А.И. Янкцевич (Петропавл), М.И. Суворцев (Семей), В.А. Рогаевич (Атбасар), Е.П. Михаэлис (Өскемен), Н.Я. Коншин (Семей), Л.А. Кузнецов (Петропавл), Г.А. Галимонт (Семей) болды. Бөлім қызметкерлері арасында Верный, Зайсан, Лепсі, Атбасар, Көкшетау және басқа қалалардан келген адамдар жұмыс істеді.

Солтүстік Қазақстанды зерттеуде өлкетану қоғамдары өлкенің тарихы, экономикасы, табиғи жағдайлары жөнінде едәуір материалдар жинап, жариялады. Өлкетанушылар этнография, жергілікті өсімдіктер және жануарлар дүниесі, минерология бойынша бай экспонаттар жинақталған жергілікті музей құрды. Бұл Қазақстанда ғана емес, бүкіл Сібірге де мәлім музейлердің бірі болатын.

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан өңірін зерттеумен 1896 жылы Ташкент қаласында ұйымдастырылған Ресей география қоғамының Түркістан бөлімшесі, сондай-ақ ауылшаруашылық қоғамы, Шығыс археологиясы мен тарихы үйірмесі белсенді айналысты. Қоғамдарда Е. Букин, Н. Жетпісбаев, Ә. Диваев, І. Қостанаев зерттеулер жүргізді. Жетісуға П.П. Семенов Тянь-Шаньский, кейініректе А.Н. Краснов, А.Ф. Голубев, М.И. Венюков экспедициялық сапарлар жасады.

Сонымен қатар 1896 жылдан жұмыс істей бастаған «Дала облыстарын зерттеу жөніндегі экспедиция» Ресейдің ішкі губернияларынан келетін шаруаларды қоныстандыру үшін өлкенің барлық уездерін табиғи-тарихи және шаруашылық-статистикалық жағынан зерттеуге баса көңіл бөлді. Ғылыми-танымдық материалдардың қорын жасауда, оларды жарыққа шығаруда облысы статистика комитеттері үлкен рөл атқарды. Қазақстанды басқару саласындағы әкімшілік реформаларға байланысты 1886 жылы статистика комитеті «Қазақтардың заңдық ғұрыптарын зерттеуге арналған материалдарды» басып шығарды.

Қазақтың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым Әлихан Бөкейханов Орыс географиялық қоғамында, оның Батыс-Сібір бөлімінде өзінің ғылыми ынта-ықыласын мейлінше толық көрсете білді. Мәселен, революцияға дейінгі Ресейдегі іргелі еңбектердің бірі – «Ресей. Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы, XVIII ғ. қазақ өлкесі» еңбегі авторларының бірі болған Ә. Бөкейханов бүкіл Ресейдің қалың оқырмандарына қазақ халқының тарихи өткен кездің дұрыс көрінісін, оның мәдениетін жеткізе білді. Ә. Бөкейханов сол кездегі қазақ қоғамы өмірінің терең ғылыми көрінісін жасады, орыстың қалың оқырмандарын Абайдың өмірімен және қызметімен тұңғыш рет таныстырды, сол кезеңдегі орыс өмірінің проблемаларына зор түсінікпен қарады.

Оның ізінше ғылыми қоғамдық еңбектерінде Ж. Ақбаевтың, М. Шормановтың басқа да бірқатар қазақ тілшілерінің мақалалары жарияланды.

Қазақстан өлкетану мәселелерін қозғайтын материалдарды жинақтау мен кітаптардың жарық көруіне Ғылым академиясы

қызметкерлерінің, РГО бөлімдерінің, Орыс археологиялық қоғамының шығыс бөлімінің, Мәскеу университетінің жанындағы жаратылыстану, антропология және этнография әуесқойлар қоғамының, музейлердің, басқа да ғылыми мекемелердің қосқан үлестері зор еді. 1898-1914 жылдары П.П. Семенов Тянь-Шанскийдің және В.Н. Ламанскийдің редакцияларының басқаруымен «Ресей» көп томды баспасының жарық көруі, оның ішінде өлкетану мамандары жазған «Қырғыз өлкесі» (1903) және «Түркістан өлкесі» (1913) жарияланымдар баспаға шықты.

1898-1909 ж. Ф.А. Щербиннің 1906-1912 ж. П.А. Скрыпловтың, 1908-1913 ж. П.П. Румянцевтің, 1904-1911 ж. П.А. Хворостанскийдің, В.К. Кузнецовтың және А.В. Переплетчиковтың басшылықтарымен Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісу облыстарындағы қоныстану ұйымдары мен статистер экспедицияларының өлкетану материалдары өте құнды статистикалық деректерге толы. 34 томдық «Қырғыздардың жер пайдаланулары бойынша материалдары», географиялық карталары бар, «Азиаттық Ресей» үш томды жинағы 1914 жылы жарық көрді. Орынбор ғылыми қоғамдары мен мекемелерінің қызметі тарихи өлкетану дамуының бір белесі болғандай.

А.Е. Алекторовтың, А.И. Добросмысловтың, И.И. Крафтың, Я.Я. Полферовтың еңбектері; Батыс Сібір Орыс географиялық қоғамы бөлімінің, Семей облыстық статистикалық комитетінің және Орыс географиялық қоғамы бөлімшесінің өлкетанушылық іздеулері; П.Е. Маковецкийдің, Н.Я. Коншиннің, А.Н. Седельниковтың, В.И. Маевскийдің жарық көрген еңбектері; Сырдария облыстық статистикалық комитетінің, археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің (1895-1917), Түркістан РГО бөлімінің (1897-1917), Шығыстану қоғамы бөлімінің (1901-1913) айналасында біріккен Түркістан ғалымдары мен өлкетанушыларының еңбектері Қазақстанның зерттелуіне үлкен септігін тигізді; И.В. Аничков, Г.А. Арендаренко, Д. Федоров, М.Н. Бродовский, И.И. Гейер, А.А. Диваев, Н.Н. Пантусов, Ф.В. Поярков, А.А. Семенов сияқты ғалымдар өлкенің табиғатын, тарихын, этнографиясын зерттеуге де зор үлестерін қосқан.

### 3.4. XX ғасырдың 20-жылдарындағы Қазақстандағы тарихи өлкетану

Кенес үкіметі орнағаннан кейін Қазақстанда өлкетанудың тұрақты ғылым мекемелері мен ғылыми-зерттеу интернаттары, қорықтар ұйымдастырылды. Өлкетану бойынша Қазақстанды зерттеу қоғамы аясында және Кенес өкіметінің Қызыл керуен, Қызыл отау шараларының негізінде көптеген жұмыстар атқарылды. Бұл кезеңде, негізінен, Қазақстанның табиғи ресурстарын игеру, шикізаттың жаңа көздерін ашу, индустрияландыру, елдің бет-бейнесін түбірінен өзгерту, кеңестік шаруашылықтар мен мәдени құрылыс бағдарламасын іске асыру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қазақстан өлкетануында Қ.И. Сәтбаев, Ә.Х. Марғұлан, т.б. ғалымдар қомақты еңбектер атқарды. Бірқатар тұрақты және маусымдық экспедициялар Қазақстанның жер қойнауын, өсімдік, жануарларын, жалпы табиғатын кешенді зерттеу және тарихи-археологиялық қазба жұмыстарын жүргізумен қатар жергілікті халықтың мәдениетін, тілін, өнерін, ауыз әдебиеті үлгілерін жинастырумен де айналысты.

Кирревкомның тарихи-статистикалық бөлімінің қызметі (1919), Наркомпростың білім, әдебиет, өнер, музей, мұрағат жөніндегі ғылыми бөлімі (1920), ал 1921 жылдан бастап Наркомпростың Басты Музей мен Басты Мұрағат кіретін Академиялық орталығы болды.

*Қазақстанды зерттеу қоғамы (ҚЗҚ)*, А. Диваев, П.А. Гра, А.Л. Мелков, С.М. Петров, А.А. Четыркина, А.П. Чулошников және т.б. атақты зерттеушілердің ұсынысымен және тікелей қатысуымен 1920 жылы ашылған төңкерістен кейінгі өлкетанулық жұмыс орталығы болды. 1920 жылы Казнаркомпрос құрамынан Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясы мен Орыс географиялық қоғамның Орынборлық бөлімшесінің мұрагері ретінде Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамы (1925 жылдан бастап Қазақстан) бөлініп шықты.

Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының қызметі кезінде Орынбор (1920-1925), Қызылорда (1925-1929), Алма-Ата (1929 жылдан

бастап) зерттелді. Қоғамның мақсаты мен міндеті – оны аймақтарға бөлу. Мектептік өлкетану бөлімі ұйымдастырылды (1924). Семейдегі Қазақстан өлкетану қоғамының бірінші конференциясы (1924) өтті.

**Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының ғылыми-зерттеу қызметі.** Міне, осы ғылыми мекеме жұмысы жүйелі жиналыс негізінде тек өлкетануға байланысты мәліметтерді зерттеу ғана емес, қазақтардың материалдық және рухани мәдениеті, алғашқы әлеуметтік-экономикалық зерттеме, өлкедегі тұрғылықты халықтың мәдени және этникалық тарихы ауқымды хронологиялық диапозонымен органикалық байланысқан. Зерттеу қатарында, әсіресе Т. Тоғжанов мен В.Г. Соколовскийдің еңбектерінде практикалық жағынан маңызды қазақ ауылдарының теориялық және ұлттық әлеуметтік-экономикалық құрылымының нақты тарихи аспектілері зерделенді. 1920-1930 жылдар аралығындағы ұйымдастырылған ауыл тексеру экспедициясы салдарында жинақталған жүйелі түрдегі материалдар негізінде өлкетануды жартылай негізі, материалдық мәдениеті және басқа да мәселелер бойынша зерттеді. Республиканың түрлі аймақтарына жүргізілген экспедиция барысында жинақталған тарихи-өлкетанулық және этнографиялық материалдар пәндік-тақырыптық алуандығымен ғана емес, мәліметтік маңыздылығымен және байлығымен өзгешеленеді.

Көп ұлтты Ресейді зерттейтін комиссия (КИПС, 1922 жылдан бастап ҚСРО). Орталық Азия мемлекеттері мен Қазақстанда ұлттық-мемлекеттік бөлінуді даярлау КИПС және оның бөлімшесінің қызметі болып табылады. Көшпелі қазақ жұртының көшіп-қону шегі мен отырықшы қазақ жұртының тұрақты орны нақтыланды. 1928 жылы «Этнографическая карта народов СССР» шығарылып, мал шаруашылық аймақтарында далалық зерттеулер ұйымдастырылды. Профессор В.Н. Кунның басшылығымен ұйымдастырылған ғылыми комиссия Түркістанның тұрғылықты халқының тұрмысын зерттеді.

1930 жылы Алматыда зерттеушілермен өлкетанулық мекемелер мен ұйымдар, музейлер және басқа да мәдени орталықтар өкілдерінің қатысуымен I Бүкілқазақстандық өлкетанулық съезд

шакырылды. 1930 ж. бүкіл ел бойынша техникумдар мен жоғары оқу орындарының оқу жоспарына өлкетану енгізілді. 1931 жылы Наркампрос, Госплан және Қазақстанды зерттеу қоғамы басқармасының өкілдерімен Республикалық ұйымдасқан өлкетанулық бюро құрылды. Аймақ орталықтарында (Алматы, Шымкент, Семей, Орал, Ақтөбе) өлкетанулық басқарма және 42 жаңа өлкетанулық ұяшық ұйымдастырылды. II Бүкілқазақстандық өлкетанулық конференция (1932). Республикада өлкетану құрылымын қайта ұйымдастыру КазКСР Наркомпростың тікелей бақылауымен Қазақстанда Орталық өлкетанулық бюросы сайланды.

XX ғасырдың 30-жылдары алғашқы археологиялық, 1933 жылы құрылған ГАИМК-нің (Государственная Академия истории материальной культуры) Нұра экспедициясы жүргізді. Оның құрамында белгілі археологтар П.С. Рычков, М.И. Артомонов, И.В. Синицын болды. Экспедицияның басты міндеті Шерубай-Нұра өзені бойындағы, Қарағанды қаласынан оңтүстікке 60 км жердегі Дәндібай мәдениетін ашу болды. Бұл ескерткішті қазу кезінде қола кезеңдеріне тән емес, құрылыс типтері мен керамикалық материалдар шықты.

Қазақстанның археологиялық зерттеуіне геология және жаратылыстану ғалымдарының өкілдері, оның ішінде П.Л. Драверт, Қ.И. Сәтбаев, В.А. Селевин, А.В. Мухля, А.Н. Формозов, Г.Н. Щерба, т.б. басқалары баға жетпес үлес қосты.

Академик Қ.И. Сәтбаев, археология және ежелгі кен орындарының кей сұрақтарына жауап іздеді. Бірақ XX ғасырдың 40-жылдарының басына дейін бұл аймақта кең және жүйелі түре зерттеу бола қойған жоқ.

Қазақстанның тарихын нақты және кеңінен зерттеудің жаңа кезеңі Ұлы Отан соғысынан кейін басталды және Қазақ КСР Ғылым академиясының құрылуымен байланысты болды. Ғылым академиясының жанынан Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы құрылды, оған ғылыми жетекшілікті 30 жылдан астам академик Ә.Х. Марғұлан жүргізді. Ғылыми зерттеу бағыттарын анық белгілеу, қысқа уақыт ішінде бірнеше кезеңдегі ескерткіштерді ашуға мүмкіндік берді.

Орталық Қазақстан экспедициясы үш бөліктен тұрды. Біріншісін Ә.М. Оразбаев, екіншісін, Ә.Х. Марғұлан, үшіншісін М.Қ. Қадырбаев басқарды. Алғашқы зерттеу-барлау жұмыстарынан кейін экспедиция өз назарын Жаңаарқа, Шет, Ақтоғай, Қарқаралы аудандарына аударды. Экспедиция жүргізген қазба жұмыстары мен барлау жұмыстары мен барлау жұмыстары тек қамтылған территориялық ауқымымен ғана емес, сонымен қатар зерттелген ескерткіштердің хронологиялық диапозонымен де ерекшеленді.

### 3.5. 1930-1980 жылдарындағы Қазақстандағы өлкетанудың дамуындағы ғылыми мекемелердің ролі

1930-1940 жылдары Қазақстандағы өлкетанудың дамуындағы ғылыми мекемелердің ролі арта түседі. 1934 жылы Қазақ мемлекеттік университеті мен Қазақ ұлттық мәдениетінің ғылыми-зерттеу институты құрылды. Қысқа мерзімде Қазақстан зерттеу қоғамы (1935) қайта ашылды. 1938 жылы КСРО ҒА-ның Қазақ филиалы ашылды. Ұлттық тарихшы, археолог, этнограф және өлкетанушы кадрлер даярлана бастады. Ұлы Отан соғысы кезіндегі өлкетану жұмысы бәсеңдеді.

Соғыстан кейінгі жылдардағы өлкетану жұмысы көтерілуі 1945 жылы ҚазКСР ҒА-ның Ш.М. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының құрылуымен байланысты. 1949 жылы КСРО ҒА-ның этнография институты ҚазКСР ҒА-ның ТАЭИ және республиканың түрлі аймағына ғылыми, оның ішінде өлкетанулық материалдар жинайтын орталық музеймен бірлескен экспедиция ұйымдастырылды. Оның мақсаты және көп қырлы зерттеменің фундаменттік ағымы – республиканың көп ұлтты халықтарының мәдениеті мен тұрмысын зерттеу болып табылады.

1950-1960 жылдар арасындағы Қазақстан аймақтарындағы экспедициялық зерттеулер көптеп ұйымдастырылды. Қазақстанның тарихи-этнографиялық атласын дайындау кезінде белгілі бір тарихи кезеңмен байланыстырылған этнографиялық, археоло-

гиялық, антропологиялық, өлкетанулық, терминологиялық, диалектикалық альбом суреттер, типологиялық кестелер мен карталар пайдаланылды. Қазақстанның тарихи-этнографиялық атласын даярлау материалдық мәдениет (шаруашылық, орналасуы мен үйі, киім мен сәндік бұйымдары, тағам мен жиһазы, көлік пен қозғалыс құралы), халықтың көркем өнері жайында экспедициялық жұмыс кезінде жинақталған мәліметтер қазақ этносының мәдениеті мен тұрмысының этно-дифференциалды белгісін ашатын зерттеулер айналымын құруға негізгі бастау базасы болды. Қазақ колхоз ауылдарының сол кездегі тұрмысын (Көкшетау облысын) Г.Н. Уәлиханов және (Батыс Қазақстан облысын) В.В. Востров 1950-1952 жылдары зерттеді.

Республика және оның аймақтарында өлкетанулық қоғамның 1960-1980 жылдары аралығындағы негізгі жұмыс бағыттары мен атқаратын қызметтері ғылыми бағдарлама негізінде жүргізілді. Өлкетанулық зерттеулердің дамуына отандық тарихшылар мен этнографтардың қосқан үлесі зор. ҚазКСР ҒА-ның тарих археология және этнография институты ұжымының «Культура и быт казахского колхозного аула» монографиясы (1965), В.В. Востров мен Х.А. Кауанованың «Материальная культура казахского народа на современном этапе» монографиясы (1972), М.С. Мұқановтың «Казахская юрта» (1981), Ә.Х. Марғұланның 3 томдық «Казахское народное прикладное искусство» (1986-1994), В.В. Востров, И.В. Захарованың «Казахское народное жилище» (1989) және т.б. ғылыми еңбектері жарық көрді.

1973 жылы Кеңес Одағы жергілікті халықтар өлкесінің тарихын, экономикасын, мәдениетін, табиғатын зерттеп білуге қатысты арнайы Бүкілодақтық туристік экспедициялар ұйымдастырылды. Туристік-өлкетану үйірмелері жұмыс жасады. Өлкетанудың жергілікті орталықтары ретінде тарихи-өлкетану музейлері, мәдениет үйлері, түрлі үйірмелер құрылды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жергілікті жерлердегі өлкетану мекемелерінің ісін жандандыру, бұрынғы жер-су атауларының шығу тегін зерттеп, қалпына келтіру, халыққа көп танымал емес бай мұраны жинастыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға алу ісі қолға алын-

ды. Жергілікті жерлерде облыс, аудан өлкетану музейлері жұмыс істейді. Қазақстанның әр өлкесіне арнайы ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру да ілгері дамуда.

### 3.6. Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы тарихи өлкетану

Егемендікке қол жеткізген уақыттан бастап туған өлкеге, туған жердің тарихын оқытуға ерекше назар аударылды, себебі өз өлкесінің тарихын білмей ұлтжанды ұрпақ қалыптаспайды. Бұған нақты дәлелдер де жетерлік, мысалы, 1994 жылы 26 тамыздағы гуманитарлық білім беру тұжырымдамасына, 1995 жылы 30 маусымда қабылданған тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасына, 1996 жылғы 15 шілдедегі этникалық-мәдени білім тұжырымдамасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік бағдарламаларында өлкетану жұмыстарының тәрбиелік мүмкіндіктері мен маңыздылығына ерекше мән берген.

Жаңа білім беру жүйесіне көшу рухани бай, денсаулығы мықты, туған елін, жерін сүйетін, қадірлейтін оқушыны тәрбиелеуді ұсынады. Бүгінгі таңдағы білім берудегі басты мақсат жас ұрпақтың білім деңгейін көтеру және жан-жақты дамыған, білімді, сауатты, өмір сүруге бейім, белсенді, қабілетті жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Бұдан шығатын түйіткілді мәселе, жаңа қоғамда тарихшы маманның ішкі жан дүниесі де жаңаша болмақ демек, болашақ ұрпақтан да үлкен үміт күтіледі.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жергілікті жерлердегі өлкетану мекемелерінің ісін жандандыру, бұрынғы жер-су атауларының шығу тегін зерттеп, қалпына келтіру, халыққа көп танымал емес бай мұраны жинастыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға алу ісі қолға алынды. Жергілікті жерлерде облыс, аудан өлкетану музейлері жұмыс істейді. Қазақстанның әр өлкесіне арнайы ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру да ілгері даму үстінде. Алайда қазіргі кезде өлкетану жұмыстарын дұрыс

жолға қойып, ұйымдастыру, ол бойынша жүргізілетін жұмыстың дәрежесі, оқу-тәрбие үдерісінде кеңінен әрі тиімді пайдалану барлық білім беру мекемесінде бірдей емес. Осы уақытқа дейін белгілі болғандай тек өз пәні мен мамандығын сүйетін алдыңғы қатарлы мұғалімдер мектептің тұрған жерін жүйелі түрде зерттеп білуді, ол жұмысқа оқушыларды көптеп тартып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді жақсы ұйымдастырады және өзінің іс-тәжірибелерімен бөлісіп отырады.

Осы мәселелерді негізге ала отырып, соңғы уақыттағы жоғары оқу орындарындағы өлкетану жұмыстарының жай-күйіне талдау жасай кетсек, еліміздегі 2004 жылғы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын және іс-шараларын жүзеге асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты Жолдауының негізінде көптеген жоғары оқу орындарының іс-тәжірибелері мен оқу-тәрбие үдерісінде өлкетану жұмыстарының жандана бастағанын көреміз.

Болашақ тарихшыларды даярлау жүйесінде «Тарихи өлкетану» міндетті пән ретінде енгізілсе, география саласында «Географиялық өлкетану» тандау компоненті есебінен құрыла бастады. Сондай-ақ қазіргі жоғары оқу орындарында өлкетанымдық жорықтардың жанданғандығын атап өту қажет. Соның бірі 2008-2009 жылдары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Археология институты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай мемлекеттік университеттері Қазақстанда 30-ға жуық қалашықтарда, қоныстарда, қорғандарда археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тұрғындармен пікір алмасқан. Аталған қалалардың оқу орындарында өлкетану мұражайлары ашылған. Мұндай өлкетанымдық жорықтар мен практикалық жұмыстар барлық өңірлерде де қолға алынған.

Осындай өлкетанымдық іс-шараларды Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті 2001 жылдан бері жүзеге асырып келеді. Осы жылы алғаш рет студенттер мен мектеп оқушыларын ұйымдастырып, «Өлкетану» экспеди-

циясын құрды. Жастар Павлодар облысының мазарларының, ескерткіштерінің, мұражайларының, т.б. тарихи орындардың жай-күйімен танысып, универсиет мұғалімдері бағыт-бағдар беріп, дәрістер оқыған. Ал мұның бәрінің астарында танымдық мән, патриоттық сезім мен ұлттық намысты оятатын құндылықтар жатқаны айтпаса да түсінікті. Университет басшылығымен болашақ тарихшыларды өлкетану жұмысына даярлауда ауқымды істер атқарылған. Сондай-ақ бұл оқу орнында «Өлкетану-Краеведение» журналы шығып тұрады.

Қазіргі Қазақстандағы жоғары оқу орындарының білім беру саласында белгілі бір жүйеде өлке тарихы бойынша материал беріп қана қоймай, сонымен қатар музей бойынша және өлкетану көздерін оқыту мүмкіндігі туды. Мәселен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география және туризм факультеті, тарих, археология және этнология факультеті жыл сайын студенттермен еліміздегі тарихи өлкетану музейлерінде, археологиялық қазба жұмыс орындарында кәсіби тәжірибе өткізіп, түрлі ғылыми-танымдық, тәрбиелік сапарлар ұйымдастырып отырады. Аталмыш оқу орнында мұндай іс-шара жылдан-жылға жақсарып келе жатқандығын аңғаруға болады.

Көптеген жоғары оқу орындарының іс-тәжірибелерінде экскурсиятану, аймақтану секілді пәндер енгізілуде. Бұл студенттерді, соның ішінде болашақ педагог мамандарды өлкетану жұмыстарына даярлауда маңызды белгі болып табылады. Бірақ жоғары оқу орындарының да бұл салада әлі де болса шешімін таппаған мәселелер баршылық, оларда студенттерді өлкетану жұмысына даярлау керектігіне байланысты пікірлер айтылғанмен де, мұнда аяқталмаған нақты теориялық және практикалық мәселелер жеткілікті. Оған жататындар: білім беру мен тәрбиені тұтас үдеріске біріктіру, өлкетану үйірмелері, тарих және қоғамтану, сондай-ақ педагогикамен байланысы, өлкетану кешенінің болашақ педагог мамандарды мектептегі жұмыстарға даярлаудағы рөлі және оның тәрбиелеудегі орны, өлкетану материалдарын зерттеу, жинау, педагогикада пайдалану мәселелері және т.б. Жоғары оқу орындарындағы өлкетануға даярлау ісін ұйымдастырудағы кем-

шіліктерді былайша түсіндіруге болады, негізгі себеп өлкетануға байланысты іс-тәжірибелердің өз дәрежесінде еместігі, оқытушының өлкетанымдық іс-әрекеті тек пән негізінде болмаса, оның педагогикалық маңыздылығына қарамастан ақшасыз төленбейді, мемлекеттік құжаттарда көрсетілсе де кей жағдайларда міндетті емес деп те есептелінеді, тек мерейтой, түрлі іс-шараларға орайластырып қана тәрбие түрінде ұйымдастырылады. Туған өлкенің, жергілікті жердің қала берді аймақтардың өзіндік ерекшеліктерін, табиғатын, тарихын, халқы мен шаруашылығын жан-жақты сипаттайтын факторларды зерттеу қазіргі білім беру саласының маңыздылығын арттыра түспек. Ақиқат, өлкетану жұмыстары жеке тұлғаның дүниеге дұрыс көзқарасының қалыптасуына қоршаған шындықты түсінуге, сенімін қалыптастырудың негізі болып табылады. Өлкетануды оқытудың жетістігі – ол оқытушылар мен мұғалімдердің, мектеп оқушыларының ізденісін, олардың шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін арттыра түсу, өлкетануға деген қызығушылығын арттыру, туған өлкесіне деген сүйіспеншілігін тереңдету болып табылады.

Қазіргі күні өлке тарихына, жерлес оқиғаларға, жәдігерлерге қызығушылық күн санап артып келеді. Еліміздегі тарихшылардың басты мақсаты – өлкеміздің тарихына жаңаша ой жүгірту, өлке тарихының ақтаңдақ беттерін түгендеп, жоғымызды тауып, өшкенімізді түгендеп, қалпына келтіру. Осы орайда, айта кетсек, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінің тарихшылары, этнологтары мен археологтары осындай игі істермен сәтті айналысуда.

#### Сұрақтар:

1. «Жами ат-тауарих» шығармасының авторын атаңыз.
2. Н.Д. Бухгольц пен Н.М. Лихарев экспедициялары Қазақстанның қандай аумақтарын зерттеді?
3. «Орынбор топографиясын» кім жазды?
4. «Қырғыздардың жер пайдаланулары бойынша материалдар» негізін қандай қайнар көздер құрайды?

5. Облыстық статистикалық комитеттердің қызметтері өлкетанудың қандай аспектілерін қозғайды?
6. Қай жылы Қазақстанның зерттеу қоғамы құрылды?
7. КИПС-тың негізгі жұмысы неде еді?
8. І Бүкіл қазақстандық өлкетану съезінің жұмысы қайда өтті?
9. 1950-1970 жылдары ҚазКСР ҒА-ның Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты қандай зерттеулер жүргізді?
10. 1980 жылдары Республикада өлкетану жұмыстары қалай жүргізілді?
11. Қазіргі уақытта тарихи өлкетану саласында қандай зерттеулер іске асырылуда? Әңгімеленіңіз.

#### **Қосымша материалдар және олар бойынша тапсырмалар**

*Төмендегі материалды оқи отырып, мынадай сұрақтарға жауап беріңіздер:*

1. Ауызша тарихи деректер бізге дейін қалай жеткен?
2. Ауызша тарихи деректер өлкенің тарихын зерттеуге қалай көмегін тигізуде?
3. Америкалық ғалым Ян Вансина ауызша тарихты зерттеуде қандай үлес қосты?
4. М.-Ж. Көпеевтің ауызша деректерге берген пікірін қалай түсінесіздер?

#### **Ауызша тарих – ежелгі дүние айнасы**

Біздің Отанымыздың тарихы көбінесе басқа жұрттың тіліндегі (грек, қытай, парсы, араб, орыс, т.б.) жазба деректері арқылы жазылған. Бүгінгі күнге дейін тарихшы ғалымдардың көпшілігі өзге жұрт өкілдері қалдырған жазба деректеріне сүйенеді. Бұдан қазақтарда тарих болмағандық деп айтуға болмайды. Көне замандардан бастап қазақ жерінде жазба тарих дәстүрлері болды. Соның айқын мысалы Есік қорғанынан табылған (б.з.б. VI ғасыр) күміс тостағандағы сына жазу немесе көне түріктердің құлпытас бетіне қашап жазған тарихи-эпитафиялық жазбалары (Күлтөгін, Бумын қаған, Тонькөк, т.б.). Орта ғасырларда қазақ тарихшылары араб әліпбиіне негізделген шығармалар жазды (Мұхамед Хайдар Дула-

ти, Қадырғали Жалаири). Сонымен қатар біздің ата-бабаларымызда тарихты ауызша айту дәстүрі болған. Ауызша тарихқа эпос, жыр-аңыздар, шежірелерді жатқызамыз. Ауызша тарих тарих ғылымының бір жеке саласы болып, алыс шетелдерде XX ғасырдың 2-жартысынан бастап енген. Ауызша тарих ұғымын алғаш, 1948 жылы ағылшын тілінде Колумбия университетінің профессоры А. Невинс қолданды.

Бүгінгі күні ауызша тарихты зерттеудің тамаша үлгісін жасаған Ян Вансина еңбектері танымал. Ол, көбінесе, Азия және Африка халықтарының ауызша тарихнамасын зерттеді. Ал қазақтың ұлы зерттеушілері Шоқан Уәлиханов, Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Тынышбаев, Ермахан Бекмахановтар, т.б. өз тарихымызды жазуда үнемі халқымыздың атадан балаға мұра болып қалған эпос, аңыз әңгімелер, жыр, шежірелерге арқа сүйеген. Ауызша деректер жазбаша тарих пайда болғанға дейін адам баласы өздерінің жинаған іс-тәжірбиесі, өткен тарихын, алғашқы көркем шығармаларын кейінгі ұрпаққа мұра ретінде қалдыру үшін пайдаланған. Эпос, аңыз, жыр, шежіре түріндегі ауызша тарих – халықтың ертедегі қоғам, адам, табиғат туралы алғашқы ой санасы. Ең бірінші ауызша деректер Жерді жаратқан құдайлар туралы аңыздар, сонан соң батырлар туралы эпикалық жырлар пайда болған. Мысалы, алғашқы көркем шығармалар болып табылатын атақты гректің ақыны Гомер «Илиада» және «Одиссея» поэмалары, орыстың «Игорь полкі туралы сөз», француз халқының «Роланд туралы сөз» атты эпикалық шығармалары алғашқыда ауызша тарап, кейін жазылып алынған. Бұл Жер шарындағы түрлі халықтарда әртүрлі уақытта, жазудың пайда болуына байланысты әр уақытта жүрді. Ежелгі Таяу Шығыстың (Месопотамия (қазіргі Иран), Ирак өлкелері, Египет, Палестина) халықтарының ауызша эпикалық жырлары, мифтері, шежіресі тасқа қашалып жазылды.

Ал Орталық Азиядағы көшпелі халықтардың ауызша тарих айту дәстүрлері тасқа қашалып жазылып осы күнге дейін жетті (Мәселен, Орхон-Енисей жазба ескерткіштері). Алайда жазу пайда болғаннан кейін өткен оқиғаларды жазып отыру дәстүрі қалыптасып, ол ауызша тарих айту дәстүрін, яғни ауызша деректерді біртіндеп ығыстыра бастады. Көп уақыттар ауызша тарих айту дәстүрінен қалған мұраларды зерттеуді фольклортану ғылымы атқарды. Егер Еуропа мен Азия елдерінде ауызша тарих айту дәстүрі ұмыт бола бастаса, ал тропикалық Африканың жазу-сызуы жоқ халықтарында тарихи аңыз-жырлар, эпос, шежіре бүгінгі күнге дейін жеткен. Мысалы, Бельгиялық ғалым Ян Вансина 25 жыл бойы Африкада өмір сүріп, жиналған зерттеулер арқасында жазба және археологиялық ескерткіштері аз, экваторлық Африканың

(Руанда, Бурунди, Заир, Конго сияқты елдерінің) тарихын ауызша деректері арқылы зерттеп бүгінгі ғылымға жеткізді. Бұдан біз ауызша тарих айту дәстүрін «тарихи дерек» екендігін мойындай аламыз. Әр халықтың тарихын тек шетелдіктердің жазбалары арқылы ғана жазғаннан гөрі өзінің ауызша тарихи дерегі арқылы зерттеудің маңызы артық деп айта аламыз. «Бұған белгілі бір халықтың тарихын зерттеу үшін сол ұлттың тілін, дәстүрін, салт-санасын білу керек», – деген М. Тынышбаевтың пікірі дәлел болады.

Басқа халықтың тілін, ділін білмейтін, түсінбейтіндер ел тарихын дұрыс, толық жазуы мүмкін емес. «Қазақ шежіресін» хатқа түсірген М.Ж. Көпейұлы: «Басқа жұрттан шығып, тарих жазушылар қайдан шығып, қайтадан ұшырасарынды білмейді... Нұсқалардан көрумен, кәрі құлақтан естумен өз білгенімді шамам келгенше қорытып, шындап, тыңдап, айтып отырмын», – деп жазады. Шежірешінің айтып отырғаны ауызша тарих айтудың ең көкейкесті мәселелері. «Шежіре» сөзі екі мағына береді. Араб тілінде ағаш бұтағы, тармақ, ал көне түрік және моңғол тілдерінде есте сақтау, жадыда ұстау. Ауызша тарих, ең алдымен, ғасырлар бойы қариялардың есте ұстап, ұрпақтан ұрпаққа өсиет есебінде айтып келген тарих. Соңғы кездері тарих ғылымында қазақ шежіресімен қатар батырлық жырларына, аңыздарға, шешендік сөздерге, айтыстарға ықылас ерекше.

**Төмендегі материалды оқи отырып, мынадай сұрақтарға жауап беріңіздер:**

1. Ш. Уәлиханов қандай экспедицияларға қатысқан, олардың қазақ тарихында қандай маңызы болды деп ойлайсыздар?
2. Ш. Уәлихановтың өлкенің тарихы мен мәдениетін зерттеуге қосқан зор үлесі туралы әңгімелеп беріңіздер.
3. Шоканның еңбектері мен қолжазбалары тарихи өлкетану бойынша дереккөз болып келе ме? Жауапты дәлелденіздер.

### Ш.Ш. Уәлиханов – қазақтың көрнекті ғалымы

Шокан Уәлиханов 1835 жылы қараша айында Қазіргі Қостанай облысы Құсмұрын бекінісінде дүниеге келген. Шокан да Кенесары сияқты Абылай тұқымы еді. Ол Абылайханның үлкен ұлы Уәлиден тарайды. Азан шақырып қойған есімі – Мұхамедханафия. Алайда жастайынан басқа балалар сияқты доп қуып, асық ойнағаннан гөрі әжесі Айғанымның қасында әңгіме, киссаларды тыңдағанды ұнатқан. Бес жасынан хат

таныған. Сондықтан болар әжесі Айғаным сүйікті немересін Шокан деп атап кеткен екен. Балалық шағының алғашқы кезеңін Құсмұрында, кейін өзінің атамекені Сырымбетте өткізеді. Сырымбеттің сұлу табиғаты да оның болашақ ғалым болып қалыптасуына әсер еткен де болар.

Шоканның жастайынан білім, ғылымға жақын болуына әжесі Шыңғыстың да әсері мол болды. Шыңғыс көптеген орыс зиялыларымен таныс болған. Олардың көпшілігі бірнеше рет Шыңғыстың ауылында қонақта болған екен. Алғашқы білімін қазақ мектебінде алып, онда арабша және сурет салу өнерін меңгерген. Сонымен қатар араб, ұйғыр, парсы тілдерін меңгереді. Шыңғыстың ғұлама ғалымдарының еңбектерімен танысады.

Әжесі оны 1847 жылы орыс достарының көмегімен сол кездегі ең бір іргелі оқу орындарының бірі болып саналатын Сібір кадет корпусына оқуға түсіреді. Кадет корпусында білім алып, 1853 жылы бітіріп, атты әскер қорнеті деген атағын алып шығады, өз мамандығы бойынша қызметке орналасады. Ол жас кезінен Орталық Азияны зерттеген экспедицияларға қатысады. 1856 жылы Ыстықкөлге, 1857 жылы Алатау қырғыздарына, 1858-1859 жылдары Қашғарияға сапар шекті. Алатау қырғыздарына сапарында ол қырғыздардың атақты «Манас» жырын алғаш қағазға түсірген. Ал Шокан Қашғарияға Марко Поло мен Иезуит Гостен кейін тұңғыш барған ғалым.

Ал 1859-1861 жылдар аралығы Петербургте болған кезеңі оның ең қызықты шақтарының бірі ретінде ойында қалған. Шокан орыстың аса көрнекті жазушысы Ф.М. Достоевскиймен, орыс мәдениетінің алдыңғы қатарлы өкілдерімен, шығысты зерттеумен және орыс ғалымдарымен, ақындарымен таныс болып, байланысын үзбеген. Неміс, ағылшын, француз тілдерін жетік меңгерген ол осы тілдегі ғылыми еңбектер мен карталарды да зерттеумен айналысқан. 1861 жылдары ол өкпе ауруына ұшырайды, асқынып дәрігерлердің кеңесімен туған ауылына оралады. 1865 жылы сәуір айында ауруы меңдеген Шокан Алтын Емел жотасында (қазіргі Алматы облысының Кербұлақ ауданындағы Шокан деп аталатын ауылында) бар-жоғы 30 жасында дүниеден өтеді. Академик Әлкей Марғұлан Шоканның туғанына 150 жылдық тойына арнап ғалымның бес томдық еңбегін жариялады.

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ МУЗЕЙ, МҰРАҒАТ, ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ҚОРҒАУ ҚОҒАМЫНЫҢ РӨЛІ

**Дәріс мақсаты:** Қазақстанның тарихи өлкетануын зерттеудегі музей, мұрағат, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының рөлін жан-жақты ашып көрсету.

**Негізгі түсініктер:** музей, мұрағат, тарихи-мәдени ескерткіштер, қорғау қоғамы, өлкетану музейлері, музей ісі.

**Негізгі мәселелер:**

1. Өлкетану зерттеулеріндегі музейлердің рөлі.
2. Мұрағаттанудың тарихи өлкетанумен және тағы басқа ғылымдармен байланысы.
3. Өлкетану мен Республиканың ескерткіштерін қорғау қоғамының өзара байланысы.

#### 4.1. Өлкетану зерттеулеріндегі музейлердің рөлі

*Музейтанудың теориялық-практикалық аспектілері.* «Музей» түсінігі адамзаттың мәдени өмірінде екі жарым мың жыл бұрын пайда болды, бірақ олар заттарды жинау түсінігі ретінде қолданған жоқ. Ежелгі гректер, алғашында, музей деп музалар мүсіні орнатылған құрбан шалынатын киелі шырақтарды атаған. Ол шырақтар бақшада, тау етегінде, бұлақтардың қасында орналасқан. Уақыт өте *музейон* деген сөз әдебиет пен ғылым және ғылыми араласу мен айналысатын адамдардың жиналатын орын-

дарын атай бастады. Музейлерге екінші өмірді қайта өркендеу дәуірі берді, оны жаңа маңызбен толықтырды.

XVI ғасырдың екінші жартысында «музей» деп антик уақытының ескерткіштерін, кейінірек табиғат әлемінің үлгілерін, ғажайып немесе сирек кездесетін заттардың жиынтығын және оларды сақтайтын орындарды атай бастады.

Ғылыми білім беру мақсатында құрылған алғашқы ағылшын музейі 1683 жылы Оксфорд университетінде ашылды.

Ресейде музейлердің пайда болуы патша I Петр атымен байланысты. 1714 жылы Петербургте ең алғашқы ресейлік музей – кунсткамера ашылды. Дайын коллекцияларды сатып алу, геодезиялық және картографиялық экспедициялар мен ерікті садака беру арқасында I Петр қысқа мерзім ішінде Еуропадағы ең бай жинаушылардың бірі болды.

XIX ғасыр ішінде мұражай бірте-бірте адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды.

Тарихи өлкетану қайнар көздерінің арасында музейлердің материалдары, яғни табиғи-тарихи топтамалар мен материалды және рухани мәдениет ескерткіштерді жинақтап, сақтап, зерттейтін ғылыми мекемелердің материалдары ерекше орын алады. Музейлердің негізі болып табылатын ескерткіш-түпнұсқалардың топтамалары ғылыми-зерттеу және ағарту мекемелерінің ерекшеліктерін (спецификасын) анықтайды. Осы ескерткіштер негізінде музейлер ғылыми-зерттеу жұмыстарын, ғылыми-ағарту, білім және тәрбиелік жұмыстарын жүргізеді.

Тарихи музейтануда тарих ғылымының әдістерін және қосымша пәндерін қолдану, оның ішінде археологияның, полеографияның, этнографияның, нумизматиканың, сфрагистиканың әдістерін, сонымен қатар әдебиеттану мен өнертанудың әдістерін қолдану, өлкенің, аймақтың тарихы бойынша экспозициялар мен көрмелер құруда, мәдени-ағарту қызметінің түрлі формаларында аталған пәндердің көмегі. Музейлердің бірегейлігі және қайталанбайтындығы, олардың құрамындағы жиналыстардың, қызмет өрісіндегі, заң ережелеріндегі ұқсас жақтары. Осы музей әлеміндегі көпжақтылықты белгілі бір топтарға бөлуге мүмкіндік

береді. Белгілі бір ғылым немесе өнердің, өндірістің және оның салаларына байланысты олардың мамандандырылуы ескеріледі. Тарихи музейлер белгілі бір қаланың, кәсіпорынның, мекеменің тарихына арналған жалпы тарихы, тарихи-өлкетанушылық, археологиялық этнографиялық, әскери-тарихи, әскери тұрмыстық және басқа да тарихи музейлер бойынша сараланады.

**Музейлердің типтері мен профильдері.** Республикадағы барлық музей олардың негізгі мақсаттарын анықтайтын типтерімен ерекшеленеді. Көптеген музей ғылыми зерттеу, ағарту типіне жатады. Музейдің басқа түрі – зерттеулік, ол негізінен, қандай да бір ғылыми пән бойынша түпнұсқаларды сақтау мен зерттеуге бағытталған. Бұл, көбінесе, ғалымдар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін музей-зертханалар (мысалы, Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының геологиялық музейі). Ал үшінші тип – көптеген жоғары оқу орындарында болатын оқу музейлері. Олардың негізгі мақсаттары – оқу үрдісінің жетілуіне көмектесу. Көбінесе музей типтері музей топтамалары қорларын және олардың қызмет бағыттарын анықтайды.

Сонымен қатар музейлер профильдері бөлінеді, осы профильдер бойынша олардың ғылыми пәндерге, өнер салаларына, өндіріс салаларына қатыстылығы анықталады. Негізгі профильдер арасынан тарихи (оның ішінде тарихи-революциялық, археологиялық, этнографиялық, әскери-тарихи, мемориалды және т.б.), табиғи-ғылыми, өнертану, әдеби, техникалық музейлерді атауға болады.

**Өнертану музейлері және олардың құрылымы.** Өнертанушылар олардың қолдары жететін барлық музейдің қорларын пайдаланады. Бірақ тақырыбы жағынан неғұрлым жақын материалдар өлкетану көздерге үміт артуға болады. Туған өлкенің тарихы мен қазіргі дамуын зерттеу үшін маңызды тарихи база ретінде өлкетану музейлердің үлкен мәнін – ғылыми мекеменің нақты сипаттамасының талаптарын, оның құрылымын, топтамаларының құрамын, қызмет бағыттарын анықтайды.

Өлкетану музейі – бұл кешенді профильді музей. Ол өлкенің тарихын ғана емес, сондай-ақ табиғи топтамаларын зерттеп, жи-

нақтайды. Осы жерде гуманитарлық және табиғи-ғылыми профильдердің қосылуы болады. Бұл тарихи бөлімдер мен табиғи бөлімдерді қарастыратын музей құрылымдарында байқалады. Бөлімдердің саны мен олардың қызметтері қор топтамаларының құрамы мен өлшемдеріне, экспозицияның көлеміне, т.с.с. байланысты болады. Негізінен, облыстық өлкетану музейі: революцияға дейінгі кезең тарихы (ежелгі дәуірден ХІХ ғ. басына дейін), кенес дәуірі тарихы, егеменді және тәуелсіз Қазақстанның даму кезені, табиғаттар ғылыми-ағарту, фотолабораториясы бар көркем-рәсімдеу, т.с.с бөлімдерден тұрады. Әрине, аудандық музейлерде мұндай бөлімдер аз, бірақ барлық жағдайда да тарихи табиғат қорлары бар. Тарихи бөлімдер мен табиғат бөлімдерінің басты міндеті – экспозициялар мен көрмелер құру, топтамаларды жинақтау және зерттеу. Қор бөлімі топтамалардың жинақталуы мен есебін, олардың ғылыми өңделуін жүргізеді, ескерткіштерді сақтайды.

Музей өзінің әлеуметтік қызметін музей жәдігерлерін жинау, сақтау, үйрену, зерттеу және қолдану арқылы жүзеге асырады.

Белгілі бір затты жасауда да, қолдануда да оның функционалдық мәні болады. Музей әлеуметтік институт ретінде қоғамдағы өзгерістерді көрсетеді, олардың тарихилығын тереңдетеді. Әрбір жәдігердің қоғамдық мәнін, музейлік құндылығын көрсетеді.

Жәдігерлердің ақпараттық потенциалы екіге бөлінеді. Бірінші – ішкі хабарламалық кеңестік, екінші – сыртқы хабарламалық кеңестік. Біріншісі заттың өзіне, екіншісі жәдігердің айналасындағы ортаға қатысты мәліметтерді көрсетеді.

Музей жәдігерлерінің семантикалық (мәндік), аксиологиялық (бағалылық), коммуникативтік (хабарламалық) аспектілері бар және әрбір музей жәдігері аттрактивтік (көңіл аудару, назарды күшейту), семантикалық (мәнерлілік, дәлділік, мәндік), экспрессивтік (толқыту, көңілде әсер қалдыру қасиеті), репрезентативтік (ұқсас жәдігерлердің артықшылығын анықтай білу) қасиеттерге ие. Музей жәдігерлері тек дерек қана емес, мәдени-тарихи ескерткіш ретінде бағалылығы зор қоғам мен мемлекет, мекеме байлығы деп саналады.

Музей жәдігері – нақты өмірден алынған, музейге қоюға құндылығы бар, музей қорына тіркелген, ұзақ сақтауға бейім зат. Ол әлеуметтік, тарихи, қоғамдық өмірдің дерегі, ұлттық құндылықтың бөлігі ретінде қарастырылады. Музей жәдігері бүкіл музейдің қызметін, оның бағыттарын, жоспарын жүзеге асыратын негіз болып табылады.

Кез келген музей жәдігерін зерттеу ғылымға негізделеді. Қазіргі кезде музей ісі адам қызметінің ғасырлар бойы қол жеткізген нәтижесіне айналып, табиғаттың сыйы мен ерекшелігін көрсетіп (табиғи музей, қорықтар), ғылыми құжаттармен негізделіп, түрлі профильді саладағы жұмыс ретінде қарастырылады.

Музей ісінің негізгі құрамдас бөлігіне музейдің практикалық ісі, ескерткіштерді қорғау, музей жүйесі, музей саясатын заңдас-тыру, музей ісіндегі кадрларды дайындау да кіреді. Ғылыми-әдіс-темелік, көпшілік жұмыс орталықтарының жұмысы, арнайы тақырыптардағы журнал, газеттер шығару да музей ісінің басты бағыттағы шаралары.

Музейтанудың зерттеу әдістерінің негізгі бағыттарына тоқталсақ, олар:

- ақпараттық дереккөзі ретінде жәдігерлердің мәдени-тарихи құндылықтарын зерттейтін бағыттарда жұмыс істеу:
  - а) музей құндылықтарына жататын жәдігерлерді анықтау (ғалымдар, лаборатория);
  - ә) музей жәдігерлерінің мәндік мағынасын, ерекшеліктерін анықтау ісі;
  - б) музей жәдігерлеріне байланысты ғылыми анықтамалық, жүйелеу жұмыстарын ұйымдастыру;
  - в) сақтау режимін, консервация және қайта қалпына келтіру жолдарын анықтау;
  - г) музейдің тәрбиелік, білімдік міндеттерін атқару әдістерін қарастыру, жүйелеу.
- музей ісі, оның атқаратын қызметі, қоғамдық, мемлекеттік институт ретіндегі бағыты:
  - а) музейдің шығу тарихын, жүйесін, типін, музей ісінің тарихын жүйелейді;

- ә) ішкі ұйымдастыру жұмыстарын қарастырады;
- б) музей қызметінің арнайы бағыттарын анықтайды;
- в) музейді басқару жүйесін қарастырады, болашақ жоспарын талдайды.

Ғылыми-зерттеу мекемелерінің қатарында музейдің өз ерекшелігі бар. Музейдегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері – ғылыми жаңалықтарды толықтыра түсетін, басқа ғылыми салалар жүйесінде кең қолданылатын ғылыми орталық.

Әсіресе ғылыми негізделген, жоспарлы түрде қорларды жасау, музей заттарын сипаттау, өңдеу, зерттеу, ғылыми-зерттеу жұмысының негізі болып табылады. Ғылыми-зерттеу нәтижелері консервация, қайта қалпына келтіру, коллекцияларды қорғау мен сақтау, экспозиция, келушілермен жұмыс, т.б. Музей жұмыстарының деңгейін, дәрежесін анықтайды.

Музейдің ғылыми-зерттеу жұмыстары кешенді және көп қырлы болып табылады. Музейдің ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі бағыттарын, біріншіден, музейдің қай профиліне жататына байланысты, екіншіден, музейдің әлеуметтік институттар жүйесіндегі орнына қарай анықтайды. Профильдік бағыттан басқа ғылыми зерттеу ісі музейтану ауқымында да үнемі зерттеу жүргізіп отырады. Музей жұмысында ғалымдар белгілі бір зерттеу тақырыптарын жүргізіп, еңбектер жариялап отырды. Экспозиция мен көрмені суретшілер, дизайнерлер жасайды. Сәулеттік-көркемдік шешім қажет. Бұл жерде суретшілердің фантазиясы да өте үлкен рөл атқарады. Ол экспозиция жасауда көрерменнің білім деңгейіне, әлеуметтік демографиялық жағдайына да көңіл бөледі. Оптималды сары, жасыл, алқызыл түстер көзді шаршатындықтан, музейде ақ, көкшіл ақ сары және қара түстер қолданылады.

**Қорларды жинақтау көздері.** Музейдің пайда болуының алғышарты болып табылатын негізгі қорлардың жинақталуы оның қызметінің негізгі бөлігін құрайды. Бұл жинақтаудың мақсаты – қоғамдық, ғылыми және көркемдік мәні бар түпнұсқаларды біздің келешек ұрпағымыз үшін сақтау; экспозициялар мен көрмелердің тұрақты жетілуіне жағдай туғызу, осы арқылы тарихи тәжірибе мен мәдениетке қалың бұқараны тарту. Қорларды

жинақтау жұмысының ғылыми-зерттеулік сипаты бар және ол музейдің ғылыми қызметінің ерекшелігін көрсетеді.

Қорларды жинақтаудың көздері әртүрлі және сол кездегі уақытқа байланысты болады. Қазіргі заманғы өлкетану музейлерінде қорларды жүйелі жинау болып табылады. Өлкетанушылар үшін музейлердегі едәуір қызығушылық тудыратын қайнар көздер – зат, жазба және бейнелеу заттары болып табылатынын айта кеткен жөн.

Зат көздері – бұл археологиялық ескерткіштер мен тұрмыс заттарынан, архитектуралық құрылыстардан қалған кез келген материалды қалдықтар. Зат ескерткіштері қоғамдық өмірде өзінің орны бойынша жіктеледі. Музейлердің монеттер, медальдар, мөрлер сияқты зат көздері тарихи фактілерді анықтау үшін қолданылады. Музейлерде сақталатын қайнар көздерді басқа да гуманитарлық пән адамдары: археологияда (археологиялық табылған заттар), этнология (елді мекендер, үйлер, костюмдер, әшекей бұйымдар, ыдыстар, аспаптар), өнертануда (кескіндеменің химиялық құрамы, фарфор, фаянс, айнек, металл құйындысы өндірісінің технологиялық үдерістері), нумизматикада (монеттер), сфрагистикада (мөрлер), фалеристикада (ордендер, медальдар, түрлі белгілер), бонистикада (қағаз ақшалар), филигрантурада (қағаздар және ондағы белгілер), материалды мәдениет пен тұрмыс тарихында кеңінен қолданады.

**Жазба көздері.** Мұрағаттардан ерекшелігі, өлкетану музейлерінде жазба көздерін жинақтаудың негізгі көздері – музей зерттеп отырған тақырыпқа сәйкес, жеке азаматтардан материалдарды жинақтау. Бұлардың қатарына естеліктер жазбаларын, фотодеректі материалдардың жинақтарын, сонымен қатар тарихи және қоғамдық мәні бар кейбір жеке құжаттарды жатқызуға болады. Жазба көздері топтамаларының осындай көп материалы бар, оларды (афишалар мен хабарламалар, үндеулер мен шақыру билеттері, газеттер, ақша белгілері, газеттер, сирек кездесетін кітаптар және қолжазбалар және т.б.). Облыстық мұрағаттар өздерінің қорларына қосатын мүмкіндіктері жоқ.

**Бейнелеу көздері.** Музейлердің бейнелеу көздері археологияны, этнологияны, өнертануды, кітаптануды (кітап миниатюра-

сы) және басқа да гуманитарлық ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады. Жинақтау көздерінің бұл типі: бейнелеу-көркем көздері (бейнелеу өнерінің туындысы, көркем сурет, көркем кино және бейне материалдар); бейнелеу графикалық көздер (карталар, жоспарлар, сызбалар); бейнелеу-табиғи көздер (деректі сурет, деректі кино және бейне материалдар) сияқты түрлерге бөлінеді.

Музей қорларында сақталатын жәдігерлердің барлығы дерлік физикалық-механикалық, химиялық өзгерістерге ұшырайды немесе табиғи ескіреді. Бұл өзгерістер негізінен ауа мен жарықтың әсерінен болады. Жәдігерлер биологиялық зиянды жәндіктердің: шыбын-шіркейлердің, құрт-құмырсқалардың және кеміргіштер мен микроорганизмдердің де әсерінен бұзылуы мүмкін. Температураның белгілі бір деңгейі және ылғалдылық дәрежесі жәдігерлердің табиғи көнеру үдерісін тездетуі немесе бәсеңдетуі не баяулатуы мүмкін. Ауаның жоғары дәрежедегі ылғалдылығы, егер ғимаратта, бөлмеде газды ластанған заттар болса, зиянды химиялық қоспалардың пайда болуына алып келеді. Жоғары дәрежедегі ылғалдылық шаң-тозаңның да таз (грибковые) ауруларын, яғни микроорганизмдердің козуынан туатын ауруларды тудырады. Осындай қолайсыз жағдайлардан сақтау үшін музей жәдігерлерін сақтау тәртібі, ережесі болады. Ол температуралық ылғалдылық режимі, ауадағы зиянды заттардан қорғау, биологиялық және механикалық бұзылудан, нұқсаннан қорғау, апаттан алдын ала сақтандыру шаралары, экстремалдық (аяқ астынан шыққан қиындық) жағдайларға байланысты алдын ала дайындық шаралары жасалынады.

Тарихи музейлердің қорларына енетін заттар әртүрлі. Сондықтан оларды дұрыс сақтай отырып, әрбір заттың қолданыс аясын да естен шығармаған жөн. Бұл міндетті қорды сақтау жүйесі шешеді.

Режим (тәртіп, ереже) мен сақтау жүйесіне негізделген қор жұмысының бағыттарын «музей қорларын сақтауы» дейді. Әрбір музейдің өзіндік ерекшеліктері болуы себепті сақталу режимдері соған сәйкес жасалынады. Ол жәдігердің мазмұнына, қордың құрылымына, сапасына, санына, сақталған мерзіміне сай ерекше-

ленеді. Әрбір музей, әрбір қор сақтау қоймасы өзінің арнайы бағытына қарай жұмысын ұйымдастырады.

**Қазақстан музейлерінің қалыптасу және даму үрдістері.** Қазақстанда алғашқы музейлер Орыс география қоғамының бөлімшелерімен ашылған. Орыс география қоғамының Орынбор бөлімшесінің мүшелері Ы. Алтынсарин, Карелин, ағайынды Плотниковтар, Дауылбаев болған. Олар Мәскеу, Санкт-Петербург және Қазан бөлімшелерімен тығыз байланыс жасаған. Олардың алдына қойған мақсат: «статистикалық, географиялық және этнографиялық мәліметтерді жинау, өңдеу және тарату». Ол үшін түрлі ғылыми экспедициялар, жергілікті статистикалық комитеттер және өлкетанушылар қоғамы жинаған мәліметтерді өңдейтін, сақтайтын, бір жүйеге келтіретін, көпшілікке көрсететін орын қажет болды. Ондай орын, әрине, музей еді.

Әйгілі қазақ ағартушысы, демократ Ы. Алтынсариннің «Орынбор ведомствосындағы қырғыздардың үйлендіру тойы және құда түсу салты» мен «Орынбор ведомствосындағы қырғыздардың өлікті шығару және ас беру салты» сияқты өлкетану-этнографиялық зерттеулері жарық көрді.

А.Е. Қайназарованың мәліметтері бойынша 1913 жылға дейін Қазақстанда орынборлық, семейлік, жетісулық, оралдық және верныйлық сияқты музейлер болған.

Бүкіл қазақ жерінің әлі игерілмеген орасан зор табиғи байлықтарын түрлі себепке орай әлсіреген Ресей экономикасы өз жағдайын көтеруге барынша пайдалану мақсатында Қазақстанды зерттеуге патша өкіметі сан алуан ғылыми экспедиция ұйымдастырды. Олардың арасында Орыс ғылым академиясының Географиялық қоғамы, қоныс аудару басқармасы, статистикалық комитеттер, т.б. мекемелер мен ұйымдар жіберген экспедициялардың жекелегендері қазақ халқының тарихы, тұрмысы мен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары жайында көптеген құнды мәлімет жинастырды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Орынбор, Омбы және Ташкент қалалары қазақ даласын зерттейтін ғылыми орталықтарға айналды.

1857-1862 жылдар аралығында Орынборда жергілікті ғалымдар жинастырған қазақтың ұлттық ерекшеліктерін, өлкесі тарихын бейнелейтін жәдігерлер Мәскеу мен Қазан қаласы музейлеріне жіберіліп, олар көрме бөлімдерінен өзіндік ерекше орындарға ие болды. Сөйтіп, халқымыздың жоғары мәдени құндылықтары Санкт-Петербург сияқты қалалардың музейлерінің қорларын толықтырып, сол музейлерде осы күнге дейін қалып отыр.

1831 жылы Неплюев әскери училищесі жанынан Орынбор губерниялық музейі ашылды. ХХІ ғасыр басында республикамыздағы музейлер саны 88-ге жетсе, ол 1913 жылы небары 3, 1927 жылы 6, 1937 жылы 19, 1939 жылы 25 және 1970 жылы 29 болған еді. Олардың көбі тарихи-өлкетанулық, мемориалдық және тарихи-революциялық болып, негізгі мәселесі тұрғындарды коммунистік идеологияға тәрбиелену мақсатында жұмыс жүргізген-ді.

Елімізде музей қызметкерлерінің құрамын жақсарту мақсатында Қазақ мемлекеттік университетінде 1981 жылдан бастап, оны бітірушілер облыстық мәдениет басқармаларының сұраныстары бойынша музейлерге жұмыс істеуге жіберіліп отырды.

Қазақстанның бірінші музейі 1831 жылы Орынбор губернаторы граф Сухтеленнің ынтасымен құрылған. Бірақ негізінде оның басты ұйымдастырушысы белгілі орыс ғалымы В.И. Даль болған.

1878 ж. Омбы музейінің ашылуы. Оның ашылуына И.Ф. Бабков, Г.Е. Катанаев, М.В. Певцов, И.Я. Слопцов, Н.М. Ядринцевтер сияқты көрнекті ғалымдар, саяхатшылар, Сібір мен Ішкі Азияны зерттеген мамандар болды. Осыған байланысты тек қана бөлімнің ашылуына емес, сонымен қатар музейдің қалыптасуына өзінің зор ықпалын Батыс-Сібір генерал-губернаторы Н.Г. Казнаков көрсетті. 1878-1881 ж. Музейдің бастапқы коллекциялары Орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің ел арасынан жинаған коллекциялары мен басқа да меценаттардың берген көмектерімен жиналды.

Дәрежесі бойынша екінші орында семейлік музей тұрған. Ол 1883 жылы 11 қыркүйекте Абай Құнанбаевтың бастамасымен Е.П. Михаэлиспен құрылған.

Орал өлкетану музейі жайлы алғашқы мәлімет 1831 жылы атап өтілген. Оны жергілікті мұғалім Курилин ашқан, сол кішкене ғана музейдің негізінде 1870 жылы Орал әскери училищесі жанынан жаңа экспозиция ашылған. 1889 жылы музейде этнографиялық және археологиялық коллекциясы айтарлықтай үлкен көлемде болған. Ал Орал аймақтық музей осы музейдің негізінде 1920 жылы ашылады. Осы жылдан бастап музейге тарихи, этнографиялық, археологиялық, қазақтардың тұрмысы, мәдениеті жайлы көптеген материал жинала бастайды.

Кенес өкіметі кезінде 1976 жылы музейлер саны 39-ға жетті, Кенес өкіметінің Азия бөлігіндегі саны бойынша бірінші орында болған.

Қазақстанда егемендік алғалы музей ісі дамуда. Жаңа формалар, мысалы, жеке меншік коллекциялардың пайда болуда, жана түрлері ашылууда, мысалы, Семей қаласында прокуратура тарихы музейі, т.б.

Такырыптың хронологиялық шеңберінде Семей музейінің жұмысына тоқталып өту қажет, өйткені оның жұмысы Орыс географиялық қоғамымен көп дәрежеде байланысты. Музейдің өзі 1883 жылы облыстық, статистика комитетінің ағартушылық жұмысы шеңберінде пайда болды. 1893 жылы ол бастауыш білім туралы Қамқоршылық қоғамына берілді. 1902 жылы музейді Семей бөлімшесі қабылдап алды. К. Рычков атап өткендей: «Бөлімше музейді тәртіпке келтірді, бар заттар көрме қоры тізіміне топтастырылып, өз кезегінде, олар бес бөлімге бөлінді». Бұл музейге жұрттың келуіне игі әсер етті, егер 1893-1894 жылдарда музейге 163 адам келсе, 1903 жылдан бастап оған келушілер күрт өсіп, 1913 жылы 720 адамнан 2873 адамға дейін жетеді. Музейдің жұмысына қоғам мүшелері Н.Я. Коншин, В.Н. және А.Н. Белослюдовтер, И.Е. Мирошнеченко және басқалар белсене қатысты. Сонымен бірге қазақтардың этнографиялық өмірін зерттеуге, бұлардың аумағына да зор көңіл бөлді. Мәселен, Ресейдегі белгілі Дашков музейінде А.П. Федченкодан алынаған Түркістан өлкесі заттарының көрме жиынтығы болды, оған А.Н. және Н.М. Харулинлердің қайырымдылық сыйлықтары түсті.

XX ғ. басында зиялылар халықтық оқулар ұйымдастыру жөніндегі салауаттылық қоғамдарының ашылуы туралы шешімді зор жігермен қарсы алды, сондықтан орыс географиялық қоғамның қайраткерлері оларға белсене қатысты. Мәселен, Семей облысындағы Халықтық оқулар ұйымдастыру жөніндегі комиссияның төрағасы – орыс географиялық қоғамының қайраткерлері көп еді. Нақ сол Семейдегі В.Н. Белослюдов, В.С. Усов, Н.Я. Коншин және басқалар Халықтық оқулар ұйымдастыру жөніндегі комитетінің лекторлары болды.

Жұмыстың мұндай нысандарымен қоса, қоғам мен оның бөлімдері алуан түрлі көрме ұйымдастыру мен өткізуге үнемі және қызу қатысты. XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында жұмыстың бұл нысаны тәжірибе алмасуға да, ғылыми жұмыста жаңа бағыттар іздестіруге де, зерттеу жұмысындағы жетістіктерді көрсетуге де қызмет етті. П.П. Семеновтың пікірі бойынша, Батыс Сібір далалық тобы коллекцияларының тамаша толықтығы ерекше болып, келушілерді көптеп тартқан. Орыс географиялық қоғамның мүшелері одан кейінгі көрмелерге де шама-шарқынша қатысты.

**Революцияға дейінгі кезең.** Орынбор өлкетану музейі В.И. Дальдың ұсынысы бойынша ұйымдастырылды (1831 ж.). 1857-1862 жылы Орынбор қаласындағы Мәскеу және Қазан музейлері үшін Қазақстан туралы өлкетану материалдарының едәуір санын жинақталды. 1878 жылы Омбы музейі ашылды. Е.П. Михаэлистің, А. Құнанбаевтың және И.И. Долгополовтың ұсыныстары бойынша Семейдегі (1883 ж.), И.Н. Пантусовтың ұсынысы бойынша Жетісу (1898 ж.) және 1915 жылы Қостанай музейлерінің негіздері қаланды.

Кенес дәуірінде Қазақ АКСР Халық ағарту комитетінің Академиялық орталық құрамында Республикалық Бас музей республикадағы бүкіл музей жұмысын үйлестіріп тұрды. Кеңес дәуірінің бастапқы кезеңіндегі жаңа музейлердің қызметі: Орал (1920 ж.), Көкшетау (1920 ж.), Сырдария (1921 ж.) Ақмола (1923 ж.), Петропавл (1923 ж.), Орынбор округтік музейі базасы негізінде Қазақстанның Орталық мемлекеттік тарихи-өлкетану музейі (1923 ж.) Аталған Қазақстан музейі мен басқа губерниялық музейлердің

Қазақстанды зерттеу қоғамымен тығыз қарым-қатынасы жақсы болды. Музейлердің экспедициялық жұмыстары және тематикалық көрмелері ашылып, есіктері тұрғындарға айқара ашылды. 1920 жылдардың соңындағы Қазақстан губерниялық музейлердің өлкетану профильдерін рәсімдеуі негізінен аяқталды.

1929 жылы Орталық мемлекеттік музей Қызылордадан Алматыға көшті. Музейде палеоантропология мен археологияға арналған бірінші зал, XV ғасырдан бастап XVII ғасырдың соңын камитын үшінші зал қызмет ете бастады.

Республиканың облыстары мен қалаларында: (1929 ж.), Мемлекеттік өнер музейі (1935 ж.), Абай атындағы Мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы (1940 ж.), Г.Н. Потанин атындағы Павлодар тарихи-өлкетану музейі (1943 ж.), М.О. Әуезовтің музей үйі (1962 ж.), ҚазКСР ҒА-ның археология музейі (1973 ж.), С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың археология және этнография музейі (1974 ж.), Маңғыстау тарихи-өлкетану музейі (1975 ж.), Республикалық кітап музейі (1978 ж.), С.Мұқановтың (1978 ж.) және Ф. Мүсіреповтің (1987 ж.) әдеби-мемориалды музейлері, Ықылас атындағы Республикалық халық аспаптар музейі (1980 ж.), Алтын Емелдегі Ш.Ш. Уәлихановтың Мемлекеттік мемориалды музейі және т.б. музейлер ашылды.

1949 жылы Алматыдағы музей қызметкерлерінің Республикалық семинары және Қаз КСР Орталық музейінің Ғылыми кеңесі өтіп, республикадағы музейлердің дамуына жаңа серпін берді.

Музейлер экспедициялық жұмыстар жүргізіп, тематикалық көрмелер ұйымдастырды. Қазақстан музей-өлкетану жұмыстарының ынталандырушылары мен ұйымдастырушылары көп болды. 1950-1980 жылдары музейлердің ғылыми-зерттеу қызметтері күшейі түсті.

**Қазақстанның тәуелсіз даму кезеңдеріндегі музейлер.** 1990-2000 жылдары Қазақстанның даму кезеңдерінде жаңа музейлер құрылды. 2000 жылы 20 ақпанда Астанада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік музейі ашылды, сол жылдың қазанында президенттік мәдени орталық болып профилін өзгертті. Тарих, археология, этнография ғылымдарына, Қазақстанның ежелгі халық-

тарының мәдениетіне, орта ғасырдың көшпенді және отырықшы халқына, кеңес дәуіріне, сондай-ақ тәуелсіз және егемен республиканың дамуына арналған бес галереяға, үш зал мен артиумға, жаңа экспозицияларға орналастырылды. Түрлі профильдегі жаңа музейлер пайда болды. Қ.И. Сәтбаев, Д.А. Қонаев мемориалды музейлері, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы музейі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақстанның палеолиті музейі, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі ашылды.

#### 4.2. Мұрағаттанудың тарихи өлкетанумен және тағы басқа ғылымдармен байланысы

**Мұрағат құжаттарының ерекшелігі.** Мұрағат дегеніміз – архив. Ал Архив – грек сөзі. Оның мағынасы ескі деген ұғымды білдіреді. Түрлі халықтар тілдерінің сөздіктерін қарай отырып, архив сөзі оларда өз тілдеріндегі баламалармен жарыса қолданылатынын байқадық. Мәселен, өзбек тілінде «Утмиш хужатларни сахлаш макама», қырғызша «ески документтерди сахтаун мекеме» деп жүр. Ал үш тілде: қазақ, неміс, моңғол тілдерінде архив атауының мағынасын бір сөзбен беру тәсілі тәнті етеді. Мысалы, қазақтар мұрағат десе, моңғолдар марта деп айтып та, жазып та жүр екен. Қазақ тіліндегі мұрағат атауы 1970 жылдарда баспасөзде қолданыла бастады. Ал 1990 жылдардан бастап ол архив сөзінің баламасы ретінде архив сөзімен қабаттаса кеңінен қолданылып жүр. Ол жоқтан пайда болған сөз емес. Мұрағат сөзі – «тарихи мұра, мәдени мәні бар зат» немесе мұраны сақтау мағынасында тіліміздің сөз түзеу заңдылығына сәйкес жасалған. Бір сөзбен айтқанда, мұрағат атауын қолдану барлық тілге тән әр халықтың тіл байлығын барынша пайдалану терминологиялық принципіне қайшы келмейді. А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының пікірі де осы. Осы жолдар авторының ұсынысы бойынша Қазақстан Үкіметі жанындағы Қазмемтерминком мұрағат атауын архив сөзімен алмастырып, мемлекеттік мәні бар аса маңызды құжаттарға қолдануға жол ашып берді.

Мұрағаттар бұл жеке өзіндік мекеме болып табылады. Мұрағаттарда құжаттық материалдар, баспасөз материалдары, дерек құжаттары, мемлекеттік мекемелердің іс-қағаздары сақталады. Мұрағаттың міндеті – жалпы қоғамның ақпараттық талабына жауап беру. Басты міндет ұлттық бағалық құндылықтарды сақтау, тарихи сана ретінде қалыптастыру болып табылады.

Құжаттар ең аса маңызды ақпарат көзі болып есептеледі. Құжаттық материалдар қайталанбайтын ерекше болып келеді. Мұрағат ол өмірдің бар саласын қамтитын мекемелер мен жеке адамның құжаттарын сақтап, тіркеп, қабылдайтын ғылыми зерттеуші мекеме болып саналады. Сақтау бірлігі дегеніміз – құжаттың түрі немесе тағы бір белгісі бойынша жеке нөмірмен белгіленген сақтауға алынған құжат.

Іс деп бір фактіге немесе объектінің бір тақырып, мазмұны бойынша жинақталған құжаттар аталады. Іс басты «инициативалық» құжатпен ашылады, ал соңында «аяқталу» құжатымен жабылады. Іс бірнеше құжаттан тұрады, олар хронологиялық кезеңділікте құрастырылады.

«Кіріс» құжаттардың келген уақытын белгілейді, ал «шығыс құжаттары» қашан құрастырылған уақытын белгілейді. Істің бастапқы және соңғы уақыты құжаттың шеткі мерзімі деп аталады. Ол бір күнді немесе бірнеше жылды қамтуы мүмкін.

Мұрағат қоры дегеніміз – мемлекетпен сақтауға алынған, бірнеше жылдар бойы құрастырылған құжаттардың кешені, мекемелердің құжаттары, жеке адамның өмірлік құжаттары, т.б. Мұрағат қорлары мекемелерде белгіленген жылдар бойы жинақталады. Мұрағат мекемесі мұрағат қорын арнайы тізіммен алып сақтауға, зерттеуге алады. Мұрағат көлемі сақтауда тұрған сақтау бірліктерімен есептеледі, ол бір сақтау бірлігінен, бірнеше жүз, мың бірлікке жетуі мүмкін.

Мұрағат коллекциясы дегеніміз – тақырыптық, практикалық немесе мәдени тарихи маңыздылығына сай бір комплекске біріккен құжаттар, олар фонд сыртында жинақталуы мүмкін.

*Революцияға дейінгі Қазақстандағы мұрағат ісі.* Қазақстанға қатысты мұрағат деректерінің жүйелі қалыптасуы XVIII ға-

сырдың бас кезінен, яғни қазақ өлкесінің Ресейге қосылуынан басталады. Патшалық Ресей үкіметі қазақ жерін округтерге бөліп билегені тарихтан мәлім. Округтік мұрағат құжаттары тектен-тек жойылуға жіберілгені туралы С. Байжанов еңбектерінде көрсетіледі. Ал қалған қазан төңкерісіне дейінгі деректер Орынбор (1925 жылға дейін), содан соң Қызылорда (1929 жылға дейін) және Алматы (1929 жылдан бастап) қоныс тепкен қазіргі ҚРОММ-да сақталуда.

Қазан төңкерісіне дейін патшалық Ресейдің отарындағы Қазақстанда жергілікті халықтың көрнекті өкілдерінің құжаттарын жинақтауға көп көңіл бөлінбеді. Құжаттарды коллекционерлер, өлкетанушылар, негізінен, қазақ халқының салт-дәстүрін, фольклорлары мен этнографиясымен айналысқан патша шенеуліктері жинады. Өлкетанушылардың құжаттық мұраларын сақтауда Орынбор музейі, Жетісу музейі, Орыс географиялық қоғамның Жетісу бөлімі айтарлықтай рөл атқарды.

Тарих – уақытпен байланысты ұғым. Дәуір жүгін арқалаған ұлы далада халық тағдырымен тамырласқан саналы үлкенді-кішілі дүбірлі оқиғаларды тізіп, тізбектеп, замана жаңарып, уақыт өзгерген тұстардан қалған белгі ретінде жинақтап, сұрыптап, сақтап келген де – сол тарих. Соларды танып-білу – әр кезеңдегі ұрпақ үшін таусылмас қазына. Олай болмаса, әр ұрпақ өз тарихын әркез жаңадан бастаған болар еді де, ұрпақ сабақтастығы деген ұғым мүлде ұмытылар еді. Өйткені бүгінгі күннің мазмұнды болуы кешеге байланысты. Өткеніне зер салмаған адам ұлттың рухын сезінбейді, елінің, жерінің қадір-қасиетін жете білмейді. Кешегі кеңес кезеңінде осы бағыт содырлы солақай саясаттың өзегі болды. Біз өзіміздің ұлттық тарихымыздан гөрі өзгенің тарихын, партия тарихын егжей-тегжейлі оқыдық. Бір сөзбен айтқанда, Ұлы империялық саясаттың жетегінде болдық. Тәуелсіздікке қол жетіп, рухани еңсемізді тіктеп, халқымыздың тарихи зердесіне ерекше құлшыныспен терең үнілуге ден қойғанымыз – жаңа леп, жақсылық нышаны.

Тарихи фактілерді сақтау, тарату, жолдары баршылық. Бірі – жазба түрінде жүзеге асса, екіншісі ұлы ғұламалардың зердесін-

де қатталып ауыз екі сөзбен тарихи деректер атадан балаға тарап келген. Ұлтымыздың тарихы, мәдениеті, дәстүрі, салт-санасы, тыныс-тіршілігі, мемлекетаралық мәмілегерлік құжаттарды сақтаудың қажеттігін алғашқы боп жүрегімен сезінген Бөкей хан еді. Қазақстан мұрағаттары өзінің қалыптасуы тарихын 1794 жылы Бөкей ордасының мұрағатымен бастайды, сол жылдан бастап мемлекет қарамағына алынды.

Сонымен, Қазақстандағы мұрағат құрылысы 3 кезенді бастан өткерді: Қазан төңкерісіне дейінгі, кеңес уақытындағы және тәуелсіздік алғаннан кейінгі. Әр кезек өзіне тән саяси ерекшеліктеріне қарай түрлі типтегі, мазмұндағы мұрағаттармен ерекшеленеді.

**Кеңестік мұрағат жүйесінің қалыптасуы.** Қазақ революциялық комитетінің ғылыми бөлімінің мәжілісінде орталық мұрағат қорды ұйымдастыру туралы мәселе қаралды. ҚАКСР Халық ағарту комиссариаты қарамағындағы Ғылым комиссиясы қызметін бастады. Қазақстанда мұрағат ісі мәселелерімен айналысатын орган ретінде 1919 жылы Орынборда, Халық ағарту комиссариаты қарамағында Бас мұрағат басқармасы құрылды.

1920 жылы наурызда, мамыр, шілде айларында Кирөлкелік әскери комиссариаттың тарих статистика бөлімі тарапынан архивті ұйымдастыру жөнінде мәселе көтеріліп жасалынды. 1921 жылдың 5 сәуірінде Қазақ Өлкелік Бас архив ұйымдастырылды. Ол 1922 жылдың күзінде Өлкелік орталық архив деп аталды. ҚАКСР Мұрағат ісі басқармасы 1921 жылғы 6 шілдеде барлық кеңестік және мемлекеттік мекемеге, азаматтарға революция және революциялық құрылыс тарихы бойынша құжаттарды жинау және оларды орталықтанған түрде сақтау қажеттігі туралы үндеу жариялады.

Алғашқы республикалық мұрағат – орталық өлкелік мұрағат құрылды. 1922 жылы 24 қаңтарда орталық өлкелік мұрағат туралы ереже бекітілді. Орталық мұрағаттың міндеттері бойынша Қазақстанда бүкіл ресейлік бір архив фондының бөлімшесі ашылды. Ал губерния бөлімдері губисполкомдарға бағынды. 1925 жылы Орталық өлкелік мұрағат Қызылордаға көшіп, оның қорына Тор-

ғай облыстық мұрағат қоры кірді, бұл қорда 1868 жылға дейінгі материалдар жинақталған болатын. Ал істердің бір бөлігі Орынбор бюросына беріліп, олар Ресейдің орталық мұрағатына түсті.

1920 жылдары жалпы Орталық Өлкелік қорда 30 қор, 23 мың 828 сақтау бірлігі болды. 1927 ж. Бөкей губерниясына қатысты мұрағаттық істердің Астрахань губерниялық мұрағатынан Ордаға беріліп, қордың мазмұны күрделене түсті. 1926 жылдың 30 тамызын Қырғыз автономиясының «Жергілікті мұрағат қорын ұйымдастыру және мекемелердегі құжаттарды бір жүйеге келтіру жөнінде» арнайы шешімі қабылданды, сол шешім бойынша мұрағаттық құжаттарды сату және жою жөнінде талаптар күшейтілді.

Мұрағаттық құжаттарды пайдаланудағы кеңестік биліктің саяси мүддесі. Жаңа биліктің қарсыластарының құжаттарын іздестіру және жинау.

Бас мұрағат пен оның жергілікті мекемелері Халық ағарту комиссариаты қарамағынан алынып, ҚАКСР ОАК қарамағына берілді. ҚАКСР-нің Орталық мұрағаты және губерниялық мұрағаттар туралы ережелер бекітілді. Республикадағы губерниялық мұрағаттық бюролардың қызметі жолға қойылды. Тарихи зерттеулердің құжаттық базасы жасалды. Қазан төңкерісі мен Компартия тарихы бойынша материалдар жиналды және зерттеу шаралары жүрді. РКП(б) Қырғыз облыстық комитеті қарамағында Қазан төңкерісі мен Компартия тарихы бойынша материалдар жиналды және зерттеумен айналысатын арнайы комиссия (Испарт) құрылды.

Орталық өлкелік мұрағат Орынбордан Қызылордаға көшірілді. Уездік мұрағаттар ұйымдастырылды. Қазақстан мұрағат қызметкерлерінің 1927 жылы Қызылордада өткен алғашқы конференциясы өтті. Республикада мұрағат ісін жария етуді күшейту шаралары жүргізілді.

**Мұрағат мекемелері жұмысының негізгі бағыттары.** Тарихи-революциялық маңызға ие түрлі құжат жүйеге келтірілді және оларды Орталық өлкелік мұрағатқа өткізу мәселелері реттелді. Шекаралас облыстар мен республикалардың мұрағаттарында

Қазақстан тарихына қатысты сақтаулы құжаттық материалдарды жинақтау.

Орталық мұрағат Қызылордадан Алматыға көшірілді. XX ғасырдың 30-жылдары мұрағаттарды басқару органдары қайта ұйымдастырылды. Мұрағат мекемелерінің жүйесін жетілдіру бағысында мұрағат бөлімшелерін ұйымдастыру қажеттілігі анықталды. Қалалық және аудандық мемлекеттік мұрағаттарда мұрағат ісі жолға қойылды. Республикалық ұжымшар, кеңшар және МТС-тардағы мұрағаттардың жағдайы тексерілді.

ҚАКСР Орталық мұрағат басқармасының (ОМБ) қызметі. Мұрағат органдары мен мұрағаттар туралы жаңа ережелерді талдау. Қазақстанның халық комиссариаттары мен орталық мекемелерінің мұрағаттарын реттеу. Мұрағат органдарының аппаратын күшейту және білікті кадрлармен қамтамасыз ету мәселелері.

Мемлекеттік сақтауға жататын Мемлекеттік мұрағаттық қор (ММК) құжаттарының санаттарын белгілеу. Қазақстанның тарихына қатысты басқа республикалар мен облыстардың мұрағаттарында сақтаулы құжаттардың басым бөлігін республиканың мемлекеттік мұрағаттарында шоғырландыру ісінің аяқталуы. Мұрағаттық құжаттарды және істерді сипаттау. Ғылыми-зерттеу мекемелерімен байланысты күшейту. Мұрағаттардың басылымдық қызметі. Мұрағат мекемелерінің аппаратын жергіліктендірудің әлсіздігі және кадрлардың тұрақсыздығы. Орталық мұрағаттың бөлімшелерін қысқарту. Облыстық мұрағат бюроларын ұйымдастыру. ОМБ мен облыстық басқармалардың штатын көбейту.

**Республикалық мемлекеттік мұрағаттардың жүйесі.** Қазан төңкерісі және социалистік құрылыстың Орталық мемлекеттік мұрағаты. Одақтық мемлекеттік мұрағаттардың жүйесі. Дыбыс жазбаларының Орталық мемлекеттік мұрағаты. КСРО фотофонокино құжаттарының Орталық мұрағаты. Қызыл армияның Орталық мемлекеттік мұрағаты. Орталық әскери-тарихи мемлекеттік мұрағаты. Білікті мұрағатшыларды даярлау. Мұрағаттану институтын (Мәскеу тарихи мұрағат институты) ұйымдастыру.

1936 жылғы Конституция бойынша мемлекеттік аппаратта өзгерістер болды. Мұрағат мекемелері Ішкі істер халық комис-

сариатының қарамағына берілді. Қазақ КСР БМБ-ның Ішкі істер халық комиссариатының мемлекеттік мұрағаттар бөлімі болып өзгерді. Мұрағаттар тоталитарлық режим аясында. Орталықтан-дыру принципі мен мұрағаттық қорлардың біртұтастығы принципі бұзылды. Арнайы мемлекеттік мұрағаттардың және партия мұрағаттары жүйесі құрылды. Мемлекеттік мұрағаттар және бұрынғы КОКП мұрағаттары жеке дербес әрекет етті.

Мұрағат мекемелері соғыс жылдарында. Ресейдің батыс аудандарынан мұрағаттарды Қазақстанға көшіру. Қазақ КСР Орталық фонофотокино құжаттарының мемлекеттік мұрағатын ұйымдастыру.

Мұрағаттардың ғылыми басылымдық жұмысы. Мұрағатты құжаттарды түрлі мақсаттарда пайдалану. Құжаттарды халық шаруашылығының мақсатына пайдалану үшін іздестіру. Қазақ КСР мұрағаттық басқару органдарына басшылық жасаудың жақсартылуы. Соғыстан кейінгі кезеңдегі мұрағат мекемелері. Республиканың министрліктер мен ведомстволарындағы мұрағаттық материалдардың сақталуын жақсарту шаралары. Ведомстволық қарасты мекемелерде құжаттармен жұмыс істеуді бақылау.

1950 жылдардың ортасына дейін мемлекеттік мұрағаттардағы жеке қорларды жинау жұмыстары төмен деңгейде жүргізілді. Өйткені ол кезде жеке адамдардың құжаттарын бағалап, қабылдау мен жинақтаудың жалпы әдістері жаңадан пайда бола бастады. 50-жылдардың аяғына таман еліміздің көптеген мемлекеттік мұрағатының жинақтау тәжірибесін байытатын еңбектер шықты. Сол кезден бастап аталған мәселе жаңа белеске көтерілді. Себебі бұл кезеңде құжаттардың құндылығын сұрыптау жұмыстарында қайта құру жүргізілді. Осы уақыттан бастап мемлекеттік мұрағаттарда жеке адамдардан В.А. Еримченко көп үлес қосады. Аталған авторлардың еңбектерінде мемлекеттік мұрағаттарды жинақтау көздерін анықтау, құжаттардың пайда болуы мен мазмұны, құндылығы ашып көрсетілді. Сонымен қатар КРОММ-да жеке адамдардың құжаттарын жинау тарихы, жүйелеу жұмыстары туралы Т. Әбілованың еңбегі пайдаланылды.

Республикалық мемлекеттік мұрағаттар және Алматы облыстық және Алматы қалалық мемлекеттік мұрағаттар біріктірілді.

Республиканың мұрағат органдарының ведомствоға қарасты және құқықтық жағдайы өзгертілді. Қазақ КСР ПМ-нің Мұрағат басқармасы қайта құрылды. Қазақ КСР Министрлер кеңесі жанындағы Мұрағат басқармасы туралы ереже бекітілді. 1960 жылы Қазақ КСР Министрлер кеңесінің 24 шілдедегі (№667) жарлығы бойынша Ішкі істер министрлігі бөлімдерінің жойылуына байланысты қалалық, аудандық архивтер тиісінше атқару комитеттерінің қарауына берілді. Архив басқармасының құрылымына 1965, 1967 жылдары аздаған өзгеріс енді.

Мұрағаттық материалдары тұрақты құрамдағы мұрағаттар ірілендірілді. Облыстық мемлекеттік мұрағаттардың филиалдарын құру. Құжаттардың құндылығын сараптау және олармен ММҚ-ны толықтыруды жетілдіру шараларының бағдарламасын жасау. Ведомстволық мұрағаттарды ретке келтіру және министрліктерде іс жүргізудің жағдайын жақсарту.

Мұрағаттану және құжаттану салаларында ғылыми зерттеу мәселелерінің қойылуы. Бүкілодақтық құжаттану және мұрағаттанудың ғылыми зерттеу институтының (БҚМҒЗИ) құрылуы. Республикада ведомстволық мұрағаттар мен іс жүргізу қызметкерлерінің іскерлік біліктілігін көрсету. Іс жүргізу мен мұрағаттың орта буынды кадрларын даярлау. Алматы қаласында орта оқу орнын ұйымдастыру. Мұрағат мекемелерінің қызметкерлері үшін семинарлар ұйымдастыру.

Мұрағаттарды басқару органының қайта құрылуы. Қазақ КСР Министрлер кеңесі жанындағы БМБ-ның ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттардың стандартын іс жүзіне енгізуді бақылауға алуы.

Орталық ғылыми-техникалық құжаттаманың мемлекеттік мұрағатының құрылуы. Мұрағат мекемелеріне ұйымдық-әдістемелік басшылық жасауды жақсарту талаптарының күшейтілуі. Іс жүргізу мен мұрағаттардың жұмысының жолға қойылуының республикалық байқауын өткізу.

Қазақ КСР-ның 1978 жылғы 11 тамыздағы «Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» заңы. КСРО Мемлекеттік мұрағаттық қоры туралы ереже. Қазақ КСР

Министрлер кеңесі жанындағы Бас мұрағат басқармасы туралы ереже. Орталық мемлекеттік мұрағаттар жүйесінің бекуі.

Аса құнды құжаттарға сақтандыру қорларын жасау мәселесінің қойылуы. Министрліктер мен ведомстволардың мұрағаттық құжаттарын сақтауды жақсартудың талаптарын күшейту. Құжаттарды жіктеу принциптері мен әдістерін жасау.

Мұрағаттарды басқару органдарының ұйымдастыру жағынан қайта құрылуы. Қазақ КСР Министрлер кеңесі жанындағы Бас мұрағат басқармасы және Орталық мемлекеттік мұрағаттар туралы ережелердің бекітілуі. Жеке құрам бойынша ведомствоаралық мұрағаттарды ұйымдастыру. Экономикалық талдау және есепке көшу әдістерінің мұрағат ісіне енгізілуі. Аудандық атқару комитеттері жанындағы жеке құрам бойынша мұрағаттардың шаруашылық есепке көшірілуі. Республиканың Орталық мемлекеттік мұрағаттарының негізгі қорларының құрамы мен мазмұнына шолу.

Соғыс жылдарында КСРО-ның мұрағаттық мекемелері мұрағаттарды реттеу, оларды сақтау, құжаттарды жариялауы жалғаса берді. Соғыс жылдары басында батыстағы мұрағаттар Сібірге, Қазақстанға және т.б. республикаларға көшірілді.

Қазақстанға облыстық мемлекеттік архивке жинақталған және кейбір қалаларды, қалалық архивтер бөлімінде жинақталған 16 ақ вагон енгізілді.

Сақтауға қолайлы жердің болмауынан дымқыл жерде тұрғандықтан, құжаттардағы ақпаратты алу мүмкін болмай қалды. Соған қарамастан архивтік қызметтің барлық жақтарына бағытталған жұмыстар қиын жағдайға қарамастан жалғаса түсті. Соның ішінде соғыс жылдарында, нақтырақ айтқанда, 1943 жылдың қаңтарында кино құжаттар мен дыбыс баспаларын шығарушы ортақ мемлекеттік архив пайда болды. Соғыс жылдарынан кейінгі бастапқы кездерде архивтар көбіне Ұлы Отан соғысына қатысушылар туралы құжаттар жинаумен айналысты. 1950 жылдың басына «Документалды материалдар жазылуының негізгі қағидалары» шығарылды.

Соғыстан кейінгі жылдарда мұрағатшылар өздерінің практикалық қызметін мынадай бағыттардағы: археография, архивке

кіріспе, құжатқа кіріспе сияқты аумақтағы ғылыми ізденістермен байланыстырды. Яғни қарапайым практикалық іс-әрекетпен шектеліп қана қоймай, архивке кіріспе аумағында кейбір мәселелердің теориялық зерттемелерін жүргізе алды. 1955 жылы ғылыми қолданғы және негізгі қайнар көз болып табылатын тарихи құжаттардың басылуына негіз болған «Тарихи құжаттардың шығарылу қағидалары» басылып шықты. Берілген қағидалар бірнеше жыл бойы ғалым-мұрағаттанушылар арасында зерттелініп, мемлекет ішіндегі архивтік мекемелер қызметінде практикалық қолданысқа ие болды.

Құжаттық жұмыстардың дамуындағы және оның ғылыммен тығыз жақындасуына бастау болған бастапқы факторы ЭМ ВД жүйесіндегі архивтік мекемелерді советтік Министрлер кеңесімен негізгі архивтік басқаруға ауыстыру болды. Бұл өткен жүз жылдықтың 60-жылдарында жүзеге асты. 60-жылдары және 70-жылдардың басында негізгі назар эффективтілікті көтеруге және құжаттармен жұмыс сапасын арттыруға бағытталды. Бұл кезеңдердегі мұрағаттық мекемелердің қызметі болашақтағы құжат ақпараттарымен жұмыс істеу талаптарын қамтамасыз етуге бағытталып отырды. Мұрағаттық мекемелер ғылыми мекемелермен бірлесе отырып, көптеген индустриализация, коллективизация және мәдени құрылыс тарихын көрсетуші құжат жинағын шығаруға дайындық жасады. Қазақстандағы мұрағаттық мекемелердің негізгі жұмысы соғыстан кейінгі тапсырмалардың тез орындалуын көздейтін 5 жылдық жоспардың орындалуына бағытталса, екінші жағынан, мемлекеттегі социализмді құруды жеделдету идеологиясына тәуелді болды. Қандай жағдай болмасын ресми есептерді рапорт формасында көрсетілген мемлекеттің архивтік жетістіктері бар және оны жасыру мүмкін емес.

Сонымен, 1960 жылдың аяғы мен 1970 жылдың басында мұрағаттық мекемелер мұрағаттық жұмыстарды дамытуда, 5 жылдық жоспарды атқаруда маңызды жұмыс істеді. 1966 жылдың қаңтарында Қазақ КСР министрлер кеңесі мемлекеттегі мұрағатты жұмыстардың одан әрі жақсаруына қаулы қабылдады. Мұнда 5 жылға белгіленген тапсырмалар болды. Бұл қаулының шынайы-

ландырылуы сол орындардағы мұрағат жұмыстары күйінің терең талдануы мен анықталған бағытын талап етті.

Талқылауға тұспа-тұс келетін қабылдауға мұрағаттық ұйым ғана емес, мекемелер де қатыстырылды. Жергілікті өзін-өзі басқару мүшеліктері: облыстық, қалалық, аудандық, т.б. жалпылап айтқанда, қайсында жергілікті мұрағаттары бар барлығы түсті. Басқару үдерістерін жүзеге асыру мен басқару үдерістерінің нәтижелерін қабылдауын талқылау үшін әдіскерлікке кіріспе мекемелеріне арналған бірлікті типтік құралдар бекітілді және таратылды.

1966 жылы мемлекет мекемелерінде, ұйымдарында, кеңестерінде жеке құрылымдық құжаттары бойынша тексерулер жүргізілді.

Республика аумағында 1970 жылдардың басында Қазақ КСР-нің Орталық мемлекеттік мұрағаты, 17 облыстық мемлекеттік мұрағат және 31 облыстық мемлекеттік мұрағат филиалы ұйымдас-тырылып, қызмет ете бастады. Қарағанды және Жамбыл облыстарындағы мұрағаттық мекемелер құрылысы, 1968 жылы Семей, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстық мемлекеттік мұрағаттар мекемелерінің құрылысы аяқталды.

Мұрағаттардың жеке бағыттағы жұмыстарына келер болсақ, негізгі назар кең көлемдегі құжаттар жұмысын оңайлатуға арналған ғылыми-анықтамалық құралға аударылды.

1970 жылдардың аяғында 500 мыңдай жазба жұмыстары жүзеге асты. Мемлекеттік мекемелер тарихы, әкімшілік-территориялық бөлініс туралы анықтамалар және қысқаша анықтамалардың басқа да түрлері жасалынып шықты.

1960-1970 жылдары Қазақстандағы социализм құрылысының негізгі кезеңдерін, қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысқандығы туралы және т.б. тақырыптарды сипаттайтын құжаттар басылып шықты.

Мәселен, жетпіс жылдан астам уақытқа созылған кеңес заманында одақ бойынша мұрағат ісі заңмен емес, Министрлер кеңесінің «КСРО-дағы Мемлекеттік архив қоры туралы» ережесімен жұмыс істеді. Одақтас Республикаларда мұрағаттардың ұлттық қорын жасауға тыйым салынды, ол Одақтық мұрағаттардың бір

саласы болып танылды. Ел тарихын құрайтын аса құнды құжаттардың кілті Мәскеуде болды. Мұның ар жағында өзге ұлттарды ащы шындықтан хабарсыз етіп, оларды бодандықта тұқыртып ұстаудың жымысқы саясаты жатты.

1940 жылдардың басында құрылған Қазақ КСР Ғылым академиясының мұрағаты ғылымдардың құжаттарын сақтауда үлкен рөл атқарды.

Қазақстанда Мемлекеттік мұрағат қызметін ұйымдастыру 1920 жылдары басталады, бірақ жеке адамдардың құжаттарын жинау әлі оның міндетіне қосылмайды. Сонда да осы бағытта біршама істер жүргізілді. Мысалы, ол жылдары тарихшы Н.М. Черновскийдің жеке қоры, жергілікті тұрғындар Тимашевтердің әулеттік қорлары қабылданады.

1926 жылы 1 шілдеде сегіз уезде мұрағат бюролары ұйымдастырылады. Алайда Қостанай уезіндегі губерниялық мұрағат бюросы қызметкердің жоқтығынан мүлде жабылып қалған. Мұндағы мұрағатта жүз жылдан астам уақытты қамтитын, жалпы салмағы екі мың пұт шамасындағы құнды құжаттар болған. Соның көбі иесіздікке ұшыраған. Жаркент уезінде Н. Горохова дейтін мұғалиманың өлке тарихына қатысты өз бетімен жинап жүрген қыруар материалдары ол қайтыс болғаннан кейін кім көрінгеннің қолында кеткені жөнінде де дерек бар.

1930 жылдары мемлекеттік мұрағатқа азамат соғысына қатысқандардың және ұлттық мәдениет өкілдерінің бірқатар жеке қор құжаттары қабылданған. 60-жылдары мемлекеттік мұрағатқа Қазақстанның көрнекті әдебиет пен өнер қайраткерлерінің құнды қорлары қабылданады. Олар: Кеңес Одағының халық әртістері К. Байсейітова, Қ. Қуанышбаев, жазушылар С. Мұқанов, І. Жансүгіров, І. Есенберлин, т.б. құжаттары.

1970 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, академик Қ.И. Сәтбаевтың, сәулетші Д. Герасимовтың, астрономия және биотехника саласының көрнекті маманы В.Н. Бухманның, т.б. қорлары қабылданады.

1980 жылдардың басында мұрағат қорына екі мәрте Кеңес Одағының батыры, ұшқыш Т. Бигелдиновтің, гвардия полковни-

гі, Кеңес Одағының батыры, жазушы Б. Момышұлының, жазушы-академик М.О. Әуезовтің, журналист-ғалым Ф.И. Самариннің, тағы басқалардың қорлары қосылады. Қазіргі ҚРОММ-да екі жүзден аса жеке және отбасылық қор коллекциялары бар. Бұл қорлар ХІХ ғасырдың аяғы мен қазіргі кезең аралығын қамтиды.

Міне, осыдан бүкіл ел, халықтың асыл мұрасы қымбат қазынасы болып табылатын тұлғалар құжаттары мемлекеттік мұрағаттың жеке қор бөлімінде көздің қарашығындай сақталуда. Уақыт өтеді, жаңа көнереді, бірақ ол көненің де болашақ ұрпаққа беретін өз тағылымы, өз тәлімі бар. Сол құжаттарды қолға алсақ, шешіле сыр шертетін, тарихты тануға қосар үлесі, тигізер септігі мол. Құнды дерек кімді де болса толғандырады, терең ойға жетелеп, рухани азық береді.

**Қазақстан Республикасындағы мұрағат ісі.** Қазақстан дербес мемлекет болғаннан бері жоғары оқу орындарында Отан тарихы тереңірек оқытыла бастағаны мәлім. Алайда қажетті әдебиеттердің, тәжірибелі мамандардың аздығынан көптеген толғақты мәселелердің жылдам қарқын алмай, кешеуілдей бергені, ал қолға алынғандарының талапқа сай келмегені және рас. Соның бірі – тарих факультеттерінде мұрағат негіздері, музей негіздері, құжаттану, деректану сынды қосалқы тарихи пәндердің оқытылу мәселесі. Біздің республикамызда мұрағат материалдарын қолдану аясы шектеулі. Көбіне мұрағат материалдарын тарихшылар мен белгілі тақырыпты зерттеп жүрген зерттеушілер ғана кеңінен қолданады. Сондай-ақ көп жағдайда белгілі бір тақырыпқа тарихи деректемелер қажет болғанда басқа саланың мамандары да қолданып жатады.

Егемендікке қол жетісімен Республика президентінің жанында Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес құрылғаны белгілі. Онда аса мңызды құжат-ұлттық тарихи зердені қалыптастырудың тұжырымдамасы бекітіліп, соған сәйкес қыруар тірлік іске асқаны баршаға аян. Соның бірі Қазақстан халқының деректі тарихи-мәдени мұрасын қорғау және біріктіру үшін құқықтық негізді қамтамасыз етудің, мұрағат ісін мемлекеттік реттеудің төл жүйесін құрудың қажеттілігіне сәйкес «Ұлттық мұрағат қоры

және мұрағаттар туралы» заң жобасын әзірлеу жөніндегі ұсыныс еді. Сол жүзеге асты. Өткен жылдың соңғы айында аталмыш заң жобасы мәжілісте, сонан кейін сенатта мақұлданып, Елбасының құзырымен өмрге жолдама алды. Демек, әңгіме арқауы «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» заңның мән-жайы туралы болмақ.

Ең алдымен, заңда дүниежүзілік тәжірибеде танылған тарихқа ұлттық үстем көзқарас, ал мемлекет пен қоғамдағы конъюктураға қарамастан, тарихи-мәдени мұраны сақтау мәселелерінде мүддені тиімді қорғау мақсатында оларға мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде лайықты қамқорлықты қамтамасыз ету тетіктері назар аударылды. Мұрағат ісіне мұндай көзқарас күнделікті тіршілікте тамырын тереңге жіберуі тиіс деп танылды.

Ең алдымен, заңда дүниежүзілік тәжірибеде танылған тарихқа ұлттық үстем көзқарас, ал мемлекет пен қоғамдағы конъюктураға қарамастан, тарихи-мәдени мұраны сақтау мәселелерінде мүддені тиімді қорғау мақсатында оларға мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде лайықты қамқорлықты қамтамасыз ету тетіктері назар аударылды. Мұрағат ісіне мұндай көзқарас күнделікті тіршілікте тамырын тереңге жіберуі тиіс деп танылды.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1995 жылғы 19 қазандағы жарлығы бойынша (№ 2541) Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті жанындағы архивтер мен құжаттама бас басқармасы болып қайта құрылды. 1997 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві деп қайтадан аталды. Басқару жұмыс жана арнаға түсті. Мұрағат мекемелерінің құрылымы, штат кестесі едәуір ықшамдалды. Мұрағат ісінде міндеттерді атқарудың құқықтық негізі жасалды. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 22 желтоқсандағы «Ұлттық мұрағаттық қор және мұрағаттар туралы» заңы. «Мұрағат» түсінігі берілді.

2001-2005 жылдарға арналған мұрағат ісінің дамуының концепциясы мен бағдарламасы жасалынды. Республикада мұрағат ісінің дамуының негізгі бағыттары. Республикалық жоғары оқу орындарында тарихшы-мұрағатшы кадрларды даярлауды ұйымдастыру.

Мемлекет басшысының «1998 жылды Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы деп жариялау туралы» жарлығы, «Қазақстан 2030» стратегиялық даму бағдарламасы және оның негізгі ережелері, оны іске асыруға байланысты республика халқына арнаған жолдауы еліміздің мұрағат жүйесіне деген халықтың көзқарасын оятты. Бұқараның тарихи санасы, патриоттық сезімі дами түсті.

Мемлекеттік мұрағаттардың оқу залынан АҚШ, Ресей, Жапон, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінен келген зерттеушілер жиі көріне бастады.

Республиканың ақпарат құралдары арқылы 1998 жылдың тек алғашқы жарты жылдығында 300-ден астам мақала, 400 шама-сында теле радио хабарлары таратылды.

Орталық мұрағаттың «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Ваше право», «Зан», т.б. газеттер мен журналдардың беттерінде ашқан айдарымен «Алашорда басшылары», «Түркістан тарихы», қазақ халқының ұлт азаттық қозғалыстары, ашаршылық, т.б. тақырыптар бойынша материалдары жарияланды.

«Қазақстан 1», «Хабар», «КТК», «Таң», «Рахат АТВ» телеарналарында ұлттық тарихымыздың маңызды мәселелері жайында хабарлар берілді. Халықаралық ынтымақтастық жыл санап дами түсуде. Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекет басшыларының Минск шарты көлемінде және ТМД мемлекеттері мұрағат қызметінің өзара ынтымақтастық келісімі бойынша Ресей Федерациясы мұрағат қызметі және Өзбекстан Республикасы мемлекеттік мұрағатымен бірлесіп, Түркістан қаласы тарихына қатысты құжаттарды табу жөнінде жұмыстар жүргізілуде.

Еліміздің тарих ғылымының базалық көзін кеңейту мақсатында Омбы облыстық мемлекеттік мұрағатымен мұрағат құжаттарының көшірмелерін алмасу жөнінде келісімшарт жасалды.

Республиканың мұрағат жүйелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, мұрағат ісін дамыту, келешекте реформалау мәселесі мемлекет басшысына, ҚР премьер-министріне баяндалды. Осы мәселе ҚР Қаржы, Әділет және Білім, Мәдениет, Денсаулық министрліктері мен стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі мен облыс әкімдері алдына да қойылды.

Соның арқасында жоғары және жергілікті өкімет органдарының мұрағат ісінің маңызын түсінуі және олардың көмегі мұрағаттың нәтижелі жұмыс істеуіне елеулі әсері тиді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылдың заң жобаларының жоспарына Ұлттық мұрағат қоры мұрағат туралы заң жобасының

қосымша енгізілуі, бұрын жобалап қалған Ақмола облысы мен Жезқазған қаласында мұрағат ісі басқармасының қалпына келтірілуі, ең бастысы, Астана қаласында Орталық мемлекеттік мұрағат үйінің құрылысын жобалау және құрылыстың биылғы жылы басталу мәселесінің нәтижелі шешілуі – соның айғағы. Қанша дегенмен күні кеше тәуелсіздік алған Қазақстан мемлекетінің мұрағат жүйесін өркениетті елдер мұрағат дәрежесіне көтеру, мұрағат құжаттарын пайдаланудың тиімділігін арттыру, мемлекеттік мұрағаттарды компьютермен жабдықтау міндеті тұр.

Соңғы уақытқа дейін Қазақстан мұрағат органдары КСРО Үкіметінің мұрағат органдарына арналған заң актілерін басшылыққа алып келді. КСРО өз өмірінде 350-ден астам заң актілерін шығарғанмен мұрағат ісі туралы заң қабылдамаған-ды.

Бұрынғы КСРО тарағаннан кейін тәуелсіздік алған Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттер мұрағат ісі туралы арнаулы заң қабылдап үлгерді. Ал бізде бұл мәселе кешеуілдеп келеді. Бұл мұрағат ісін ұйымдастыру, дамытуға елеулі қиындық туғызуда.

Ең бастысы, мемлекеттік мұрағат пен республика тарихының бірден-бір көзі – ведомстволық мұрағаттарды дамыту, ұйымдастыру және сақтаудың тиімді жолын айқындайтын заң ауадай қажет.

Екіншіден, шет мемлекеттердегі Қазақстан тарихына қажетті құжаттарды айтпағанда ТМД мемлекет басшыларының келісімі бойынша Қазақстан аймағындағы космосты игеру, геологиялық ресурстар, табиғи ортаны қорғау, геодезия, картография, кино-фотография саласындағы құжаттар мен негізгі өнімдер бұрынғы Одақтық ведомстволық мұрағаттарда қалды. Бұл заңды. Бірақ олардың көшірмелерін мемлекетімізге алу мәселесі – күн тәртібінен түспейтін күрделі іс.

Ұлттық мұрағатты ұйымдастыру, дамыту және пайдалануды жақсарту мәселесі халықаралық, мемлекетаралық қатынасқа да тікелей байланысты екені сөзсіз. Өркениетті елдерде мұрағат ісі, барлық мұрағат қоры және құжаттама басқару аспектісі мемлекеттік қызметтің дербес саласы болып табылады.

Ал ҚР Орталық мемлекеттік мұрағат ҚР Үкіметі құрамына кірмейтін Орталық атқарушы орган болғандықтан әрі мұрағат туралы

заңның болмауы ЮНЕСКО-ның мүшесі деп танылған халықаралық мұрағаттар кеңесіне қатысуы, шет елдердегі құнды құжаттарды халықаралық дәрежеде іздестіру мәселелері қиындай түседі.

Республика мұрағат ісін дамытуға қойылған тосқауылдың ең бастысы – қаржы тапшылығы. ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатқа 1998 жылға бөлінген қаржы – 21 млн 871 мың теңге. Ол мұрағат қызметкерлерінің еңбекақысынан және коммуналдық қызмет көрсетуге төленетін қаржыдан артылмайды.

Ең бастысы, мұрағатты өркениетті ел дәрежесіне жеткізетін алғышарт – республикалық мемлекеттік мұрағаттарды компьютер мен және басқа да мұрағаттық техникалармен жабдықтауға, мұрағат қоймаларын орт апатынан қорғауға, ауа, жылу, ылғалдық режимдерін сақтауға қаржының бөлінбеуі мемлекеттік байлықты қолдан жою деген сөз. Бұл мұқтаждықты шешу үшін 101 миллион теңге, облыстық әкімшіліктер қарауындағы мемлекеттік мұрағаттарға 385 млн теңге қажет.

Қаржы тапшылығынан Қазақстан тарихына қатысты шет жұрттағы құнды архив деректерін іздестіруге, кері қайтарып алуға мүмкіндік тұмай отыр.

Оның үстіне мерзімі өткендіктен және ауа, ылғал, жылу режимдерін сақтауға мүмкіндік жоқтықтан бүлінген, өшуге айналған құжаттар аз емес. ҚР Орталық мемлекеттік мұрағат пайдалануға берілген 1963 жылдан бері күрделі жөндеу өткізілген жоқ. Кондиционерлер, желдеткіштер, режимдік приборлар істен шыққан. Ал оларды тезірек жөндеуден өткізбесе, республика тарихының мол құнды деректерінің өмірден өшетінін айтып жеткізу қиын.

Еңбекақы мөлшерінің аздығы мұрағаттарды қажетті кәсіби білімді мамандармен қамтамасыз етуге елеулі қиындық туғызуда.

Мұрағат қызметкерлерінің мемлекеттік қамқорлыққа алынбауы, жеңілдіктерге ие болмауы қынжыларлық. Мұның келешекте мұрағат ісін дамытуға кесірі тиетіні сөзсіз. Қазіргі мұрағат қызметкерлерінің көпшілігі – гуманитарлық білім саласындағы мамандар және егде тартқан адамдар. Оларды кәсіби мамандықтары жоқтығынан шетелдердегі құжаттар былай тұрсын, республиканың мұрағат қоймаларында жатқан қытай, моңғол, манчжур, түрік, парсы, араб, т.б. шетел тілдеріндегі көне заман құжаттары игерусіз жатыр.

Ондай мамандарға мұқтаждықтың басты себебі, біріншіден, мұрағат мамандарын санаулы ғана оқу орындары аз мөлшерде дайындайды. Екіншіден, арнаулы кәсіби білім алған жастар еңбекақының төмендігінен мұрағатқа еңбек етуге келмейді. Отанымыздың мұрағат ісін әлемдік дәрежеге көтеру үшін мұрағат құжаттарын зерттейтін, құжаттау ісіне ғылыми тұрғыда бағыт-бағдар беретін, озат тәжірибені насихаттайтын орталық құру, Қазақстан мұрағаты журналын шығару, баспахана ашу – өмірдің өзі туғызып отырған мәселелер. Мемлекет тарапынан қажетті қамқорлық жасалса, құнды құжаттарды ел игілігіне айналдырып, қаржы тапшылығынан құтылуға мүмкіндік туар еді.

Бұлардың барлығы бір күнде не бір жылда шешілетін мәселе емес. Экономика, қаржы мәселесі әркімнің талабы бойынша шешілмейтіні белгілі. Бірақ, ең бастысы, мұрағатқа деген мемлекеттік бетбұрыс, дұрыс шешім, мемлекеттік заң болуы шарт.

Республикамыздың мұрағат құжаттары – баға жетпес байлық, мемлекеттің, халықтың асыл қазынасы. Бүгін де, ертең де, келер ғасырларда да толығы, жазыла беретін тарихтың қайнар көзі. Мұрағат құжатынсыз тарихтың жазылуы мүмкін емес. Мұрағат – таусылмас, қоймасы ортаймас, тарих көшімен баяғы заманнан бүгінге дейінгі өмірдің қатпар-қатпар кезеңдеріндегі еліміздің шаруашылығын, экономикасын, тыныс тіршілігін кең түрде айқындайтын, тарихи, мәдени ескерткіштерін, жеке тұлғалардың өмірін мәңгі жасататын ұлттық тарихи мұраның көзі.

Республиканың мұрағат қызметкерлері келешекте бұл байлықты өз мемлекетінің, өз Отанының, елінің игілігіне айналдыруға аянбай еңбек ететіндігі сөзсіз.

#### 4.3. Өлкетану мен республиканың ескерткіштерін қорғау қоғамның өзара байланысы

*Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы ескерткіштерді қорғаудың мәні (1920-1930).* Тарихи-мәдени ескерткіштер ұлттық тарихымыз пен мәдениетіміздің құнды жәдігерлері болып

табылады. Ескерткіштер әрбір елдің тарихы мен өткенінен сыр шертер халықтың ұлттық байлығы ғана емес, сол елдің өткені мен бүгінін саралайтын, сол арқылы келешек ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде маңызы зор. Бүгінгі таңда Қазақстан аумағында 25 мыңнан астам тарихи-мәдени ескерткіш сақталынған. Соның ішінде археологтардың пайымдауынша, Түркістан аумағында тізімге алынған ескерткіштер саны 2000-ға жуық деп есептелінеді.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, оларды зерттеу мен насихаттау мемлекеттік деңгейдегі шара болып табылады. Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғаудың маңыздылығы жайында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков: «Қай халықтың болса да рухани әлеміне саяхат оның көне ескерткіштерімен, тарихи орындарынан танысудан басталатыны мәлім», – деп жазған-ды. Ескерткіштерді қираудан, бүлінуден сақтау өткен көне замандарда да өткір мәселенің бірі болып отырған.

Ежелгі грек елінің жылнамашысы Полибий: «Болашақтағы жаулап алушылар, өздері бағындырған қалаларды қиратпауды, өз елін басқа халықтардың қайғысы мен көз жасымен байытуды үйренбейді деп сенгім келеді», – деген екен. Мәдени құндылықтардың тоналуы, олардың зақымдануы кез келген елдің, халықтың тарихын, мәдениетінің күйреуіне, жойылуына алып келеді.

Бұл тарихи-мәдени мұралар көне тарихтың куәсі, өткенімізден сыр шертіп, бүгінгі күнге дейін сақталынып жетіп отырған ескерткіштерді қорғау мен сақтау, оларды насихаттау әрбір азаматтың еліне, туған жеріне деген жанашырлығы, мәдени мұраларға деген қамқорлығы болмақ.

Ресей империясы үстемдік еткен жылдардағы тарихи ескерткіштерді бұзу кең етек алған еді. Революцияға дейінгі орыс ғалымдарының, саясаткерлерінің, дипломаттарының бағалы тарихи ескерткіштерді (архитектуралық құрылыстар мен кешендер, қорғандар, елді мекендер, мола құрылыстары, діни, қоғамдық ансамбльдер, барельефтер, петроглифтер және т.б.) белгілеп, табулары және сипаттаулары жүргізілді.

Қазақ АКСР Халық ағарту комитетінің директивасының негізінде тарихи ескерткіштер мен қорғандарды табу, есепке алу және қорғау іске асырыла бастады.

1920 жылдардағы облыстық округтік және аудандық өлкетану бюроларында өнер, тұрмыс ескерткіштерін қорғау бойынша комиссиялар құрылды. Жергілікті өлкетанушыларға олардың жұмысқа жауапты аудандарын көрсете отырып, арнайы өкілетті мандаттар бағыттады. Олардың материалды мәдениет, көне заттар көрмесін ұйымдастыру туралы мақалалары, сөйлеген сөздері жергілікті газеттерде жарияланды. Көне ескерткіштерді қорғау комиссиясы Қазақстанның Орталық музейімен, басқа да губерниялық музейлермен және 1923-1924 жылдары Қазақстанды зерттеу қоғамымен тығыз қарым-қатынас жасады.

Кенес өкіметі орнағаннан кейін барлық сәулет ескерткіштері, кітапханалар, мұрағаттар ұлттандырылды. Осы кезден бастап Қазақстанда өлкетанулық қозғалыс кен көлемде жүргізіле бастады. 1920 жылы «Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамы» құрылды. Құрылтайшылық жиналысы 1920 жылдың 15 қазанында өтті, қоғамның төрағасы болып қазақ халқының тарихы туралы алғашқы жұмыстардың авторы А.П. Чулошников болмаған кезде Қазақстанды зерттеу қоғамының қатарында зиялы қауымның басым бөлігі біріккен болатын. Қоғамда С.Д. Асфендияров, А. Диваев, А.Л. Мелков, С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, Калмыков, М.О. Әуезов қызмет атқарды.

Осы жылдары Ғылым академиясы жанынан жалпыресейлік өлкетану жұмысының ғылыми-методикалық орталығы – өлкетанудың Орталық бюросы (ӨОБ) құрылды. 1921 жылы бірінші Бүкілресейлік өлкетану конференциясы өтті. Сол уақыттың әйгілі ғалымдары Д.Н. Анучин, Н.Я. Марр, А.Е. Ферсман, П.Г. Смиловичтер ӨОБ мүшелері болып сайланды. Кеңестік өлкетанудың ұйымдастырушыларының бірінші қатарында педагогтар А.П. Пинкевич пен С.Т. Шацкийлер де болды.

ӨОБ-ның облыстарда бөлімшелері жұмыс істеді, өлкетанулық журналдар, жинақтар шығарылып тұрды. 1923 жылдан бастап «Краеведение» журналы, ал 1925 жылы «Известия ЦБК» журналы шыға бастады. 1930 жылы олар «Советское краеведение» журналы болып бірікті (1936 жылға дейін шығып тұрды).

1937 ж. ӨОБ жойылды. Оның ресми жабылуы 1932 жылы Ғылым академиясының қазақстандық базасының пайда болуымен байланысты еді. Өлкетану зерттеулер орталығының рөлін одан әрі География қоғамының өлкетану комиссиясы өз қол астына алды.

«Қазақстанда табиғат, өнер және көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі комитетін ұйымдастыру туралы» Ведомствоаралық кеңес (1929 ж.) құрылды. 1929 ж. 14 қазандағы Қаз АКСР Халық ағарту комитеті алқасы мен 1929 жылы 5 қарашадағы Қаз АКСР Халық комиссарлар кеңесінің табиғат, өнер және көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Қазақ комитеті туралы ережесі бекітілді (Қазкомпристарис). Округтерде жергілікті ғылыми және өлкетану ұйымдарымен тығыз байланыста жұмыс істейтін, табиғат, өнер және көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссиялар құрылды.

1930 жылдардағы Қаз АКСР Халық ағарту комитетінің ғылыми-әдістемелік кеңесінің музей құрылысы, табиғат, тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау туралы координациялық жұмыс атқарылды. Тарихи және мәдени ескерткіш түрлері айқындалды. Өнер және көне ескерткіштерді есепке алуы, олардың картада белгіленуі және «Өлкетану жадынамасы» кітабында олардың сипатталуы 1937 жылы аяқталды.

**1950-2000 жылдардағы қоғамның қызметі.** Ескерткіштерді түпнұсқа калпында сақтау бүгінгі таңда өзекті мәселенің бірі болып отыр. Ескерткіштерді сақтау мен пайдалануды айқындау және олардың қорғау аймақтарын анықтау мақсатында тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындаудың ережелерін және пайдалану режимі ресми түрде бекітілген.

Осы орайда, жергілікті халық аталған тарихи мәдени мұраларымызды бүлінуден, зақым келтіруден қорғап, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа ескерткіштерді қорғау елдің, бүтін халықтың баға жетпес асыл қазынасы екенін түсіндіріп, насихаттап, мектептерде өтілетін тәрбие жұмыстарына енгізіп, келешек ұрпақты өз елі-

нің мәдениетіне, өткен тарихына жанашырлықпен қарайтын, ұлт-жанды етіп тәрбиелеудің маңызы зор.

Қазақ КСР Мемлекеттік комитеті жанындағы мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының 1950-1970 жылдары ескерткіштерді қорғау ісіне қосқан үлесі зор еді.

Қазақ тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы – қоғамдық мекеме 1972 жылы 7 қаңтарда құрылған. Мекеме халықты тарихи ескерткіштерді қорғау ісіне қатысуға тартып, ескерткіштерді қорғау мен пайдалану заңдарын көпшілікке жеткізумен шұғылданады. Мемлекеттік ескерткіш қорғау органдарының жұмысына жәрдемдеседі, ескерткіштердің сақталуына, пайдаланылуына, жөнделуіне және қалпына келтірілуіне қоғамдық бақылау жасайды, тарих және мәдени ескерткіштері туралы ғылыми-танымдық деректерді халық арасында насихаттайды, соның негізінде Отанына, тарихына сүйіспеншілік, құрмет сезімін тәрбиелеу шараларын жүргізеді.

Барлық облыста және Алматы қаласында қоғамның бөлімшелері құрылды. «Жалын», «Жазушы», «Өнер», «Қазақстан» баспаларынан тарихи және мәдени ескерткіштер жөнінде шығармалар жарық көрді. Қоғам «Қазақстанның тарих және мәдениет ескерткіштері» атты үш жинақты, «Атамекен», «Мұр» атты тарихи-публицистикалық альманахтарды әзірлеп, жарыққа шығарды. Жыл сайын өткізілетін «Марғұлан тағлымы» атты ғылыми конференция ұйымдастырып қаржыландырып келеді. Әртүрлі археологиялық экспедицияға қатысады.

Қызылорда облысындағы Қорқыт аға, Алматы облысындағы Черкасск қорған-мемориалы, Атырау облысындағы Исатай Тайманов ескерткішінің құрылысы, Ақтөбе облысындағы Есет батыр бейіті, т.б. қоғам қаржысына орнатылды. Сол сияқты Астанадағы Кенесары ескерткішін, Семейдегі атом сынақтарының құрбандарына арналған монументті, Алматыдағы тәуелсіздік монументін жасауға қатысты.

1978 жылдың 11 тамызында Қазақ КСР «Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау және қолдану туралы» заңы шықты. 1980 жылдардағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ҚазКСР ҒА тарих,

археология және этнография институтының тарихи және мәдени ескерткіштерін жинау бөлімінің жұмысы жандана түсті. «Оңтүстік Қазақстан облысының тарих және мәдени ескерткіштер жинағы» (1994 ж.) және Жамбыл облысы бойынша аналогиялық жинақ (2002 ж.) жарық көрді. 2000 жылдардағы республикалық тарихи-мәдени музей қорықтардың тарихи және мәдени ескерткіштері тізім бойынша тексерілді. Республика қалалары мен облыстарының энциклопедиялары жарық көрді. 2000 жылдардағы «Мәдени мұра» жоба бағдарламасы жүзеге асты, мыңдаған ескерткіштер тіркеуге, мемлекеттік қорғауға алынды.

#### Сұрақтар:

1. Музейтану мен тарихи өлкетануды не байланыстырады?
2. Музейдің негізгі типтері мен профильдерін атаңыз.
3. Зат көздерінің жазба көздерінен айырмашылығы неде?
4. ХХІ ғасырдың басында Қазақстанда қанша музей қызмет етті?
5. Мұрағат құжаттарының ерекшелігі неде?
6. Революцияға дейінгі кезеңде Қазақстанның мұрағаттары қайда орналасқан еді?
7. Республиканың Бас мұрағат басқармасы қашан құрылды?
8. Қазақстан Республикасында мұрағат ісі қандай заңнамалармен реттеледі?
9. Патшалық Ресейдің Қазақстандағы көне ескерткіштерге қарым-қатынасы қандай болды?
10. Табиғат, өнер және көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Қазақ комитеті туралы Ережесі қашан қабылданды?
11. Қорғау зонасы дегеніміз не?

#### Қосымша материалдар және олар бойынша тапсырмалар

*Төмендегі материалды оқи отырып, мынадай сұрақтарға жауап беріңіздер:*

1. Қорғанның құрылысын археологтар не үшін зерттейді?
2. Археология ғылымы тарихи өлкетану бойынша қандай маңызды ақпарат береді?

3. Сіздің туған ауданыңызда, ауыл маңында археологиялық ескерткіштер, көне қорған үйінділері бар ма? Өңгімеленіз.

### Қорғанның құрылымы

Обаларды зерттеп, сактардың жерлеу дәстүрін білуге болады. Сактар бөрелерді бір-біріне тығыз орналастырып саркофаг табыт жасаған. Онда өлген адамдарды жатқызған. Оның астына төсеніш төсеген. Өлген адамның киімі алтынмен әшекейленген. Жанына қару-жарак, бұйымдар мен заттар қойылған. Обаны бірнеше қабат етіп үю арқылы тұрғызған. Бірінші қабаты – 2 метрге дейін ірі тастар, келесісі ұсақ тастар және топырақ болған. Оның қалыңдығы 13 метрге келген. Олардың үстіне қалыңдығы 2-3 метр болатын тас үйілген. Обаның айналасына тас дуал салынған. Тас дуалдың маңайына ірі тас бағандар (менгирлер) орнатылған. Обаның іргесінен сағанаға жер астымен келетін арнайы жол – дромос жасалған.

Сак дәуірі археологиялық ескерткіштері, негізінен алғанда, оба түрінде кездеседі. Жетісуды мекендеген сактардың обаларын көлемі жағынан үш түрге бөлуге болады. Біріншісі – үлкен обалар. Олардың шеңберлерінің диаметрі – 48 метрден 104 метрге дейін, биіктігі 7 метрден 20 метрге дейін болады, яғни алты қабат үйдің биіктігіндей келеді. Екінші түрі – орташа обалар. Олардың диаметрі 30 метрден 45 метрге дейін, ал биіктігі – 2-6 метр. Үшінші – кіші обалар. Сак обаларының бұл түріне диаметрі 6-18 метр, биіктігі 50 сантиметрден бір метрге дейінгі обалар жатады.

Обалардың көлемі мен биіктігінің әртүрлі болуының өзіндік мәні бар. Обалардың үлкен, орташа, кіші болуы – онда жерленген адамның бедел-данқына, әлеуметтік-қоғамдық орнына байланысты. Мұны былай түсіну керек. Даңқы шыққан тайпа көсемдерін, аса белгілі адамдарды көлемді, зәулім обаларда, ал қатардағы қарапайым адамдарды шағын обаларда жерлейтін болған.

Көсемдер мен жауынгерлерді жерлегенде олардың жанына садақ, жебе, айбалта, қару-жарак түрлерін қоса көмген. Қауым мүшелерінің еңбек құралдары қоса жерленген. Халық жиналысының, яғни тайпаның барлық ер адамдар жиналысының рөлі күшті болған, ол көсемдерге де ықпал еткен.

### Төмендегі материалды оқи отырып, мынадай сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Осы мәтіннен қандай ақпарат алдыңыз?
2. Жалпы этнографиялық дерек көздердің өлке тарихы мен жергілікті халық мәдениетін зерттеудегі рөлі мен маңызы қандай?

3. Сіз туып-өскен өлкеде қандай халықтық мейрамдар өткізіледі? Дәстүрлі әдет-ғұрыптар сақталған ба? Өңгімеленіз.

### Наурыз мейрамы

Наурыз – қазақтар үшін мерекелердің ішіндегі ең маңыздыларының бірі. Наурыз – парсы сөзі, қазақша мағынасы «Жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Наурыздың 22-сі күні қазақтар үшін жыл басы – Жаңа жыл, күн мен түн теңелетін уақыт. Сондықтан да Наурыз тойын – Ұлыстың ұлы күні деп атаған. Ұлыс деген сөз мемлекет, ел деген мағынаны білдіреді.

Наурыз – жер беті бусанып, қардың еріп, көктің шыға бастайтын кезі. Бұл уақытты «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер» шағы деп текке айтпаған. Мал төлдеп, қыстан қиналып шыққан халық, аққа аузы тиіп, бір жасап қалады. Наурыз күнін жұрт үстеріне бар жақсыларын киіп, үлкен қуанышпен қарсы алған. Бір-біріне өкпелі адамдар барлық ренішін ұмытып, артқа тастап, бір-бірімен құшақтасып, төс қағысып, көрісетін болған. Бір-біріне жақсы, игі тілектер айтып, ақ ниетпен бата беріскен. Тіпті, осы наурыз күні Орта Азия билеушілер өз зындандарындағы тұтқындарына да бостандық берген деседі. «Самарқанның көк тасы да жібиді» деген сөз содан қалса керек.

Наурыз күні жеті түрлі тағам қосылған «Наурыз көже» дайындалады. Әр үйдің дастарқаны бұл күні наурыз көжемен бірге ұлттық тағамдарға толады. Той күні ойын-сауық ұйымдастырылып, түрлі мерекелік шаралар өткен. КСРО кезінде елімізде наурыз мейрамын тойлау мүмкін болмады. Тек тәуелсіздік алғаннан соң ғана бұл мерекені тойлауға қол жеткіздік. Қазақ халқында Наурыз той сияқты ұлттық ойынсыз, сайыстарсыз өтпеген. Әр тойда бәйге, күрес, көкпар, қыз қуу, айтыс, жамбы ату сияқты ұлттық сайыстар өткізіліп тұрған.

## РЕФЕРАТ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Ауызша халық шығармашылығындағы өлкетану мәселелері.
2. Мемлекеттік мұрағаттар – тарихи өлкетану көзі.
3. Өлкетану библиографиясы – өлкенің дерек көзі.
4. Өнертану өлкетануы – оның маңызы мен мағынасы.
5. Мектептегі өлкетану жұмысы – оны ұйымдастыру және негізгі түрлері.
6. Мектептегі музей – өлкетану жұмысының нәтижесі.
7. Археологиялық материалдар – өлкетанудың деректері.
8. Тарихи өлкетануды зерттеудегі этнографиялық материалдар орны.
9. Архитектуралық ескерткіштер – өлкетанудың дереккөздері.
10. Тарихи өлкетанудың даму тарихы.
11. Өлкетану музейі және оның құрылымы.
12. Топонимика – өлке тарихын танып білудің көзі.
13. Ерте түрік жазба ескерткіштері.
14. Ежелгі түрік жазуларының тарихи өлкетануды зерттеудегі маңызы.
15. Жібек жолы бойындағы Қазақстанның ежелгі қалалары.
16. Қазақ баспасөзі (XIX ғасырдың 2-жартысы мен XX ғасырдың басы).
17. Алматы облыстық мемлекеттік мұрағаты.
18. Ш. Уәлиханов – шығыстанушы, этнограф, тарихшы және саяхатшы.
19. Революцияға дейінгі орыс ғалымдары мен саяхатшылардың Қазақстан өлкетануына қатысты еңбектері.
20. Бүгінгі таңдағы Қазақстанның шетел мемлекеттерімен байланысының кең етек жаюы және өлкетануға тигізетін әсері.
21. Петроглиф, көне жазулар, таңбалар және жазба деректердің тарихи өлкетанудағы рөлі.
22. Тарихи өлкетанудағы топономикалық деректердің маңызы.
23. Тарихи өлкетанудағы демографиялық деректердің маңызы.
24. Қазақстандағы өлкетанушылық жұмыстың басталуы және оның маңызды кезеңдері.

25. Қазақстандағы зерттеу қоғамы – Қазақстандағы өлкетану орталығының жұмысы.
26. Бірінші бүкілқазақстандық өлкетану съезінің жұмысы.
27. Өлкетануға қатысты облыстық, республикалық конференциялар, съездер.
28. А. Диваев және С. Бабаджановтың еңбектеріндегі Қазақстанның өлкетану мәселелері.
29. Қазақстан және оның аймақтарының тарихи өлкетануы ОГК қызметінің және бөлімдерінің зерттеулері.
30. Статистикалық комитеттің және оның бөлімдерінің Қазақстанның және оның аудандарының тарихи аудандастыруын зерттеудегі қызметі.
31. Қазақстан тарихи өлкетанулық мұражайларының құрылуы және қызметі.
32. Тарихи өлкетану этнографиялық материалдардың маңызы.
33. Республика өлкетанушылардың Орталық бюросының қызметі.
34. 1920-1930 ж. Қазақстандағы тарихи өлкетану.
35. 1950-1970 ж. Қазақстандағы тарихи өлкетану.
36. 1980 жылдардағы ҚазКСР ҒА Тарих, археология және этнология институтының өлкетануға байланысты зерттеулері.
37. 1990 жылдардағы Қазақстанның тарихи өлкетануының ерекшелігі.
38. 2000 жылдардағы Қазақстанның тарихи өлкетануының дамуы.
39. Мұражай өлкетануды зерттеудің бағыты ретінде.
40. Ескерткіштерді қорғау қоғамының өлкені зерттеудегі үлесі.

## ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАРДЫҢ ҚЫСҚАША СӨЗДІГІ (ГЛОССАРИЙ)

-А-

- Авункулокальдық** – ерлі-зайыптылардың, нағашыларының немесе олардың топтарының мекендеуі.
- Агроним** – жер телімінің атауы.
- Азаматтық неке** – мемлекеттік мекемеде, шіркеу немесе мешіттің қатысуынсыз бекітілен заңды неке.
- Апатридтер** (грекше *apatris* – отаны жоқ, отанынан айырылған) – әлемнің ешбір елінің азаматтығы жоқ адамдар. Оларды «аполидтер» (ағылшынша *apolis* – Отансыз) деп атайды.
- Айван** – бағаналарда жазық жамылғысы бар терраса.
- Акын** – поэзиялық шығармаларда (өлең, жыр-дастан, т.б.) ауызша айтып не жазып шығаратын өнер иесі, халықтың көркем өнер мәдениетінің басты тұлғаларының бірі.
- Алашық** – Орта Азия, Қазақстан, Кавказ халықтарының киізді күркесі.
- Антропонимдер** – негізін есімдер құрайтын атаулар.
- Аңыз** – фольклорлық проза жанры. Онда елдің, тайпаның, рудың шыққан тегі немесе тарихта болған әйгілі адамдар – хан, батыр, би, шешендер жайындағы, сондай-ақ нақтылы бір жер-су, сол жерде өткен оқиғалар баяндалады.
- Апеллятивтер** – географиялық қолайсыз атаулар.
- Арид аймағы** – егін шаруашылығына қолайсыз (шөлдер және жартылай шөлдер) жасанды суландырылған аз сулы географиялық аймақтардың жинақ атауы.
- Артефакт** – табиғи емес жасанды жолмен пайда болған кез келген зат.

130

- Археология** – нақты ескерткіштер бойынша адамзаттың өткен тарихын зерттейтін ғылым.
- Архетип** (грекше *arche* – бастау, *tipos* – бейне) – алғашқы үлгі, түпнұсқа.
- Астионим** – қалалардың өзіндік атауы немесе аты.
- Атақоныс** – ең алдымен, жетіталық рулық-қауымдық территория.
- Атырау** – өзен қоныстарынан өзеннің төменгі бөліктеріндегі жең және тармақтардың жарылуынан құралған ойпат.
- Ауыл** – көшпенді және жартылай көшпенді адамдардың дәстүрлі қонысы.
- Ауыл (деревня)** – тарихи түрге жататын ауылшаруашылығының елді мекені олар белгілі бір жерге иелік етіп және оны өңдеуі.
- Ауыл қауымы** – көшпенді және жартылай көшпенді мал өсірушілер қауымының көршілестікті білдіретін атауы.
- Аналық жағынан туыстың жүйесі** – ана, әйел жағында туыстыққа негізделген.
- Аңыз** – әлемнің, табиғи құбылыстардың пайда болуы, Құдайлардың, атакты батырлардың шығу тегі туралы ежелгі халықтардың ауыздан-ауызға беріліп келген аңыздары; бүкіл халықтарда табиғат құбылыстарын түсіндіру үшін ерте кезеңнің өзінде пайда болған.

-Ә-

- Әнұран (гимн)** – еліміздегі азаматтарды этномәдени біртұтастыққа үндейтін және әлеуметтік-саяси бірігуге жетелейтін, өз ұлтына деген тиесіліктен туындайтын туған еліңе деген отаншылдық сезімді оятып сазды дыбыстық рәміз.
- Әулет** (парсыша *ұрпақ*) – бір атадан тараған ұрпақтар. Дәстүрлі қазақ қоғамында қандас-туыстық айқындауда жеті ата ұстанымы негізге алынған.
- Әулие** (арабша *желеп-жебеу*) – құдіретке жан-тәнімен беріле табынған сәуегейлік, жаратушы күштің арғы тегіне ықтималдықпен тіршілік ететін дауалы сопылық, халық сеніміне ие болған қасиетті абыз.

-Б-

- Баспана** – адамның қажетіне қарай қоршаған табиғи ортаға бейімделе құрастырылатын немесе салынатын тұрғылықты жай. Оның киіз үй, жертөле, тас үй, саман үй, кірпіш үй сияқты, т.б. түрлері көп.

**Батырлық** – қоғамның тарихи дамуына, халық мүддесіне жауап беретін және адамнан ортақ мүддені іске асыруда белгілі бір өзін-өзі құрбан етуге дайын болуды талап ететін ерекше іс, мінез көрсету арқылы көрініс табатын моральдық сапаны білдіретін категория.

**Бейіт** – мәйіттің денесі сиятын оның рухына үлкен құрметпен қарайтын архитектуралық ғимарат немесе саркофақтар.

**Бекініс** – қаруды және әскери техниканы қолданудың тиімділігін арттыру, жау шабуылынан қорғану мақсаттарында жасалған қорғаныс. Көшпенді қоғамда құрылымы мен қолданысына қарай тұрақты және жорықтық, далалық жылжымалы бекініс түрлері болды.

**Бипатридтар** – екі елде азаматтығы бар адамдар.

**Билокальдылық** – ерлі-зайыптылардың әйелінің туыстары жағында да, күйеу туыстары жағында да кезекпен тұруы.

**Білік** – қазақ қоғамының дәстүрлі санасында «ел басқару», «өкім ету» сөздерімен бірге мәндес ұғым.

**Болыс** – әкімшілік-аймақтық бірліктің төменгі шені.

#### -В-

**Вирилокальдылық** – ерлі-зайыптылардың күйеу жағында тұруы.

#### -Г-

**Генезис** – пайда болу, қалыптасу. Дамып келе жатқан құбылыстың пайда болуы мен қалыптасуы.

**Генеология** – туыскандық қатынастарға негізделген, шыққан арғы тектен бастау алатын ұрпақтар сабақтастығын білдіретін ұғым.

**Географиялық орта** – адамзаттың тарихи даму кезеңіне және кәсіптік әрекетіне тікелей қатысатын жер табиғатының бөлігі.

**Гидроним** – мұхит, теңіз, өзен, көл, суат, канал, құдықтардың меншікті атаулары.

#### -Д-

**Дария** – су молдығын көрсететін атау. Орта Азия, Қазақстан өзендері қаатауларының құрамында кездеседі.

**Дәстүр** (латынша *traditio* – тапсыру, жүктеу) – әлеуметтік-мәдени тәжірибе қосындыларын ұстап қалу, орнықтыру және таңдамалы түрде сақтау ісінің әмбебап құралы.

**Демография** – белгілі бір аймақтағы халықтың даму заңдылықтары, құрлымы мен таралуы туралы ғылым.

**Демографиялық аудандастыру** – зерттеу нысанасы болып табылатын аумақты демографиялық сипаттары жөнінен ұқсас аудандарға бөлу.

**Демографиялық дағдарыс** – белгілі бір аймақта әлеуметтік, экономикалық, табиғат ықпалдары әсерінен халық ұдайы өсуінің тежелуі.

**Дендрохронологиялық әдіс** – ағаштың жылдық сақиналарының археологиялық қалдықтарын табиғи құбылыстардың мерзіміне қарап анықтау әдісі.

**Дербестік** – жеке тұлғаның, халықтың, ұлттың, т.б. әлеуметтік ортаның ешкімге тәуелсіз болмысы, бітімі, ұстанымы.

**Детопонимизация** – меншікті айналудың географиялық жалпы атауы.

**Дешт** – сусыз тасты сорлар, малтатас беттері.

**Диаспора** (грекше *diaspora* – шашырау, бытырау) – ұлттың ата жұрты болып табылатын елден тысқары өмір сүретін бір бөлігі. Диаспора термині алғаш рет еврейлердің Палестинадан тысқары жерлерде тұруына қатысты, яғни оларды б.з.б. VI ғасырдың басында Вавилон патшасы Навиходоносор II-нің, одан соң б.з. I-II ғасырында римдіктердің қудалауына байланысты қоныс аударғаннан кейін қолданыла бастаған.

**Дислокальдык** – жұбайлардың бөлек қоныстануы.

**Дисперсиялық** – географиялық объектілердің нақтылы аумақтағы бытыранқылығының дәрежесі.

**Дольмендер** – мегалитикалық ғимараттар: бір немесе бірнешеуі үлкен тас плиталармен жабылған, бірнешеуі көлденең қойылған тастар.

**Дримон** – орман, тоғайлар атауы.

**Дромон** – кез келген қатынас жолының атауы.

**Дін** (арабша *сенім, наным, илану*) – дүниетаным не дүниені қабылдау, сондай-ақ Алланың (Құдайдың, Жаратушының) барлығына сену негізіне сәйкес өзін-өзі ұстау, соған қатысты адамның «табиғи» ұғымынан, танымынан биіктігі «қасиетті» бастау, Жаратушыға тән құбылыс ретінде қабылданады.

**Діни ғимараттар** – Құдайға сиыну және түрлі діни дәстүрлер өткізу үшін арнайы салынған құрылыстар.

**Дувал (дуал)** – ауыл немесе үй-жайлардың айнала қоршауы.

**Дүние** – тұтас алғандағы бүкіл объективтік шындықта бардың бәрі. Дүниеге бірлік, біртұтастық тән.

**Дюны (құм)** – жел айналымымен түзілген шөлдердің рельефті пішіні.

## -Е-

- Егін шаруашылығы** – ауылшаруашылығының ең басты саласы: техникалық жем-шөптік, т.б.
- Ел** – көне түркі тілінде «халық» сөзінің синонимі ретінде қолданылған атау.
- Елтаңба** – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасында көгілдір түс аясында шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаңшылған, оны аңыздардағы пырақтар қанаты көмкеріп тұр.
- Ескерткіштер** – елдің, халықтың мәдени мұрасының жалпылама атауы. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы мұражайлық, көрмелік маңызы бар заттар мен жылжымайтын ескерткіштерді (құрылыстарды, ғимараттарды, т.б.) қамтиды. Ескерткіштер төрт түрге бөлінеді: археологиялық, тарихи, сәулет өнері және монументтік (мүсін) өнері.
- Ескі қала орны (городище)** – ежелгі ғасыр қалдықтары неолит кезеңінің темір дәуірі. Әдетте табиғи бөгет дөңгелек немесе тік төртбұрышты алаңда қоршалған (өзендері, жыралары) болады.

## -Ж-

- Жаппа** – төбесі жабық қарапайым баспана түрлерінің жалпылама атауы. Жаппаның күрке, итарка, ұранқай, шошала деп аталатын түрлері бар.
- Жерсіндіру (акклиматизация)** – жаңа климаттық ортаға адам ағзасының бейімделу үрдісі.

## -З-

- Займка** – жаңа игеріліп жатқан жерлердегі шағын, әдетте, бір аулалы жері бар мекен; уақытша орманда қоныстану.
- Землянка** – жерден қазылған тұрғын үй.

## -И-

- Изба** – 1. Шығыс Еуропа халықтарында қыздырылатын тұрғын үй. 2. Орыс халқының ағаш үйі.
- Изосызық** – географиялық картадағы сызық. Жергілікті нұсқаларда көрсететін әртүрлі құбылыстардың таралуының шекарасы.

- Иммиграция** (латынша *immigro* – көшіп келемін деген сөзі) – мемлекетке басқа елден түпкілікті немесе уақытша тұруға келу (Қазақстан заңнамасы бойынша алты айдан көп мерзімге).
- Иммигрант** (латынша *immigrants* – қоныстанушы), көшіп келуші – бір мемлекеттен басқа мемлекетке ұзақ уақытқа (Қазақстан заңдары бойынша алты айдан көп мерзімге) немесе тұрақты тұруға қоныстанушы азамат.
- Инкрустация** – ғимарат пен оның бөлшектерін әшекейлеу үшін мәрмәр, керамика, металл, ағаш, перламутр және т.б. ұсақ бөлшектерін ойып орналастыру.

## -К-

- Калька** – атау формасын өзгертіп, оның мазмұны мен этимологиясын сақтап қалатын, атаудың аударма көшірмесі.
- Канал** – ешқандай күштің ықпалынсыз жүретін су ағысымен байланысқан, екі немесе бірнеше су объектісін байланыстырушы дұрыс формадағы қолдан жасалынған арна.
- Карта** – жер бетінің және басқа да картографиялық проекция жазықтығындағы, шартты белгілер жүйесіндегі оған қатысты объектілердің кішірейтілген, жалпыланған көрінісі; оның масштабы, өлшемі, жоғары көрнекілігі.
- Картографиялау** – географиялық карталар жасаудың әдістері мен процестерінің жиынтығы.
- Керамика** – формаға келтіруге жарамды қыш массасының қалыпқа құйып шығарылған және бір немесе бірнеше күйдіру жолымен нығайтылған бұйым.
- Керуен сарай** – жол жүріп келген керуендер дамылдайтын, керуеннің мұқтажына және сауда-саттық қажеттіліктеріне байланысты кешенді қызмет көрсететін орын.
- Кесене** – әйгілі адамдардың немесе әулиелердің басына тұрғызылған бейіттер мен басқа да мемориалдық құрылыстардың атауы.
- Кибитка** – 1. Күймелі арба. 2. Киіз үй.
- Киіз үй** – көшіп-қонуға ыңғайлы болу үшін ағаштан құрастырылып, сырты киізбен жабылатын баспана, үй түрі.
- Кириллица** – славяндық кирилдік алфавит.
- Кишлак (қыстақ)** – Орта Азиядағы ауылды мекен орны, әуелі, жартылай көшпенді және көшпенді халықтың қыстауы.
- Кіші қала** – мемлекет заңына сәйкес халқының саны белгілі мөлшерден аз болып келетін қалалар категориясына жатқызылған тұрғылықты мекен орны.

- Клеть (койма, сарай)** – шеген, Шығыс Еуропа халықтарының үйлеріндегі жылытылмайтын шаруашылықтың бөлмесі немесе жеке тұрған шаруашылықтық құрылыс.
- Колхоз** – мемлекеттік жердегі ортақ өндіріс құралдары мен ұжымдық еңбекке негізделген шаруашылық түрін енгізуге арналған артель, кооперация.
- Космогония** – аспан денелері және олардың жүйесінің пайда болуы мен дамуын зерттейтін астрономияның саласы.
- Космоимия** – аспан объектілерінің атаулары.
- Көші-қон** – 1. Кең мағынада халықтың белгілі бір территория шекарасынан тыс жерге, қанша уақытқа және қандай мақсатпен екендігінен тәуелсіз, кез келген орын алмастыруы деп түсіндіріледі. 2. Тар мағынада тұрақты мекен ету орнын өзгертуге байланысты орын ауыстыру.
- Көші-қон (уақытша, маусымдық)** – үздіксіз мекен ету орнын ұзақ уақытқа және уақытша өзгертуге байланысты сапарлар.
- Көшпенділік (номадизм)** – отырықшылық шаруашылыққа тән емес, қозғалмалы мәдени-шаруашылықтық типке жататын шаруашылық және өмір сүру формасы. Тар мағынада көшпенділік ұғымы көшпенді және жартылай көшпенді мал шаруашылығымен айналысатындардың мәдени-шаруашылықтық типіне және тип тармағына жатады.
- Комоним** – село атауы.
- Кяриз** – жер астындағы суларды жоғары шығаруға арналған әрі жер суару және сумен жабдықтау үшін қолданылатын жер асты суландыру арнасы.

## -К-

- Қала** – мемлекеттік заңмен белгіленіп қала категориясына жатқызылатын елді мекен.
- Қалалық ауылдар** – нақтылы көп халықты көбінесе ауыл шаруашылығы емес функциялар орындайтын ерекше тұрғылықты орындар.
- Қырман (гумно)** – ұн тартуға арналған бөлме, тоқпен астық басуға жабылған алаң.
- Қала халқы** – қалада өмір сүретін тұрғын халықтар.
- Қара жолдар** – қатынас жолдары дөңгелекті көліктерге жарамды, қатты жолдық төсемелері болмайды.
- Қоныстық айналма түрі** – құрылыстар айнала орналасқан қоныс типі.
- Қоныстың сақиналы түрі** – құрылыстар шеңбер бойы орналасқан, құрылыс жоспарының типі.

- Қоныстардың сызықтық түрі** – құрылыстары бір сызықтың, әдетте, жол немесе өзен жағасын бойлай орналасқан құрылыс жоспарының типі.
- Қоныстың түйдекті түрі** – қоныста құрылыстар топтала орналасқан құрылыс жоспарының типі.
- Қорған** – 1. Орта ғасырларда соғыс кезінде жаудан қорғану мақсатында қаланы, қамалды, бекіністі айналдыра қоршап салынған қорғаныс жүйесі. 2. Бейіт (зират, қорым) айналасын мал аяғынан сақтау үшін әртүрлі пішінде көбінесе шикі кірпіштен тұрғызылған қоршау. 3. Әдетте, жартылай сфералық немесе конустық формада болып келетін, күзеттік немесе қабір үсті үйілген төбе. Топпен де жеке де кездеседі; биіктігі 30-60 см-ден 20 метрге дейін, ені 3-4 метрден 100 метрге дейін, кейде одан көп болады.
- Құрылым** – негізгі қаңқалы құрылым, үйдің бағаналы құрылымы, негізгі қаңқадан (көлденең бағаналар мен тігінен орналасқан рамалар) тұратын үй құрылымы, аралары кез келген жеңіл материалмен (тоқыма шарбақ, қыш, шикі кірпіш, сабан) толтырылған.
- Қыстау** – жыл мезгілінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір жер телімінде қыс бойы қонып отыруға қолайлы қоныс.

## -Л-

- Локализация** – бір нәрсені нақты бір жерге алып бару, құбылыс процестердің таралуын шектеу.
- Локомация** – орын ауыстыру, ауысу.

## -М-

- Мәдениет** – жеңілдетуші адаптивті (үйреншікті) механизм.
- Мәдени қабат** – адам іс-әрекетінің, ежелгі ғимараттардың, құрылыс және шаруашылық қоныстары, күлдері т.б. қалдықтарынан тұратын жердің (археологиялық) қабаты.
- Макролиттер** – ірі және дөрекі тас құралдары.
- Мал шаруашылығы** – ауыл шаруашылығының ең басты тармақтарының бірі. Мал шаруашылық өнімді өндірудегі ауыл шаруашылық өнімдердің өсірілуі.
- Материалдық мәдениет** – кеңістіктегі белгілі уақытша кезеңнің материалдық дүние объектілері (тұрғын үйлер, шаруашылық құрылыстары).

- ры, еңбек құралдары, азық-түлік пен ыдыс-аяқ, киім-кешек пен әшекей бұйымдар, транспорт (көлік) т.б.).
- Маятниктік миграция** – халықтың жұмыспен, оқумен немесе демалыспен байланысты өзінің тұрғылықты жерін өзгертпей, екі немесе одан да көп мекен орындарына үздіксіз ауысуы.
- Мегалиттер** – тас кесегінен салынған құрылыстар, мүмкін, діни мақсаттағы құрылыстар.
- Меганополис** – көршілес агломерациялар санының өсуі нәтижесінде құралған, едәуір жаңа мекен орнының формасы.
- Мезолит** – орта тас дәуірі.
- Микролиттер** – құрамдас қару-жарақтардың ұсақ тас сынасы.
- Менгирлер** – жеке тас бағаналары.
- Метафорлық атаулар** – рельеф, гидрография және басқа да географиялық атаулардың бөлшектерін (детальдарын) белгілеу үшін сипаттық, өзге тілдік, ауыспалы мағынада қолданылатын атаулар.
- Метрология** – түрлі тарихи кезеңдердегі ұзындық, салмақ, тығыздық және жазықтық өлшемдерін, олардың қазіргі таңдағы өлшем бірліктерімен байланысын зерттейді.
- Мигрант** – басқа жерге түпкілікті немесе уақытша қоныс аударған адам.
- Миграция** – бір жерден екінші бір жерге көшіп-қону.
- Микротопонимия** – жергілікті географиялық атаулар жиынтығы (тұрғылықты жерлер, қоныстар, батпақтар, шабындықтар, т.б.).
- Миниатюра** – тым шағын көлемдегі сурет.
- Мозаика** – біріккен көп түсті сурет пен өрнектерге кіргізілген ұсақ ағаш, шыны және тас кесектері.
- Монументтер** – маңызды тарихи оқиғалар мен белгілі тұлғалардың іс-әрекетіне құрмет көрсететін ескерткіштер.
- Мүйіс** – сүйірленіп теңізге, өзенге немесе көлге еніп тұрған құрлықтың бір бөлігі.
- Мұрағат** (архив) – тарихи маңызы бар құжаттар сақталатын мемлекеттік арнаулы мекеме.
- Мұрағаттану** – еңбекті ғылыми ұйымдастыру және мұрағат қызметінің экономикасының тәжірибесін тарихты және ұйымды, теорияны және құжаттарды есепке алудың сипаттамасын сақтауын қамтамасыз ететін, мұрағат жұмысын үйрететін кешенді пән.
- Мұражай** (музей) – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме.

**-Н-**

- Неолокальдылық** – күйеуінің немесе әйелінің туыстарынан жеке ерлі-зайыптылардың қонысы.
- Нумизматика** – тиын өндірісін, ақша-санау жүйесін және ақша айналымын зерттеу.

**-О-**

- Оба** – ежелгі дәуірлерден жеткен жоғары топ өкілдерін жерлеу ескерткіштері. Мұндай жерлеу құрылыстары тастан, топырақтан үйіп жасалған.
- Обелиск** – биік, үш қырлы, жоғарылаған сайын жіңішкелеген бағана. Обелисктерді әйгілі атақты тарихи оқиғаларға арналып ескерткіш ретінде тұрғызып, бетіне жазу жазылады.
- Оралман** – Қазақстан Республикасына шет елдерден қайтып оралған қандастарға берілген атау. Демография ғылымында өз Отанына қайтып оралған адам репатриант деп аталады.

**-Ө-**

- Өлкетану** – белгілі бір мемлекеттің, әкімшіліктік немесе табиғи аймақтың, тұрғылықты жердің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихы мен мәдениетін зерттеу.
- Өңір** – халықтық географияда көлемі жағынан аса ауқымды, ұзыннан-ұзақ созылып жатқан әртүрлі аймақты қамтитын жер.

**-Р-**

- Рабат** – ортағасырлық қала қамалының сыртындағы тіркес мекендердің атауы.
- Рабат** – Орталық Азия, Қазақстандағы ортағасырлық қалалардағы қоғамдық, кей жағдайда діни кешенді құрылымдардың атауы. Рабат – араб тілінде «бекініс», «шекара бекеті», «керуен сарайы» деген ұғымдарды білдіретін көп мағыналы сөз.
- Репатриация** (латынша *repatriatio* – Отанына оралу) – түрлі себептермен бөгде елдің аумағында тұрып жатқан адамдарды өз Отанына кері қайтару.

## -С-

**Сарайлар** – сәулет өнерінің әсем де салтанатты, бірін-бірі қайталамайтын көркем ғимараты. XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттік өкімет орындарының маңызды құрылыстарын, ал XIX ғасырдағы әртүрлі қоғамдық маңызы бар үйлерді де Сарай деп атады.

## -Т-

**Танба** – өзге заттың орнын толтырушы, әйгілеуші, белгілі бір хабарды сактай, қайта өңдеу және жеткізу үшін қолданылатын зат.

**Тұрғылықты қоныстар** (халық көп орналасқан қоныс) – адам саны мен анықталатын қоныс көлемі.

**Топонимикадағы ареал** – бірегей немесе түрлі топонимикалық факторлардың қайталанатын модельдердің, біртекті географиялық терминдердің және т.б. таралу аймағы.

**Тұрғылықты жер** – барлық табиғат компоненттері бар, сонымен қатар байланыс түрлері, тұрғылықты орындары, өнеркәсіптік, ауыл шаруашылықтың және әлеуметтік-мәдени объектілері бар жер беткейінің бір бөлігі.

**Тұрғын үй** – әртүрлі табиғи заттан тұратын арнайы баспана. Адамдардың табиғи апаттан қорғану үшін тұратын жері. Жыл мезгілдеріне қатысты баспаналарды (қысқы, жазғы); көшпенді (киіз үй, күрке, шатыр) тұрақты (үй) бөлуге болады.

**Тұрғын халық** – белгілі бір мемлекет, аймақ, ірі мекенжай, әкімшілік-тік аймақ территориясы аясында өз тіршілігін жасаушы адамдар тобы (жиынтығы).

**Тұрғылықты мекенжай** – географиялық атауы (топоним) бар, халықтың тұрақты немесе маусымдық мекен ету орны. Түрлі кеңістікті формасы (тығыз, бытыранқы, т.б.), шаруашылықтың жүйесі, тығыздығы (адамдардың көп орналасуы), әкімшіліктік статусы, т.б. болуы мүмкін.

## -Ү-

**Үй шаруашылығы** – адамның өзіне жұмысшы күштердің өндіріс шеңберінде болатын қоғамның оқшау ұяшығы.

## -Ұ-

**Ұлт** – территориялық, кейбір мәдени ерекшеліктер, психологиялық қиындылық пен этникалық таным ортақтығы негізінде қалыптасып, жүзеге асатын әлеуметтік-экономикалық біртұтастықты білдіретін, этностық тарихи типі.

**Ұлты** – ұлт сөзінен құралған, екі мағынада қолданылады: 1. Адамның белгілі этникалық қауымға жатуы (мысалы, халық санағы). 2. Әлеуметтік-этникалық қауымдардың түрлі формасының жиынтығын анықтау үшін қолданылады (ұлттар, халықтар, этникалық топтар).

## -Х-

**Халық** – тарих субъектісі; қоғамның әлеуметтік топтары мен кластарының жиынтығы, мемлекет, ел тұрғындары.

## -Ц-

**Цитадель** – ортағасырлық қала қамалының орталық бекінісің атауы.

## -Ш-

**Шахристан** – камал ішіндегі қаланың негізгі тұрғын аудандарының жалпылама атауы.

## -Э-

**Экологиялық көші-қон** – халық қоршаған ортасы лас аудандар мен экологиялық апат аймақтарынан басқа жақтарға қоныс аудару.

**Эмиграция** (латынша *emigrazo* – елден кету деген мағынаны білдіреді) – өз еліндегі тұрғылықты мекенін бөтен елдегі тұрғылықты жерге айырбастау.

**Этноэпоним** (грекше *ἔθνος* – ішкі, үй + *ἔθνος* – халық, тайпа + *ὄνομα* – атау) – халықтың өзін-өзі атайтын атауы.

**Эпос** (грекше *επος* – сөз, баяндау, әңгіме, өлең) – көркем әдебиеттің байырғы, негізгі тектерінің бірі, дәлірек айтқанда, өмір шындығын

мейлінше мол камтып, кең суреттейтін, адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты танытатын іргелі, күрделі жанр.

**Этникалық тарих** – этностардың ғасырлық және мыңжылдық даму тарихы.

**Этникалық топ** – тілі туыстас, мәдениеті жақын адамдардың қауымдастығы.

**Этноәдіснама** (этнометодология) – этнография мен әлеуметтік антропология әдістерін әлеуметтік ғылымдардың ортақ әдіснамасына айналдыратын теориялық және әдіснамалық бағыт. Ол келесі теориялық қағидаларға негізделген: 1) әлеуметтік өзара байланыстағы тілдік қатынастардың орнын асыра көрсету; 2) басқа адамдардың іс-әрекетін және сөйлесуін зерттеуге көп көңіл бөлу; 3) түсініктерге талдау жасауда екі мағынаны бөліп көрсету, түсіну және сөйлесу; 4) сөйлесудің құрылымдық ұйымдастырылуын күнделікті сөздің мағынасымен салыстыру.

**Этногенез** (грекше *ethnos* – тайпа, халық және *genozis* – шығу тегі) – этностың шығу тарихы.

**Этнология** (грекше *ethnos* – тайпа, халық + *logos* – сөз, ілім) – қоғамдық ғылымдардың тайпалар мен халықтарды зерттейтін саласы. Ол казіргі халықтарды және ертеде өмір сүрген көне этностық топтардың шығу тегін, ру-тайпалық құрамын, қонысын, олардың өзіндік ерекшеліктері мен бәріне бірдей ортақ жайларды, тарихи және мәдени қарым-қатынастарын, күнделікті тұрмысын, кәсібін, қоғамдық және отбасылық қарым-қатынастарын, рухани мәдениетін жан-жақты ғылыми негізде зерттейді.

**Этномәдениет** (грекше *ethnos* – тайпа, халық, араб. *медэни* – қала тұрғыны) – 1) белгілі бір этностың қол жеткізген табыстары мен шығармашылығының жиынтығы; 2) адамзат қауымының белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері (палеолит мәдениеті, крит-микен мәдениеті, т.б.); 3) адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі (сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқық мәдениеті, т.б.).

**Этноним** (грекше *ethnos* – халық, опута – есім, атау) – ру, тайпа, ел, халық, ұлт атаулары.

**Этнос** (грекше *ethnos* – тайпа, халық) – адамдардың еркі бойынша емес, табиғи-тарихи процесс нәтижесінде пайда болған әлеуметтік топтардың айрықша бір түрі. Ортақ белгілері мен тұрақты тілі, мәдени және психологиялық ерекшеліктері, орталық салт-дәстүрлері бар белгілі территорияда тарихи қалыптасқан топ.

## ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

### 1. «Мемлекеттің бас өлкетанушысы» деп тарихта аты қалған ғалым:

1. И.Д. Георги
2. В.И. Даль
3. Н.П. Рычков
4. Н.Г. Потанин
5. А.И. Левшин

### 2. Қазақ тарихшы-этнограф ғалымы, өлкетанушысы:

1. А. Құнанбаев
2. Ы. Алтынсарин
3. Ш. Уәлиханов
4. Ш. Құдайбердиев
5. С. Мұқанов

### 3. 1850 ж. Орыс географиялық қоғамының тапсырмасымен Қазақстанға келген белгілі этнограф-ғалым:

1. П.И. Небольсин
2. И.Д. Георги
3. В.И. Даль
4. Н.П. Рычков
5. Н.Г. Потанин

### 4. Көне кітаптар мен мерзімді басылымдардың өлкетануға беретін құнды мәліметтері:

1. Суреттер
2. Кинофильмдер
3. Өлке тарихы туралы нақты, қызықты мәліметтер

4. Жай әңгімелер
5. Деректер

**5. Археологиялық ескерткіш түрлері:**

1. Қорғандар
2. Кітап, молалар
3. Суреттер
4. Мұрағат құжаттары
5. Деректер

**6. Археологиялық барлау дегеніміз:**

1. Ежелгі объектілерді тауып, оны алдын ала зерттеу
2. Археологиялық ескерткіштердің түрлері
3. Материалдарды камералдық өңдеу
4. Тарихты оқыту
5. Ел арасынан материал жинау

**7. Тарих деген сөздің мағынасы:**

1. Оқиғаны қағазға түсіру
2. Оқиғалар туралы әңгіме
3. Жыл санау
4. Жай ғана әңгімелесу
5. Өткенді еске сақтау

**8. Дүниежүзілік өлкетану пәні нені оқытады?**

1. Қазақстан өлкесін танып білуді
2. Ресей өлкесін танып білуді
3. Дүниежүзілік өлкетануды
4. Өзі туған өлкені танып білуді
5. Белгілі бір өлкені танып білуді

**9. Қазақ өлкесін бірінші болып зерттеген ғалым:**

1. М.В. Ломоносов
2. С.У. Ремезов
3. В.Н. Татищев
4. П.И. Рычков
5. П.С. Паллас

**10. Қазақ халқының тұрмысы туралы жазылған «Бөкей мен Мәулен» повесінің авторы:**

1. А.И. Левшин
2. И.Д. Георги
3. В.И. Даль
4. Н.Г. Потанин
5. Н.П. Рычков

**11. Өлкетанудағы археологиялық деректердің атқаратын рөлін көрсетіңіз:**

1. Өлке тарихын заттай дерек бойынша зерттейді
2. Өлке тарихын жазба дерек бойынша зерттейді
3. Өлке тұрғындарының әдет-ғұрыптарын зерттейді
4. Өлке тұрғындарының тілін зерттейді
5. Өлке тұрғындарының материалдық мәдениетін зерттейді

**12. «Қырғыз-қазақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» еңбегін жазған кім?**

1. А.И. Левшин
2. П.С. Паллас
3. И.Д. Георги
4. Н.П. Рычков
5. В.И. Даль

**13. Орынбор мұражайын ашқан орыс ғалымы кім?**

1. А.И. Левшин
2. П.С. Паллас
3. И.Д. Георги
4. Н.П. Рычков
5. В.И. Даль

**14. Ш.Ш. Уәлиханов «қазақ халқының Геродоты» деп кімді атаған?**

1. А.И. Левшин
2. П.С. Паллас
3. И.Д. Георги
4. Н.П. Рычков
5. В.И. Даль

**15. Сыма Цянь деген кім?**

1. Астроном
2. Математик
3. Философ
4. Тарихшы
5. Археолог

**16. Ұлы Жібек жолының негізі қай ғасырда қаланды?**

1. Б.з.д. V ғ.
2. Б.з.д. II ғ.
3. Б.з.д. III ғ.
4. Б.з.д. VIII ғ.
5. Б.з.д. X ғ.

**17. Ежелгі адамдардың тұңғыш баспанасы:**

1. Күрке
2. Ағаштан істелген қоршау
3. Лашық
4. Тұруға қолайлы орман арасы
5. Үңгір

**18. Жетісу археологиялық ескерткіштері туралы маңызды деректер қалдырған алғашқы қазақ ғалымы кім?**

1. А. Құнанбаев
2. Ы. Алтынсарин
3. Ш. Уәлиханов
4. Ш. Құдайбердиев
5. С. Мұқанов

**19. Түркістандағы мұражайлар мен ежелгі ескерткіштерді қорғау істері жөніндегі Түркістан комитеті қашан құрылды?**

1. 1620 ж.
2. 1720 ж.
3. 1820 ж.
4. 1920 ж.
5. 1960 ж.

**20. «Қыпшақтар даласы» атанған аймақ:**

1. Жетісу
2. Қазақстанның оңтүстігі

3. Алтайдан Еділге дейін
4. Сібір
5. Орталық Қазақстан

**21. Жетісудағы орта ғасырлық қалалардың аттары:**

1. Суяб, Баласағұн
2. Отырар, Исфиджаб
3. Сарайшық
4. Сығанақ, Сауран
5. Сығанақ, Отырар

**22. Сайрам қаласы қай жерде орналасқан?**

1. Орталық Қазақстанда
2. Шығыс Қазақстанда
3. Батыс Қазақстанда
4. Солтүстік Қазақстанда
5. Оңтүстік Қазақстанда

**23. Қазақстан Республикасы ҒА Археология музейі қашан құрылды?**

1. 1883 ж.
2. 1976 ж.
3. 1973 ж.
4. 1983 ж.
5. 1902 ж.

**24. Ө. Марғұлан атындағы археология институты қашан құрылды?**

1. 1971 ж.
2. 1981 ж.
3. 1991 ж.
4. 1999 ж.
5. 2000 ж.

**25. Қожа Ахмет Иассауи кесенесінің орталық залы қалай аталады?**

1. Қойма
2. Сарай
3. Қазандық

4. Асар
  5. Зал
26. 1912 ж. Семейде ұйымдастырылған Қазақстандағы тұңғыш ұлттық баспахананың аты қалай?
1. Жәрдем баспаханасы
  2. Қазан «Ғақлия» баспаханасы
  3. Жейтун баспаханасы
  4. Жұма-жұма баспаханасы
  5. Баспаханасы
27. Белгілі тарихшы, шығыстанушы академик, Орта Азия мен Қазақстанда жүргізілген 100-ден астам далалық және тұрақты тарихи-археологиялық зерттеулер жүргізген ғалым:
1. Ә.Х. Марғұлан
  2. К.А. Акышев
  3. В.В. Радлов
  4. М.Е. Массон
  5. С.Е. Малов
28. Орыс түріктанушысы, Қазақстанның ғылымға еңбек сіңірген қайраткері, Орхон-Енисей жазуының көлемді нұсқаларын тауып, бастырып шығарған (1951-1952 ж.) көрнекті ғалым?
1. Н.Е. Руденский
  2. А.И. Вахрушев
  3. А.И. Зайкин
  4. С.Е. Малов
  5. Н.Т. Рычков
29. XVIII ғ. Қазақстанды зерттеуге ерекше үлес қосқан «Капитан Н.Рычков Қырғыз-қайсақ даласында 1771 ж. жазған күнделікті жазбалары» деген еңбектің авторы кім?
1. А.Ф. Рязановский
  2. И.И. Никитинский
  3. Н.Т. Рычков
  4. А.В. Оболенский
  5. А.И. Зайкин

30. Орыс императорлық географиялық қоғамы Салық Бабажановты өлке зерттеу ісіне қосқан үлесі үшін күміс медальмен қашан марапаттады?
1. 1860 ж.
  2. 1861 ж.
  3. 1862 ж.
  4. 1863 ж.
  5. 1888 ж.
31. Орыс географиялық қоғамының Түркістан бөлімі қай жылы ашылды?
1. 1895 ж.
  2. 1896 ж.
  3. 1897 ж.
  4. 1898 ж.
  5. 1899 ж.
32. «Жетісу тарихының очеркі» және «Түркістан мәдени өмірінің тарихы» кітаптары қай жылы жарық көрді?
1. 1925 ж.
  2. 1926 ж.
  3. 1927 ж.
  4. 1928 ж.
  5. 1929 ж.
33. Орынбор қаласы қай жылы құрылды?
1. 1735 ж.
  2. 1736 ж.
  3. 1742 ж.
  4. 1743 ж.
  5. 1748 ж.
34. Бабалжа қатын кесенесінің салынған мерзімі:
1. X-XI ғ.
  2. X-XII ғ.
  3. X-XIII ғ.
  4. XIII-XIV ғ.
  5. XIV-XV ғ.

35. Тас плиталардың, металдың, сүйектің, ағаштың, саз балшық бұйымдардың үстіндегі жазуларды зерттейтін ғылым саласы?

1. Логика
2. Этика
3. Эпиграфика
4. Эстетика
5. Этика

36. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы тұңғыш кітапхана қай қалада ашылды?

1. Ақмола
2. Қазалы
3. Шымкент
4. Семей
5. Ақтөбе

37. «Диуани лұғат ат-түрік» кітабының авторы?

1. Ж. Баласағұн
2. М. Қашқари
3. А. Иассауи
4. Қ. Жалайыр
5. Қорқыт

38. Білге қаған мен Күлтегін жазулары қандай жазумен жазылған?

1. Соғды
2. Ұйғыр
3. Руна
4. Араб
5. Қазак

39. X-XII ғасырларда Таразға жақын жерде салынған кесене:

1. Айша бибі
2. Иассауи
3. Сырлытам
4. Түгіскен
5. Алашахан

40. 1831 ж. Орынбор қаласындағы Неплюев кадет корпусы жанындағы ашылған мұражай нені насихаттады?

1. Орыс қару-жарағының тарихын
2. Осы өлкенің тарихы мен халқының шаруашылығын
3. Сақтардың тарихын
4. Өлкені отарлауы жөніндегі тарихын
5. Барлығын

41. Семей өлкесіне жіберілген Ф.И. Достоевский өлке тарихын зерттеуде неге көңіл аударды?

1. Халық күйлері мен өлеңдерін жазып алды
2. Археологиялық ескерткіштер туралы мәлімет жинады
3. Өлкенің табиғатын зерттеді
4. Суреттер жинады
5. Барлығы

42. Атақты қобызшы Қорқыт ата күмбезі орналасқан аймақ:

1. Қызылорда
2. Алматы
3. Тараз
4. Шымкент
5. Түркістан

43. Ш.Ш. Уәлиханов қай жылы Орыс географиялық қоғамының мүшесі болып сайланды?

1. 1848 ж.
2. 1853 ж.
3. 1855 ж.
4. 1857 ж.
5. 1866 ж.

44. Қазақстан Республикасы елтаңбасының авторларын атаңыз:

1. Ж. Мәлібеков, Ш. Уәлиханов
2. Қ. Әлімбаев, Ж. Мәлібеков
3. Ш. Ниязбеков, Х. Наурызбаев
4. Ш. Уәлиханов, Ш. Ниязбеков
5. Барлығы

45. **Ы. Алтынсарин қазақ тарихына қандай еңбегімен енді?**

1. Медициналық жаңалық ашты
2. Археологиялық зерттеулерімен
3. Эпостық жырлар жазды
4. Алғашқы қыздар мектебін ашты
5. Барлығы

46. **Қазақстанда Семей бекінісі қай жылы салынды?**

1. 1716 ж.
2. 1717 ж.
3. 1718 ж.
4. 1719 ж.
5. 1720 ж.

47. **«Үш жүз» аңыз бойынша қазақ халқы ру-тайпаларының өз танбаларын салған жері:**

1. Таңбалы Еділ
2. Таңбалы Есіл
3. Алтын Орда
4. Ноғай Ордасы
5. Таңбалы Нұра

48. **Қазақстанның астанасы Ақмола деп бекітілген Президент жарлығына қашан қол қойылды?**

1. 1995 ж. қыркүйек
2. 1996 ж. қыркүйек
3. 1997 ж. қыркүйек
4. 1998 ж. қыркүйек
5. 2000 ж. қыркүйек

49. **Орынбор қашан ҚазАКСР-нің астанасы болды?**

1. 1919-1924 ж.
2. 1920-1924 ж.
3. 1924-1929 ж.
4. 1923-1928 ж.
5. 1925-1930 ж.

50. **Қазақ Республикасының алғашқы астанасы қай қала?**

1. Ташкент
2. Қызылорда

3. Орда
4. Орынбор
5. Алматы

51. **Қай жылы Семей қаласында облыстық статистикалық комитет ашылды?**

1. 1876 ж.
2. 1878 ж.
3. 1880 ж.
4. 1881 ж.
5. 1888 ж.

52. **Сығанақ қаласының маңында орналасқан бір күмбезді кесене:**

1. Алаша хан кесенесі
2. Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі
3. Айша бибі кесенесі
4. Көк кесене
5. Арыстан баб кесенесі

53. **XV ғасырдың II жартысында салынып жартылай сақталған ескерткіш:**

1. Алаша хан кесенесі
2. Арыстан баб кесенесі
3. Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі
4. Аяқамыр күмбезі
5. Білеулі ғимараты

54. **Ұлытау ауданындағы Қаракеңгір өзенінің жағасында салынған кесене:**

1. Рабиға Сұлтан Бегімнің кесенесі
2. Алаша хан кесенесі
3. Арыстан баб кесенесі
4. Қожа Ахмет Иассауи кесенесі
5. Көк кесене

55. **XIV-XV ғасырларда сәулет өнерінде қалыптасқан жаңа үлгілер:**

1. Бөлмелерді тізбектеп салу
2. Ғимаратты күмбез шатырмен жабу

3. Су құбырларын қабырға ішімен жүргізу
  4. Ғимараттарды безендіру
  5. Қолданбалы өнерді пайдалану
- 56. М. Қашғари қалдырған үш кітаптан тұратын мәңгі өшпес мұра:**
1. «Түрік тілдерінің сөздігі»
  2. «Құт негізі – білік»
  3. «Ақиқат сыйы»
  4. «Даналық кітабы»
  5. «Оғызнама»
- 57. Қожа Ахмет Иассауи кесенесін кім салдырды?**
1. Шыңғыс хан
  2. Өзбек хан
  3. Ақсақ Темір
  4. Жошы
  5. Әйтеке би
- 58. Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалалары:**
1. Тараз, Баба ата
  2. Отырар, Сауран, Түркістан
  3. Жақсылық, Талғар
  4. Ақмола
  5. Баба ата
- 59. Шу өзені бойындағы ортағасырлық қалалар мен қоныстар:**
1. Аспара, Мерке, Құлан
  2. Тараз, Баба ата
  3. Отырар, Сауран
  4. Түркістан
  5. Жақсылық
- 60. Қазақстанның кейінгі ортағасырлық қалалары:**
1. Сауран, Сығанақ, Созақ
  2. Охнум, Мерке
  3. Көкмардан, Алтынтөбе
  4. Отырар, Құйрықтөбе
  5. Көкмардан

- 61. Қазақстандағы қола дәуірін зерттеген ғалымдар:**
1. Ә.Х. Марғұлан, А.М. Оразбаев, М.К. Қадырбаев
  2. К.М. Байпақов, Т.Н. Сенигова
  3. М.С. Мерциев, С.П. Толстов
  4. Ә.Х. Марғұлан, С.П. Толстов
  5. Барлығы
- 62. Қазақстанның тас дәуірін зерттеген ғалымдар:**
1. Х.А. Алпысбаев, А.Г. Медоев, Ж.К. Таймағамбетов
  2. К.А. Акишев, М.К. Қадырбаев
  3. М.С. Мерциев, С.П. Толстов
  4. Ә.Х. Марғұлан, А.М. Оразбаев
  5. Барлығы
- 63. Алтын Орданың астанасы:**
1. Сарайшық
  2. Сығанақ
  3. Сарай Бату
  4. Сауран
  5. Түркістан
- 64. «Пелагоним» атауы нені білдіреді?**
1. Өзен
  2. Көл
  3. Теңіз
  4. Батпақ
  5. Барлығы
- 65. «Лимноним» атауы нені білдіреді?**
1. Өзен
  2. Көл
  3. Теңіз
  4. Батпақ
  5. Барлығы
- 66. «Патомоним» атауы нені білдіреді?**
1. Өзен
  2. Көл
  3. Теңіз

4. Батпак
  5. Барлығы
67. «Этноним» атауы нені білдіреді?
1. Өзен
  2. Көл
  3. Теңіз
  4. Батпак
  5. Халық пен тайпа
68. Географиялық атаудың бөлімдері:
1. Гидрографиялық
  2. Орографиялық
  3. Микротопонимикалық
  4. Астионимикалық
  5. Барлығы
69. Тау, шың, ормандардың атауы қайсысына жатады?
1. Гидрографиялық
  2. Орографиялық
  3. Микротопонимикалық
  4. Астионимикалық
  5. Барлығы
70. XVIII ғасырдың II жартысы қазақ-орыс саудасының белгілі орталықтары:
1. Семей, Өскемен, Бұқтырма
  2. Петропавл, Орынбор, Құлжа
  3. Семей, Петропавл, Ақсу
  4. Ташкент, Бұхар, Самарқан
  5. Орынбор, Жәміш, Тобыл
71. Петропавл қаласының негізі қашан қаланды?
1. 1712 ж.
  2. 1722 ж.
  3. 1732 ж.
  4. 1742 ж.
  5. 1752 ж.

72. Тарихи өлкетану ғылымында атауларды қалай атайды?
1. Ономастика
  2. Топономика
  3. Гидрогеография
  4. Орография
  5. Микротопонимия
73. Тарих ғылымының бір саласы – этнография нені зерттейді?
1. Этногенез және халықтардың этникалық тарихы
  2. Мәдениеті мен тұрмысы
  3. Отбасы және неке
  4. Қолөнер
  5. Барлығы
74. Этнографиялық зерттеуде тарихи өлкетану қандай негізгі тәсіл қолданады?
1. Өткенді білу
  2. Болашақты білу
  3. Қазіргі білу
  4. Бүгінгіні өткенмен салыстырмалы қарастыру
  5. Барлығы
75. Тарихи-этнографиялық материал жинау барысында негізгі әдістер:
1. Жеке танысу, жазып алу
  2. Отбасыларымен әңгімелесу
  3. Отбасылардың күнделікті тұрмысын бақылау
  4. Анкеталық сұрау
  5. Барлығы
76. Діни ошақ:
1. Рабат
  2. Мешіт
  3. Шахристан
  4. Қамал
  5. Барлығы
